

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Олжаев Ибрагимжан Ирисбекович
Созакбаева Алмаз Сейдахановна
Молдабекова Меруерт Ергеновна

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША
ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

(Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, тарату және енгізу)
Жалпы орта мектептің директор орынбасарларына арналған

Шымкент, 2022

УДК: 373
ББК: 74.262.21
О:90

Авторлары:

Түркістан облысы, Сайрам ауданы, №37 жалпы орта мектебі бейіндік оқу ісі жөніндегі директор орынбасары Олжаев Ибрагимжан Ирисбекович;

Түркістан облысы, Сайрам ауданы, №67 «Көмешбұлақ» жалпы орта мектебі директорының бейіндік оқыту ісі жөніндегі орынбасары және ағылшын тілі пәні мұғалімі Созакбаева Алмаз Сейдахановна;

Түркістан облысы, Сайрам ауданы, №52 Мұстафа Өзтүрік мектебі директорының бейіндік оқыту ісі жөніндегі орынбасары және бастауыш сынып мұғалімі Молдабекова Меруерт Ергеновна.

ISBN 978 -601- 7982-36-3

«МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ» тақырыбындағы авторлық бағдарлама. *(Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, тарату және енгізу)*. Жалпы орта мектептің директорлары мен орынбасарларына арналған. Шымкент, «Жебе» баспасы. 2022 жыл. 180-бет.

Бұл авторлық бағдарламада мұғалімдердің цифрлық технологияны қолдану бойынша құзіреттіліктерін арттыру әдістемесі жайлы құнды еңбектер жазылған.

Пікір білдірушілер:

Қазақстан Педагогикалық Академиясының профессоры Бүркіт Ә.Қ.

М.Әуезов атындағы ОҚУ доценті, т.ғ.к., ҚПА мүшесі Наурызбаев Қ.К.

© Олжаев Ибрагимжан Ирисбекович
Созакбаева Алмаз Сейдахановна
Молдабекова Меруерт Ергеновна

«Жебе» баспасы, 2022 жыл

Кіріспе

«Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына енудің негізгі міндеті жоғары мамандандырылған білікті де білімді азамат, ғылыми технологияны оңай меңгеріп, нарықтық экономикада өзін-өзі басқара алатын және алған білімін өмірде қолдана білетін болса, тек сол уақытта жүзеге асыру мүмкін» деген болатын. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында құзырлы орта білім берудің мақсаты ретінде: «... терең білім мен кәсіби дағдылар негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру», деп көрсетілді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту», — деп атап көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді. Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Құзыреттілік— бұл білімді, іскерлікті қолдану қабілеті, оқу міндеттерін шешуде практикалық тәжірибе негізінде табысты жұмыс жасау. Құзыреттілік адамның білімі мен практикасындағы іс-әрекеттер арасында болатын қатынас ортасы болып қалады» деп жазады орыс ғалымы М.В. Рыжаков өз еңбегінде. Кейбір сөздіктерде құзыреттілік құзырлылық делініп былай анықтама берілген. «Құзырлылық – адамның стандарттан тыс жағдайда нәтижелі әрекет ету қабілеті. Құзыреттілік = Білім – Тәжірибе – Іскерлік.

Поляк ғалымы Иоанна Подгурскаяның пікірінше «Білім мен құзыреттілік туралы пікірталасқа тоқталсақ, іскерлікті қалыптастыру бұл да тәрбие, Эрудицияны құзыреттілікке қарсы қоюға болмайды. Оларды үйлесімді түрде қолдану керек. ХХІ ғасырда мектеп бағдарламасына енгізу керек білімдер көбеюде, бірақ бұл жолмен жүрсе, мектеп ақпараттарға тойған, бірақ өмірде қорғансыз адамдарды шығарады. Ал мектеп тек қана өмірге дайындауға бет алса, онда құзыретті, бірақ бірақ болмыс туралы терең рефлексия жасай алмайтын адамдарды дайындап шығарады. Құзыреттілікке үйрету сабақтың құрамына еніп, сабақтан тыс оқу жұмыстарында жалғасу керек».

Ұғымды нақтыландырамыз:

Құзыреттілік тұрғы білім нәтижесіне назар аударып, нәтиже ретінде адамның меңгерген ақпараттарының жиынтығын емес, түрлі жағдаяттарда іс- қимылдар жасау қабілетін басшылыққа алады. Белгілі бір салада табысты әрекет жасау үшін білім, іскерлік, және жеке тұлғалық сапаларын қолдану қабілеті.

Білім нәтижелері

Студенттің білімдік процесті аяқтаған соң (лекциялар, пән, модуль) нені білетіндігі, түсінетіндігін анықтау. (Қызметі: оқытуды студенттің көқарасы тұрғысынан қарап, оның жинақтайтын оқу тәжірибесінің сапасын көтеру).

Ақпараттық құзіреттілік

* ақпараттық ізденісті жоспарлау:

* ақпараттың белгілісі мен белгісізін бөліп анықтамаларды, энциклопедияларды қолдануы; мазмұн бойынша кітаптарға және сілтемелер бойынша сайтқа бағдар жасауы;

* ақпаратты адамға сұрақ қоя отырып алуы

* ақпаратты көркем образды мазмұнды қайнаркөздерден бөліп алуы;

ақпараттарды жүйелеуі ;

* қарапайым ақпараттарды графикалық түрінен мәтінге немесе керісінше ауыстыруы;

* ақпараттың жеткіліксіздігінің немесе түсініксіздігін көрсетуі;

* ұсынылған қайнаркөздегі ақпараттан дәйектер мен қорытынды табуы;

* ақпаратты өңдеу кезінде логикалық операцияларды орындау;

* дәйектемені бағалауы.

Проблемалар мен өзіндік менеджментін шешу құзыреттілігі ол - оқушылардың:

* - әр түрлі жағдайларда проблемаларды анықтау, жауапты шешім қабылдау, шешімнің салдарын бағалау;

* - өзінің іс-әрекетінің мақсатын қою, оны жүзеге асыру үшін қажетті жағдайларды анықтау, оған қол жеткізу процесін ұйымдастыру (яғни міндетке сәйкес технологияларды әзірлейді);

* - рефлексия мен өзін-өзі бағалауды, өз қызметін және оның нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

* - өз үшін жағдайларға сәйкес іс-әрекет пен мінез-құлық нормаларын таңдау;

* - қойылған міндеттерге сәйкес технологияларды таңдау, технологияларды айқын қолдану даярлығы.

Жалпы орта мектептегі заманауи білім беру жүйесі

Жалпы орта мектепті білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Бастауыш білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады.

Қазіргі Білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Жалпы орта мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толыққан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі- рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.

Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту,

ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби - тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат екендігін атай келе, 12 жылдық білім беруде педагог төмендегідей құзыреттіліктерді игеруі міндетті деп көрсетілген.

Арнайы құзыреттілік- өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілеті.

Әлеуметтік құзыреттілік- кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті.

Білім беру құзыреттілігі - педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін -өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Оқушытер оқытушы қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы:ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы - бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім - қазіргі оқушытердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың , интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетелгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Жалпы орта мектепте білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек « кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін « үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2020-2050 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай- ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім

беру жүйесіндегі реформалар мен сыңдарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Жалпы алғанда «құзырлылық» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.

Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі- рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық , зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы,коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.

Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша

айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Жалпы орта мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда - Жалпы орта мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту қажет. Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіруі процесінде де маңызды болып табылады. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Жалпы орта мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2030 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Осы Жалпы орта мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2020 - 2050 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (бұдан әрі - Ұлттық жоспар) мектеп оқушыларының функциялық сауаттылығын дамыту процесін мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды. Ұлттық жоспар Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту іс-қимылдарының мақсаттылығын, біртұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге арналған.

1. Ұлттық жоспардың мақсаты мен міндеттері

Ұлттық жоспардың мақсаты - Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау.

Ұлттық жоспардың міндеттері:

1. Жалпы орта мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудың отандық және халықаралық практикасын зерделеу.
2. Жалпы орта мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықтау.
3. Жалпы орта білім мазмұнын жаңғыртуды қамтамасыз ету: стандарттар, оқу

жоспарлары мен бағдарламалар.

4. Бастауыш білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу.

5. Жалпы орта мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту.

6. Жалпы орта мектептің және қосымша білім беру жүйесі ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту.

2. Жалпы орта мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша ағымдағы жағдайды талдау

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 1960-шы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға.

Функционалдық сауаттылық тұжырымдамасына негізделген анағұрлым танымал халықаралық бағалау зерттемелерінің бірі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) қолдауымен өткізілетін 15 жастағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы (Programme for International Student Assessment – PISA) болып табылады. PISA 15 жастағы жасөспірімдердің мектепте алған білімдерін, іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалана алу қабілеттерін бағалайды.

PISA зерттеулері қазіргі уақытта әлемде мектептік білім берудің тиімділігін салыстырмалы бағалаудың әмбебап құралы ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында алынған деректер тұтастай оқытудың мазмұны мен әдістері ретінде, сондай-ақ контексті факторлардың (басқару моделі, оқыту тілі, отбасының және т.б. әлеуметтік мәртебесі) мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту деңгейіне әсері ретінде білім беру жүйесін дамыту стратегиясын анықтауға негіз болады.

PISA шеңберіндегі тестілеу барысында функционалдық сауаттылықтың үш саласы бағаланады: оқудағы сауаттылық, математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылық. Зерттеу айналым бойынша (үш жылда бір рет) жүргізіледі. Әрбір айналымда функциялық сауаттылықтың қандай да бір түріне ерекше назар аударылады. PISA бағдарламасының фокусында 2009 жылы оқу сауаттылығы болды.

2009 жылы Қазақстан PISA зерттеуіне бірінші рет қатысты.

Нәтижелер мыналарды дәлелдейді:

1) қандай да бір күрделі оқу мәтіндерін дәл пайдаланып, олардың көмегімен күнделікті жағдайларда бағдар алуға әзір қазақстандық оқушылардың үлесі - оқу сауаттылығын зерттеуге қатысушылар санының 5%-ын құрайды (ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіш – 28,6%);

2) нақты бір жағдай үшін нақты модельдермен тиімді жұмыс жасауға, әртүрлі тапсырмаларды дамыту мен кіріктіруге әзір қазақстандық оқушылардың үлесі – математикалық сауаттылықты зерттеуге қатысушылар санының 4,2%-ын құрайды (ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіш – 16% қатысушы);

3) жаратылыстану ғылымдарының рөлі туралы қорытынды жасауды талап ететін тиімді жұмыс жасауға, әртүрлі жаратылыстану пәндерінен түсініктемелерді таңдауға және біріктіруге, осы түсініктерді өмірлік жағдаяттарға тікелей қолдануға дайын қазақстандық оқушылардың үлесі - жаратылыстану ғылыми сауаттылығын зерттеуге қатысушылар санының 3,6%-ын құрайды (ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіш – 20,5%).

Бұл ретте TIMSS зерттеулерінде қазақстандық оқушылар жоғары нәтижелер көрсетуде.

Осылайша, Қазақстанның PISA мен TIMSS-қа қатысу нәтижесі республикадағы жалпы білім беретін мектептер педагогтерінің мықты пәндік білім беретіндігін, бірақ оны нақты өмірдегі жағдайларда пайдалануға үйретпейтіндігін көрсетеді.

3. Жалпы орта мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту тетіктері

PISA зерттеулері бойынша көш басында тұрған елдердің (Австралия, Финляндия, Жапония, Жаңа Зеландия, Италия, Оңтүстік Корея және т.б.) нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың функциялық сауаттылығын дамытуға мынадай факторлар әсер етеді:

- 1) Жалпы орта білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары);
 - 2) Жалпы орта мектепте оқыту нысандары мен әдістері;
 - 3) Жалпы орта білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;
 - 4) Жалпы орта мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;
 - 5) Жалпы орта мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі);
 - 6) Барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;
 - 7) Ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі.
- Төменде ұсынылған қазақстандық оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту тетіктері жоғарыда аталған факторлар есебінен анықталды.

Жалпы орта білім стандарттарын, оқу бағдарламалары мен жоспарларын жаңарту

Жалпы орта мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту қазіргі 11 жылдық сияқты 12 жылдық мектептің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖБС) жаңарту шеңберінде білім берудің басым

мақсаттарының бірі ретінде айқындалады.

Бұл ретте функционалдық сауаттылықты дамыту нәтижесі білім алушылардың жастарға алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі болып табылады. Негізгі құзыреттілік - бұл мемлекеттің орта мектепті бітіруші тұлғаның сапасына МЖБС-да және оқу бағдарламаларында көрсетілген білім беру нәтижелері түрінде қоятын талаптары.

Орта мектепті бітірушінің мынадай негізгі құзыреттіліктері белгіленген:

Басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті);

Ақпараттық (өзіндік танымдық қызметке қабілеті немесе өмір бойы білім ала білуі);

Коммуникативтік (қазақ, орыс және ағылшын (шет) тілдерінде ауызша, жазбаша және нәтижелі қарым-қатынас жасауға қабілеті);

Әлеуметтік (әлеуметтік өзара іс-қимыл жасауға қабілеті);

Тұлғалық (өзіндік іске асыру, өзін-өзі жетілдіру, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау, төзімді болу қабілеті);

Азаматтық (қазақстандық сана-сезім мен мәдени ұқсастық негізінде өзінің отаны үшін жауапкершілікті сезіну қабілеті);

Технологиялық (тиімді пайдалану деңгейінде технологияларды, оның ішінде ғылыми, сандық технологияларды пайдалану қабілеті).

Негізгі құзыреттіліктен басқа жекелеген пәндік салалар шеңберінде пәндік құзыреттілік: оқу пәні шеңберінде меңгерілген ерекше білім, іскерлік, дағды ерекшеленеді.

Негізгі және пәндік құзыреттіліктің білім берудің нәтижесі ретінде нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы және уақыты анықталған болуы қажет.

Оқу бағдарламалары, сондай-ақ, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуға және негізгі, пәндік құзыреттіліктерге қол жеткізуге бағдарланады.

PISA зерттеуінде табысты елдердің (Оңтүстік Корея, Жапония, Қытай, Гонконг және т.б.) тәжірибелерін ескере отырып, жоспардың инварианттық (міндетті) және вариативтік (мектептің таңдауы бойынша) бөліктері арасындағы тиімді пропорцияны анықтау есебінен оқу жоспарын реттеудегі мектептер дербестігінің сәйкес деңгейі қамтамасыз етілетін болады. Оқу жоспарлары оқу әдебиетін, математиканы оқыту және жаратылыстану-ғылыми, ақпараттық, тілдік сауаттылықты қалыптастыру үшін оқу сағаттарының қажетті санын бөлуді қарастырады.

Оқыту нысандарын, әдістері мен технологияларын жаңарту

Оқыту нысаны мен әдістерін жаңарту елдегі жалпы білім беретін мектептерге Назарбаев Зияткерлік мектептерінің (НЗМ) тәжірибесін тарату және баланың оқуға қызығушылығын тудыратын қазіргі заманғы білім беру технологияларын пайдалану есебінен қамтамасыз етіледі.

Білім беру нәтижелеріне табысты қол жеткізуді, алған білімін оқу және

практикалық қызметте пайдалана алуын қамтамасыз ететін логикалық, конструктивті және сыни тұрғыда ойлау негіздерін қалыптастыру үшін оқытудың тиімді нысандары мен әдістері енгізілетін болады. Жалпы орта мектеп мұғалімінің кәсіби-жеке тұлғалық құзыреттілігін диагностикалау жүйесі әзірленетін болады. Мұғалімдердің оқытудың инновациялық әдістерін, қазіргі заманғы білім беру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайлануы қолдау табатын болады. Мұғалімдер мен оқушыларға қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып ең үздік оқытушылардың сабақтарына қатысу қолжетімділігі ұсынылатын болады.

Интерактивті, инновациялық, жобалық-зерттеу технологияларын, сандық инфрақұрылымдарды пайдалана отырып, сынып ұжымын жаппай оқыту нысанынан әрбір білім алушының жеке білім беру аймағын іске асыруға ауысу қамтамасыз етілетін болады.

Бұл ретте оқушыларға басы артық абстрактілі-теориялық білім мен тапсырмалар беру жойылады. Ол оқу процесін неғұрлым икемді етіп, практикалық бағыттауға мүмкіндік береді.

Оқыту нысандары мен әдістерін түбегейлі жаңарту мұғалім мен оқушы арасындағы әріптестік және достық қарым-қатынастың орнауына ықпал ететін болады.

Жалпы орта мектеп оқушыларын оқыту нәтижелерін бағалау жүйесін дамыту

Жалпы орта мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту процесі оқу қызметінің барлық түрлерінің нәтижелілігін оқу материалын меңгерудің процесуалды жағын және жеке тұлғалық қасиеттердің пайда болуын есепке алатын бағалаудың жаңа жүйесін енгізуді айқындайды.

Сырттай бағалау әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің мәлімделген нәтижелерге (ҰБТ, ОЖСБ және т.б.) сәйкестігіне, сондай-ақ халықаралық зерттеулерге (TIMSS, PISA және PIRLS) қатысуы арқылы жүзеге асырылатын болады.

Іштей бағалау нақты тұлғалық жетістіктерді белгілеу үшін оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау арқылы және МЖБС өлшемдеріне сәйкестігі (аралық және қорытынды бағалау) арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың өзін-өзі бағалауы өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі жетілдіру үшін жеке жетістіктерін (білім алушының өзін-өзі бағалауы және жетістіктерін есепке алуы үшін портфолио) бағалау арқылы жүзеге асырылады.

Критериялық бағалау жүйесі енгізілетін болады: білім алушының оқу жетістіктерінің МЖБС-да белгіленген мәлімделген нәтижелерге (өлшемдерге) сәйкестігін бағалау. Бағалауға МЖБС-да және оқу бағдарламаларында мәлімделген барлық білім беру нәтижелері, сондай-ақ негізгі және пәндік құзыреттіліктер жатады.

Мониторинг нәтижелері білім алушының функционалдық сауаттылығының даму динамикасын, мектеп оқушыларының, мұғалімдер мен мектептердің

жетістіктерін бағалауды, сондай-ақ стандарттарды, оқу бағдарламалары мен оқулықтарды жаңарту іс-шараларының тиімділігін қамтамасыз етеді.

Ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбилеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету

Отбасы балаға жастайынан адами құндылықтарын танытып, саналы және өнімді өмір сүруге бағдар беруге міндетті. PISA-2009 зерттеуі функционалдық сауаттылық деңгейіне ата-аналардың балаларды оқыту мен дамыту процесіне қатысуы оң әсер ететіндігін көрсетті.

Сондықтан да ата-аналардың баланы жақсы тануына, оны түрлі жағдайда көре алуына, үлкендерге баланың жеке ерекшелігін танытуға, олардың қабілеттерін дамытуға, өмірлік құнды бағдарын қалыптастыруға, жағымсыз мінез-құлықтарынан арылтуға көмек беруге мүмкіндік беретін функционалдық сауаттылығын арттыру әдіснамасы әзірленеді.

Ата-аналарды мектеп өміріне белсенді тартуға бағытталған іс-шаралар жүйесі әзірленеді: қамқоршылық кеңесін, ата-аналар қауымдастығын, ата-аналар университетін құру. Аталған қоғамдық институт әрбір білім алушының отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнатуға, отбасы мен мектеп мүдделерін өзара қолдап, ортақ жағдай жасауға әсер етеді. Бұл ретте мектеп есептілігінің және оқушылардың оқу жетістіктері мен мектеп қызметі туралы қауымдастыққа толық және ашық ақпарат ұсынудың барабар деңгейі қамтамасыз етіледі.

Қосымша білім беруді дамыту

Білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал ететін факторларға PISA көшбасшы елдері оқушыларды қосымша біліммен және мектептен тыс сабақтармен қамтуды жатқызады.

Қосымша білім беру мазмұны жаңаратын болады, балалардың интерактивті парктерін, технопарктерін, балалардың ғылыми мұражайларын құру арқылы оқытудың жаңа технологиялары және интерактивтік, инновациялық, ұйымдастыру нысандары енгізіледі. Сапалы бейінді оқытуды ұйымдастыру үшін жас техниктердің, натуралистердің, туристердің жұмыс істеп тұрған станциялары қазіргі заманғы интерактивтік техникамен, жабдықтармен және технологиялармен жарақтандырылатын болады.

Жалпы орта мектептегі және мектептен тыс ұйымдардағы әртүрлі бағыттағы үйірмелер, секциялар желісін кеңейту есебінен балаларды қосымша білім берумен қамту ұлғайтылады. Басты назар ғылыми-зерттеу жобаларына, техникалық шығармашылыққа, өнертапқыштыққа, модельдеуге, нанотехнологияларға, робот техникасына, легожобалауға және т.б. аударылады.

Тұлғаның бейімділігін, қажеттілігін қанағаттандыруды, қызығушылығын, қабілетінің дамуын ескере отырып, білім беру ресурстарына (функционалдық сауаттылығына) қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін қосымша білім беру ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің қызметін біріктіру қамтамасыз етіледі. Жалпы біріктіру тұлғаның кәсіптік тұрғыда өзін-өзі анықтауына және оқушыда шығармашылық және инновациялық қызметке деген қажеттілікті қалыптастыруға

ықпал ететін болады.

Қосымша білім беру ұйымының әлеуметтік қорғалмаған отбасылардан шыққан оқушылар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды тартуы арқылы әлеуметтік маңызы артатын болады.

Осылайша, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі білім беру мазмұнын жаңарту, оқу бағдарламаларын, оқулықтарды жасау, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау бағдарламаларын қайта қарау, оқушылардың алған білімін оқу және практикалық жағдайларда қолдану қабілеттеріне мониторинг жүргізу бойынша бірқатар пәрменді шаралар қабылдауы, сондай-ақ мектеп оқушыларын оқытуды барабар материалдық-техникалық, психологиялық-педагогикалық және техникалық жағдайлармен қамтамасыз етуі қажет.

4. Ұлттық жоспарды іске асырудан күтілетін нәтижелер

Ұлттық жоспарды іске асыру мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша мемлекеттік органдардың, кәсіби қоғамдастықтардың, үкіметтік емес ұйымдардың, ата-аналардың қызметін жалпы үйлестіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ұлттық жоспардың негізгі орындаушылары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, ведомстволық бағынысты ұйымдары, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰ, жергілікті атқарушы органдар болып табылады.

Ұлттық жоспарды орындаудың нәтижесінде 2017 жылға қарай қазақстандық мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мынадай жағдайлар жасалатын болады:

1. Ғылыми-зерттеу жағынан қамтамасыз ету:

1) функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мен дамытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері, құзыретті білім беру парадигмасында мектепті басқару жүйелері анықталды;

2) функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мен дамытуға бағытталған іс-шараларды ғылыми-зерттеушілік, сараптамалық-талдамалық алып жүру қамтамасыз етілді;

3) балалардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда мектеп оқушыларының өмірлік бағдарының мәнін, ата-аналардың рөлін диагностикалау қамтамасыз етілді.

2. Білім беру мазмұнын жаңарту:

1) мемлекеттік стандарттар мен оқу бағдарламалары функционалдық сауаттылық пен құзыреттілік тәсіліне бағытталған білім беру мазмұнын қамтамасыз етеді;

2) оқу жоспарлары тұлғалық жетілуді қамтамасыз ететін білім беру вариативтілігін, коммуникативті дағдыларды қалыптастыратын білім алуудағы дербестікті, ақпарат пен технологияны пайдалана білуді, проблемаларды шешуді, іскерлік пен сыни тұрғыда ойлауды қарастырады.

3. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету:

- 1) практикаға бағдарланған оқулықтар әзірленді;
 - 2) жаңартылды, мектеп оқушыларының тұлғалық бағдарын, білім берудің саралануын, практикалық бағытын, дифференциациясын, тәжірибелік бағыттылығын қамтамасыз ететін қазіргі заманғы технологиялар мен ұстанымдар педагогтердің практикасына табысты енгізілді;
 - 3) мектеп оқушыларын оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ақпараттандыру мен пайдалану деңгейі артты;
 - 4) мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуға қойылатын талаптар мен тәсілдердің кешенділігі және біртұтастығын қамтамасыз ететін мектептің, отбасы мен қоғамның әлеуметтік өзара әрекетінің мазмұны мен нысаны жаңартылды;
 - 5) тұлғаның кәсіби қалыптасуына ықпал ететін қосымша білім берудің беделі қамтамасыз етілді. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің 50 %-ы қосымша біліммен қамтылды;
 - 6) ата-аналардың алғашқы кезекте балалардың білім алуға және тұлғалық қызығушылықтарын қамтамасыз етуге назарын аударуды және белсенділігін арттыруды туғызатын ата-аналардың функционалдық сауаттылығы артты.
4. Мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және оған мониторинг жүргізу жүйесі:

- 1) білім нәтижелерін тәуелсіз мониторингтік зерттеулер жүргізілді, сыни тұрғыда бағалау, білім алушылардың өзін-өзі бағалау жүйесі енгізілді;
- 2) стандарттарды, оқу бағдарламалары мен оқулықтарды одан әрі жетілдіру үшін ұсынымдамалар әзірленді;
- 3) жазбаша тапсырмаларды қоса алғанда білім алушылардың құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтауға бағытталған тестілеу тапсырмаларының базасы қалыптастырылды;
- 4) оқушылардың білім жетістіктерін бағалау бойынша халықаралық бағдарламада (PISA) 50-55 орындарға және 4, 8-сыныптардағы оқушылардың математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын бағалау бойынша (TIMSS) 10-15 орындарға қол жеткізілді.

5. Материалдық-техникалық база:

- 1) білім беру мазмұнының стандарттары мен сабақтан тыс іс-әрекет бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ету үшін мектептің материалдық-техникалық базасы жаңартылып, нығайтылды;
- 2) базалық мектептік білім берумен біріктіру міндеттерін шешу үшін қосымша білім беру ұйымдарының қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандырылуы және балаларға негізгі: көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетанушылық, оқу-сауықтыру және т.б. бағыттар бойынша қосымша білім беру мазмұнын дамыту мәселелері шешілді.

Жалпы алғанда, Ұлттық жоспарды жүйелі және одан әрі іске асыру Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін жалпы әлемдік үрдістер мен ХХІ ғасырдың білім беру мазмұнына және функциялық

сауаттылықтың дамуына қойылатын талаптар контекстінде арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы орта мектепте интербелсенді әдістерді қолданудың маңыздылығы

«Жанаша жаңғыртып оқыту жүйесінде» үйренуші бұрынғы дәстүрді ұғымдардағыдай әрекетсіз, енжар тұлға емес, ол оқыту процесіне бастан аяқ қатыстырылатын, танымдық іс-әрекетін толық іске қосқан белсенді тұлға.

Пікірсайыс сабағы барысында оқытушының ролі өте маңызды. Себебі, оқытушы бұл сабақта негізгі рөлді атқарады. Оқытушы мынандай ережелерді басшылыққа алады: сабақта жайлы, достық қарымқатынас орнату, сынамау, сөзін бөлмеу, ауыстырмау, олардың белсенділігін ынталандыру, қызықтыру, сабақтың өн бойында олардың сөйлеу әрекеттерін қуаттап, жоғары бағалау.

Қорытынды пікірді оқытушы жасайды. Олар пікірталастың демократиялық сипатта болуы тек сондай ұстаныммен байланысты екендігін ұғуы қажет. Ұстаз пікірталаста шәкірттерін өз позицияларын нақты айқындап, оларды тыңдаушыларға жеткізіп, дәлелдей білуіне үйренуге шақырады.

Қазіргі уақытта инновациялық педагогикалық технологиялар саны жеткілікті әзірленген. Оларды пайдалану барысында республикамызда адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы-жоғары құндылық болып саналатын Қазақстан Республикасының негізгі заңы – Қазақстан Республикасы Конституциясын басшылыққа алу керек.

Бұл білім берудегі жаңартудың негізгі принциптерін: білім берудің “ізгілік парадигмасын” іске асыруға бағытталған білімді ізгілендіру мен демократияландыру принциптерін анықтайды. Ол “білгір адам” парадигмасын ауыстыратын “өмірге дайындалған адам”, “іскер адам” парадигмасы болып табылады.

Оқу-тәрбие үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды ендірудің алғашқы шарттарының бірі – білім берушінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру. Жаңа педагогикалық технологияларды меңгерген әрбір мұғалім өз сабағында жақсы нәтижені көре алады.

Оқыту үдерісінде дамыта оқыту, деңгейлік саралап оқыту, бағдарламалап оқыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, ынтымақтастық педагогикасы, өздігінен дамыту технологиясы және т.б. оқыту технологияларын пайдаланып, жетістіктерін күтуде.

Мұғалім алғаш жаңа педагогикалық технологияларды оқып үйренеді, екіншіден, меңгереді, үшіншіден, оны тәжірибеде қолданып, төртіншіден, дамытып нәтижесін байқайды.

Оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдаланудың тағы бір ерекшелігі – мұғалім мен білім алушының күрделі, тығыз байланысын оңтайлы шешуге

көмектесе отырып, сенімділікпен жұмыс жасауға, өзара батыл пікірлесуге, оқуға деген ынтасын арттырады, қысқасы сапалы білім берудің оң жолдарын қамтиды. Сондықтан да ендігі жерде педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет, ол мемлекеттік стандарты деңгейінде оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан жаңа технологияны пайдалану мұғалім мен оқушының қарым-қатынас жайын аса шеберлік, білімділік, демократиялық бағытта уақыт талабына сай таңдауды қалайды.

Парадигмалардың осылай ауысуы – білім берудің барлық мазмұнын терең ойластыруға ықпал етті. Мұғалім дайын ақиқат, түйін, ой қорытындысын балалардың “миына құйғанмен”, ойлау мен сөйлеу негіздеріне жақындауға да мүмкіндік бермей, шығармашылық, арман, қиял қанатын байлап қояды. Көптеген жағдайда баланың ой еңбегі өзі де ойлап үлгермеген, санасына ерекше әсер етпеген байланыстарды жаттап алуына әкеледі. Соның нәтижесінде құбылыстың мәнін ойлау және бақылау қабілеті дамымай, жаттауға негізделген есте сақтау дамиды.

Баланы білім, ақиқат, ереже мен формулалар қоймасына айналдырмау үшін, оны ойлауға үйрету керек. Сабақта, жалпы мектепте оқушыларға жайлы және ыңғайлы болу керек, сонда ғана оқудан жақсы нәтиже шығады. Ол тұлға ретінде жан-жақты дамитын болады. Қазіргі заманғы мектеп бала үшін қызмет етуі керек, ол білім алып қана қоймай, оны өмірде қолдана білетін, көпшілікпен араласа алатын, ішкі мәдениеті, ойлау мен сезіну қабілеті бар адам дайындау керек. Мақсат – мектеп бітірушінің барынша көп білуі емес, оның өзіне қажетті білімді өзі алып, табуға үйренуі, оқу, кәсіптік, тұрмыс мәселесін кез-келген жағдайда шешіп, іс-әрекет жасай алу керек. Оқушының өз бетімен оқулықпен жұмыс істеп, білім алу дағдысын қалыптастыру үшін қажетті талаптардың бірі – оқулық соған бейімделіп жазылуы керек. Кеңінен қарастыратын болсақ, оқулық деген не? Ол – педагогикалық жүйенің бір ғана құрамдық бөлігі. Ал, педагогикалық жүйе дегеніміз не? Педагогикалық жүйе дегеніміз: мақсат, мазмұн, әдіс-тәсіл, оқытудың ұйымдастыру түрі, құралы және осылар арқылы нәтидеге жетелейтін оқушы мен оқытушының арасындағы оқыту үдерісі. Мұндағы педагогикалық жүйенің алғашқы бес компоненті әдістемелік жүйені құрайды: мақсат, мазмұн, әдіс-тәсіл, түрі, құралы. Дидактикалық үрдіс ойдағыдай жүзеге асу үшін оқушыларды белгілі дәрежеде оқуға қызықтырып, ынталандыру қажет. Оған мұғалім өзінің шеберлігі арқылы және міндетті түрде қызықты, тартымды, өз бетімен білім алуға қолайлы құрастырылған мазмұн арқылы қол жеткізе алады. Сондықтан, қазіргі заманның орта білім берудегі бірден бір талабы: оқулықтың мазмұнын жаңаша теру керек – мазмұндалуы жағынан да, құрылымы жағынан да жетілдірілген түрде. Бұл жағдайда оқулық мазмұнына кем

дегенде төмендегідей төрт шарт қойылады:

-бүкіл орта білім беру мектебінің мазмұны (бағдарламасы), әр пән бойынша тарау мен тақырыптардың мазмұны:

-алғашқы синтез (кіріспе) – анализ (талдау) – соңғы синтез (қорытынды)

құрылымына сай келу керек;

-ұлттық және аймақтық ерекшеліктерді ескерумен қатар ғылымының әлем деңгейіндегі жетістіктерін қамту керек;

-компьютердің оқытушылық мүмкіндіктерін ескеру (компьютермен орындалатын тапсырмаларды ұйымдастыру);

-тақырыптың мазмұны деңгейлік тапсырмалар арқылы – қарапайымнан күрделіге, саннан сапаға ауысу принциптері бойынша – берілуі керек.

Айтылғандар әдістемелік жүйенің бір ғана компонентін (мазмұнын) жетілтіруге қойылатын талаптар. Білім берудің жоғарыдағы қойылғандай және мақсатына жаңаша терілген мазмұнына сәйкес әдіс тәсілдер, түрі, құралдары, оқушы мен оқытушының іс-әрекеттері, нәтижені бағалау жүйесі – осының барлығы (Педагогикалық жүйенің сегіз компоненттері) жаңаша көзқарасты талап етеді.

Мұнда жаңа тақырыпты меңгеру үш кезең арқылы ұйымдастырылған: әр кезеңнің мақсаты “шағын мақсат”, оның нәтижесі “аралық нәтиже” - деп қарастырылады.

Тақырыпты меңгеру оқу бағдарламасына, мазмұнының көлеміне сәйкес бір немесе бірнеше сағатқа жоспарлануы мүмкін. Соңғы жағдайда да үш кезеңдік тәртіп сақталады: әр келесі сабақта тақырыптың кезектегі кезеңі жалғастырылып өтіледі.

Кез келген даму үдерісі аралық нәтижелер алып отыру арқылы жүзеге асады және әр аралық нәтиже ілгеріде алынған аралық нәтижеден жоғары болуы шарт.

Жалпы мақсат (мысалы, жаңа тақырып бойынша) → 1-ші шағын мақсат → оның нәтижесі (1-ші аралық нәтиже) → 2-ші шағын мақсат → оның нәтижесі (2-ші аралық нәтиже) → 3-ші шағын мақсат → оның нәтижесі (3-ші аралық нәтиже) → 4-ші шағын мақсат → оның нәтижесі (4-ші аралық нәтиже) = Түбегейлі нәтиже (мысалы, олимпиадалық тапсырмаларды орындау).

Бұл жерде В.П.Беспальконың кез келген мазмұнды меңгеру үшін оған төрт деңгейлерінің шағын мақсаттары арқылы жетуге болатындығы көрсетілген.

Қазіргі нарықтық экономиканың сұраныстарын қанағаттандыруға және экономиканың, өндіріс салаларының дамуына сай жастарды компонентті тұлға ретінде қалыптастыру үшін мұғалімдер оқытудың қазіргі жаңа технологияларын пайдаланып, оны одан әрі заман талабына сай жетілдіруі қажет. Осылай оқушылардың білім жетістіктерінің деңгейін көтеруге болады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л. Стил,

Куртис С. Мередит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізгі Ж. Пиаже, Л. С Выготский теорияларын басшылыққа алады.

Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез-келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, “Сорос-Қазақстан” қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады.

“Сын тұрғысынан ойлау” ұғымын белгілі бір идеаларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зертеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Сын тұрғысынан ойлау –сынау емес, шындалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғарғы сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Жас балалардың да бұл жқмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі.

Ұйрену процесі – бұрынғы білетін мен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Ұйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төмендегі шаралар орындалуы керек:

- Сын тұрғысынан ойлауды тудыру уақыт керек.
- Оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.
- Әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.
- үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдану.

Кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау.

Оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету.

Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

“Ақыл-ой Одиссеясы” мектеп бағдарламасы 1978 жылы Американың Нью-Джерси штатында басталды. Ал оның негізін қалаған Самуэль Миклис деген американ азаматы.

Сабақ — мұғалімнің шығармашылық еңбегінің нәтижесі. Оның өз мәнінде өтуі ұстаздың біліміне, ұйымдастыру қабілетілігіне, шеберлігіне байланысты. Мемлекетімізде болып жатқан өзгерістерден білім беру саласыда шет қала алмайды.

Осыған байланысты бағдарламаның мақсаты: Жалпы орта мектеп пәндері бойынша білім беруді жаңарту және критериялды бағалау жүйесін енгізу

тұрғысынан педагогтардың жауапкершілікті түсіну мен олардың кәсіби деңгейіне, педагогикалық шеберлігін жетілдіруде және білім беру үдерісіндегі көптеген мәселелерді шешуге қосқан үлес қосқан.

Бағдарламаның міндеттері: Жалпы орта мектеп пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

жалпы орта мектеп пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

жалпы орта мектеп пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатына критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету;

мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында жалпы орта мектеп пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

Оқудан күтілетін нәтежелер: мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын біледі және түсінеді;

жалпы орта мектеп пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;

жалпы орта мектеп пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсаттарында критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі;

мұғалімдердің орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында жалпы орта мектеп пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан.

Сонымен қатар, мұғалім мен оқушының тұлғалық — бағдарлы өзара қарым — қатынасы маңызды орын алып отыр. Мұнда тұлғаны рухани тәрбиелеуге, адамның адамгершілік жағынан келбетінің қалыптасуына ерекше мән беріледі. Сондай-ақ, білім беру факторларының: мектеп, отбасы, әлеуметтік орнының кіргізілуі көзделеді.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалық бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Ең жоғары балл 60 ұпай, орташа балл 48 ұпай деп белгіленеді. Баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериалық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур,

Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықпалын туғызады. Кеңестік заманнан қалған бес балдық бағалау жүйесі жойылады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатыда балл және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.)

Сабақтағы қалыптастырушы бағалау — мұғалімдерді, оқушыларды және педагогикалық үдерістің басқа да қатысушыларын оқуды жетілдіру үшін қажет ақпаратпен қамтамасыз ететін оқудың ағымдағы бағалауы (нәтижесі баға ретінде тіркелмейді).

Бағалау критерийі — білім алушылардың оқу жетістік деңгейлері өлшенетін белгі, өлшем, негіздеме.

Дискриптор — оқушының жұмысты қаншалықты жақсы орындағанын бағалайтын тұжырым.

Тапсырма — оқушының күзiреттiлiк деңгейiн (пәндiк, тiлдiк және тағы басқа) бағалауға мүмкіндік беретін нақты жағдай.

Кері байланыс — қандай да бір жағдайда немесе әрекетке арналған жауап, пікір.

Сабақтың соңында мұғалімдерге қалыптастырушы бағалауға байланысты алынған тәжірибені қалай таратуға болатыны жөнінде талқылауға тапсырма беріледі.

Әдіскер-ғалым В.Г.Болтянскийдің редакциясымен жазылған «Комплексы учебного оборудования по математике» деген еңбегінде оқу құрал-жабдықтар кешенін пайдалануға әдістемелік нұсқаулар жеткілікті дәрежеде берілген десек те, бүгінгі нарықтық экономика заманында, ақпарат ғасырында бұл мәселені жетілдіру қажеттігі туындап отыр. Қазіргі уақытта дәстүрлі оқытудың техникалық құралдарымен бірге дербес компьютерді пайдалану әдістемесі де қолға алынып, бірқатар әдістемелік зерттеулер жүргізілуде. Дегенмен, компьютерді оқу құрал-жабдықтар кешендік жүйесінің бір буыны ретінде немесе, оқытудың техникалық құралдарының орнына олардың орнын алмастырып қолдануға арналған әдістемелік ғылыми зерттелген жұмыстар жоқтың қасы. Қазіргі кезде математиканы оқытуда оқу құрал жабдықтар кешенін қолдануға орай, әдіскерлердің алдында оқытудың көрнекілік принципін жүзеге асыруда компьютерлік технологияны тиімді пайдалану мәселесі тұр. Себебі, компьютерді біріншіден, техникалық құрал – яғни, оқу құрал-жабдықтарының бір буыны ретінде пайдалана отырып, екіншіден, осы компьютер арқылы оқытудың техникалық құралдарының атқаратын мүмкіндіктерін алмастырып пайдалансақ, онда біз жедел түрде компьютерлік технологиялық оқыту мәселесін шешуіміз керек. Жоғарыда келтірілген ғалымдардың еңбектерінің көптігіне қарамай, бұл мәселе күні бүгін маңызы артпаса оны жоғалтқан жоқ, себебі, компьютерлік технология арқылы көрнекілік принципті жүзеге асыруға болады.

Қазіргі уақытта ғылым мен техниканың қарыштап дамуына байланысты және де білім беру жүйелерінің компьютерленуіне орай Қазақстандық ғалымдар да бұл үдерістен шеткері қалмай, әдіскерлер мен математиктер, мектеп мұғалімдері жаңа талаптарға сай қыруар істер атқаруда. Математика бойынша қазақ мектептеріне арналған типтік бағдарламада жаңа бөлімдер енгізіліп, математикадан берілетін

ақпарат бөлімі ұлғайған. Бұл өз кезегінде математика пәні мұғалімінен арнайы дайындықты қажет ететіндігі белгілі. Әрі аз уақыт ішінде керекті білімді беру – мұғалім міндеті.

Міне, мұғалім алдында тұрған күрделі міндеттің бірі – математикадағы дерексіздікті оқу құрал-жабдықтар кешені көмегімен жүйелі түрде жеткізе білуі, оқу материалын түсінуде оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, қажетті білімді, ебдейлік пен дағдыны қалыптастыру, сондай-ақ қолданбалылыққа үйрету күн тәртібінен түспеуі тиіс. Өйткені жалпы білім беретін орта мектеп математика сабағын компьютерлік технология және оқытудың техникалық құралдары, көрнекі құралдар, яғни оқу құрал-жабдықтар кешені көмегімен жаңа сабақ өткен кезде оқушылар «құлақ-ми» жүйесі бойынша секундына 50 бит ақпарат қабылдайды екен.

В.П.Молочковтың «Наглядность как принцип обучения» атты ғылыми зерттеуінде былай делінген: оқу арқылы – 10 %, есту арқылы – 20 %, көру арқылы (визуалды ақпарат) – 30 %, есту және көру арқылы – 50 %, есту және көру, талқылау арқылы – 70 % ақпаратты бес сезім мүшесі арқылы қабылдаймыз.

Сонымен, Жалпы орта мектепте баланың қабылдауын мұқият зерттеген физиологтардың еңбектеріне сүйенген психолог-педагог мамандар адамның жоғары жүйке жүйесі қызметінің негізінде оқу үдерісінде қолданылатын компьютерлік технология көмегімен мұғалім сөзін сабақтастырған жағдайда өтілген материалдарды меңгеру жоғары дәрежеге жетеді деп есептейді.

Компьютерлік технологияны қолдана отырып, математика пәні мұғалімі сабақта жұмыс нәтижелерін кесте немесе сызба түрінде дисплей экранына, қағазға шығарып беруге мүмкіндік туғызады. Оның мәтіндік және графикалық редакторлары арқылы әр түрлі алфавиттік – цифрлық мәліметтерді даярлауға, формулалары бар мәтіндерді жазуға, суреттерді, кесте түрінде берілген сандарды, диаграммаларды, графиктерді салуға ыңғайлы. Компьютерді оқыту құралы ретінде үйретуші – оқытушы бағдарламалар арқылы білім беру үдерісінде қолданыла бастауы мектеп практикасында шәкірттердің өз бетінше жұмыс істеуіне мол мүмкіндік береді.

Оқу үдерісінде мұғалім компьютерлік технология арқылы математиканы оқытуда математикалық формулалар, графиктер, сызбалар, иллюстрациялар салып, әртүрлі іс-әрекеттер орындап, жас шәкірттерге сапалы білім беруде ақпараттық дәуір заманында оқушыларды өмірге, нарық заманына бейімдейді.

Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде оқушы – оқулық – мұғалім жүйесі қалыптасқан. Жоғарыда аталған өзекті мәселені шешудің бірден-бір жолы қазіргі компьютерлік технологияның соңғы жетістіктерін математика сабағында орнымен, әрі тиімді пайдаланып, оқытудың жаңа формалары мен әдістерін қолдана аламыз. Есептеуіш техниканың білім саласына кең көлемде енгізілуі қолданбалы бағдарламалардың, әсіресе “компьютерлік технология”, “компьютермен оқыту” т.б. терминдердің шығуына алып келді. Компьютерлік технологияның пайда болуы орта мектептегі кез келген пән үшін оқытуды компьютерлік технологияны қолданып жетілдіру мүмкіндігін қарастыруға әкелуде. Орта мектептерде

математиканы оқытуда компьютерлік технологияны қолданып, мұғалімдер мыналарды орындайды: Сабақ кестесі; сурет салу; күнтізбелік-күнделік; оқу материалдарының конспектісі; оқушылар жайлы мәліметтік қор құру; оқу үлгерімі жиынтығына арналған кесте, диаграмма тұрғызу; кеспе, үлестірме қағаздарын дайындау; графикалық редакторлар көмегімен геометриялық фигуралар салу; шаблон бойынша сурет құру; презентацияда объект анимациясын баптау, дыбыс қосу; математика сабағында электрондық оқулықтарды қолдану; компьютерлік оқытушы бағдарламалармен жұмыс істеу; жаттықтырушы бағдарламаларды қолдану; күнтізбелік-тақырыптық жоспар түзу; плакат материалдарын ЭЕМ-де әзірлеу; компьютердің есептеу мүмкіндіктерін пайдалану; тест әзірлеу; бүкіл әлемдік интернет желісін, компьютерлік желі қызметтерін пайдалану; реферат жасау; ғылыми баяндамалар жазу; электрондық почтамен жұмыс және т.б. жұмыстар.

Қазіргі заман талабына орай, математиканы оқытуда интернетті пайдаланып, төмендегі іс-әрекеттерді жүзеге асыруды ұсынамыз:

1. Мультимедиялық түрдегі кітап, лекция, әдістемелік құралдар, ғылыми газет-журналдарды оқу;
2. Педагогикаға қатысты компьютерлік оқытушы бағдарламаларды қолдану;
3. Электрондық кітапхананы қолдану;
4. Берілгендер қорын пайдалану;
5. Ақпараттық-анықтамалық жүйені пайдалану;
6. Электрондық почтаны қолдану;
7. Электрондық телеконференция өткізу;
8. IRC (Internet Relay Chat);
9. Каталог іздеу;
10. Іздеу жүйесін қолдану;
11. Мета іздеу жүйесін пайдалану және т.б.

Жоғарыда айтылғандарды баяндай келе, Жалпы орта мектепте математика пәні мұғалімдерін компьютерлік сауаттылыққа үйретіп, электрондық оқулықтармен жұмыс істеуді меңгертуіміз керек. Сонымен бірге, олар сабағында интернетті де тиімді пайдалана алатындай болуы қажет. Бастауыш математика сабағында компьютерлік технологияны тиімді пайдалану кезінде математикалық фигуралар, бейнелер мен түстің, дыбыстың қосылуы да көрнекілікті кеңейтеді.

Компьютерлік технология оқу үдерісін дәстүрлі оқыту әдістерімен қатар инновациялық оқыту әдістерін қалыптастыруда және жаңа ақпараттық технология білім беруді жетілдіру ісінде төмендегі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді: 1) әрбір жеке тұлға үшін ашық білім беру жүйесін жасау; 2) білім беру саласын ақпараттық-әдістемелік жағынан жабдықтау; 3) оқу үдерісін автоматтандыру; 4) даралап оқыту; 5) тест жүйесі арқылы білімді бағалау; 6) қашықтан оқытуды ұйымдастыру, т.б. Сондай-ақ математика сабағын оқытуда компьютерлік технология арқылы суреттерді, яғни геометриялық фигураларды қозғалысқа келтіру, түр-түсін өзгерту, оған дыбыстар қосу мүмкіндігі көрнекілік принципін жүзеге

асырылуы болып табылады. Көрнекілік принципінің жаңаны тануда, бейнені елестетуде, материалды ұзақ есте сақтауда тиімділігі жоғары. Компьютерде оқушылар графикалық бейнелерді түрлендіріп, ондағы объектілерді өзгерте алады. Ал оқу киносы мен теледидарда мұндай мүмкіндіктер жоқ. Сонымен бірге, жаңа өтілген материал оқушыға компьютер көмегімен тез, жылдам түсіндіріледі. Осының нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылықпен жұмыс жасауына кең мүмкіндік ашылады. Сондай-ақ, оқытушылар да өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан алады. Уақыт талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде компьютерлік технологияны тиімді пайдалану – білім берудің жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады.

Көрнекі құралдарды қолдану үшін мұғалімдерден аса педагогикалық шеберлікпен әдістемелік нұсқауды талап етеді. Оқытудың мақсаты - математикалық түсініктерді қалыптастыру болғандықтан, оның ішінде абстрактылықты түсіндіруде көрнекі құралдарды ерекше талдау, таңдау қажет. Оқушылардың кеңістік түсінігін және кеңістіктік елестетуін қалыптастыруда қолданылатын геометриялық модельдерді (макеттерді) орнымен қолдану керек, әйтпесе, пайдасы шамалы болып, оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамытуға кедергі келтіруі мүмкін. Көрнекі құралдардың конструктивтік және әдістемелік сапаларын талдау барысында математикадан көрнекі құралдарға қойылатын жалпы дидактикалық талаптарды баяндасақ:

Көрнекі құрал математикалық ұғымды дұрыс қалыптастыру құралы болуы керек. Көрнекі құрал математикалық түсінікті жарқын және бейнелі түрде ашып көрсетуі қажет. Қарастырылып отырған түсініктің барлық белгілерін өте дәлдікпен түсіндіруі тиіс. Практика көрсеткендей, көрнекі құрал шын мәнісінде оқытуда едәуір көмек көрсетеді.

Көрнекі құралдардың ішіндегі динамикалық құбылыстарды бақылауға арналғандары өте сәтті шыққан деп есептеуге болады. Қозғалмалы модель математикалық түсінік немесе құбылысты тез арада қабылдауға мүмкіндік береді.

Тек қана иллюстрация құралы ғана емес, практикалық жұмыстарды орындауға арналған құралдың маңызы өте зор. Мұндай жағдайда көрнекі құрал оқушыларды математиканың негізгі ережелерімен және фактілермен таныстыруда, эксперимент жұмыстарын жүргізуде тиімді құрал болып табылады.

Көрнекі құралдардың сыртқы түрінің, қандай материалдан жасалғандығының, формасы, өлшемі, кейбір бөлшектерінің бояуларының да қабылдауға тигізер әсері мол. Көрнекі құралдардың шектен тыс ашық бояумен, түспен боялуы құралды бақылауда оқушыларға дұрыс әсер етпейді. Сондықтан оны қажетті түспен бояу қажет.

Құралдың көлемі үлкен болмауы керек. Оның өлшемін есептегенде сыныпта әрбір оқушы көретіндей, бақылауына ыңғайластырып жасаған жөн.

Конструкция қарапайымдылығы – басқару қарапайымдылығы, яғни жинауға, бөлшектеуге ыңғайлы, жеңіл болуы тиіс. Бөлшектерінің аз болуы, олардың

ойластырылған орналасуы, қосымша бөлшектерінің жабық болуы техникалық қана емес, ең бастысы бұл құралдың дидактикалық ерекшелігіне лайық болып табылады.

Көрнекі құралдардағы жылдам қозғалатын бөлшектер немесе кейбір бөлшектерді (айналу денелерін алуға арналған аспаптарды электрмотор арқылы қозғалысқа келтіру) жасаған уақытта техника қауіпсіздігі ережелері сақталғаны жөн.

Оқытуды компьютерлендіру кезінде оқушылардың қалыптасуға тиісті әрекеті мен операциясын нақты суреттеу керек. Оқу қызметінің операциялық жағын қалыптастыруда, қандай жағдай болса да, компьютерді пайдалануды орнықтыру қажет. Компьютер бұған орасан зор мүмкіндік береді.

Біріншіден, ол кез келген әрекетті көрнекі түрде елестетуге және оның орындалу жағдайын көрсетуге мүмкіндік береді. Екіншіден, компьютер оқу материалына сүйене отырып, интеллектуалдық әрекетті елеулі түрде өзгертетін құрал.

Бастауыш математика пәнін оқытуда компьютерлік оқытушы бағдарламаларды пайдаланудың құндылығы сол бағдарламамен кез келген кезеңде оқушылар балама жауаптарды таңдап алу, әрбір қадам сайын алған білімін қадағалап отыру мүмкіндігін иеленуі болып табылады. Әсіресе өз бетімен білім алу үдерісінде аса қажет деп саналады.

Компьютерлік оқытушы бағдарламаларды жасағанда білім берудің қызықтылығын ұмытпаған жөн. Оқу үдерісінің сапасын арттыруда музыкалық сүйемелдеудің, яғни дыбыстың мәні де ерекше роль атқарады. Сонымен бірге, түр-түстерді де дұрыс қолдана білу маңызды.

Бүгінгі таңда Жалпы орта мектепте әдістемелік, психологиялық-педагогикалық, бағдарламалық-техникалық және ұйымдастыру құралдарының бір ыңғайға келтірілген кешенін құру үшін оқытудың компьютерлік технологиясы (Қараев Ж.А.) құрылды.

Оқытудың компьютерлік технологиясы (ОКТ) көптеген зерттеушілердің пікіріне сүйенсек оқушылардың өз бетімен жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызады екен. Сонымен білім беруді ақпараттандыру оқу үдерісіне компьютерлік технологияны қолданудың біртұтас жүйесін құру арқылы қазіргі педагогикалық ғылымның және оқудың тиімділігін арттыруда өзекті мәселе болып табылады. Өйткені, бастауыш математиканы оқытуда компьютерлік технология құралдарын қолданып көрнекілік принципті жүзеге асыру олардың танымдық іс-әрекеттерін қалыптастырды, өз бетімен оқу қызметінің мәдениетін арттырады.

Компьютерлік оқытуға қойылатын дидактикалық талаптарды айқындасақ, біздің ойымызша олар әрекет амалы және оқушылардың таным қызметі белсенділігі бағытында қарастырылуы қажет. «Оқыту үдерістері – дидактиканың талас туғызатын мәселелерінің бірі... Сондықтан да дидактикалық принциптерді әр әдіскер-ғалым өзінше қарастырады» деп жазды В.Оконь. Оқыту принциптерінің ішінде ерекше роль атқаратын басты принциптердің біреуі көрнекілік принципі. Өйткені оқытушылық таным нақты фактілер мен құбылыстарды сезімдік қабылдаудан басталады. Бұл таным көзі ретінде заттар мен құбылыстардың өздеріне

бет бұрумен байланысты. Ол оқытуды аңғарып қараудан бастауды талап етеді. Осыдан барып көрнекілік принцип шығады. Аталған принцип негізінде оқыту жүйелеріне мынандай талаптар қоюға болады:

- компьютерлік оқытушы бағдарламаларды жасағанда дидактикалық мақсаттарды орындай алатын модельді таңдап алу;
- үдерістерді бейнелегенде түстерді дұрыс таңдай білу;
- дыбысты, дыбыс сигналдарын жазу, оларды бейнелеу және т.б.

Білімнің жақсы меңгерілуі үшін, олар түсінікті, ретке келтірілген болуы тиіс және бұрынғы бар білім жүйесіне біртіндеп енгізілуі керек. Біздің зерттеулерімізде оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін қалыптастыруда ең бастысы – компьютерді қолдануды іске асыру болып табылады. Дербес компьютерді алғаш жасаушылардың бірі Алан Кэй былай деп жазды: «Компьютерді қолдану сауаттылығы - бұл есептеу үдерісінің мәнін жеткілікті түрде терең түсіну арқылы әртүрлі есептерді шығаруда ЭЕМ қолдана білу».

Қазіргі уақытта бағдарламашылар мен әдіскерлер ісбірлікте жұмыс істеп, едәуір нәтижелерге қол жеткізіп, әртүрлі компьютерлік оқытушы бағдарламаларды әзірледі. Алдағы уақыттарда білім беру жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық желілерді, интербелсенді тақтаны, мультимедианы тиімді пайдаланудың келелі мәселелерін шешуді жоспарлауда. Шетелдік әдіскер-мұғалімдер оқыту үдерісінде компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін толық пайдалана отырып, мына төмендегі әдістемелік жұмыстарды жүзеге асыру әлемдік педагогикалық мәселе деп есептейді:

- компьютерлік оқытушы бағдарламалар жасау;
- «компьютер-мұғалім» көмегімен оқыту;
- компьютерлік моделдеу;
- оқу-әдістемелік, оқу құралдарын, электрондық кітаптарды дайындау, шығару және жетілдіру.

Осылардың ішінде оқытудағы көрнекілік принцип оқыту үдерісін жетілдіруге бағытталған. Өйткені динамикадағы ақпаратты беру кино-және бейне фильмдерден басқа ақпараттық технологиялар, яғни компьютерлік технология толық қамтамасыз етіп, жүзеге асыра алады.

Сонымен, Жалпы орта мектептегі компьютерлік сауаттылық (*Компьютерная грамотность; computer literacy*) практикалық жұмыстарда компьютерді қолдану біліктілігін арттыруға негізделген. Қазіргі кезде іскерлік пен білім салаларында міндеттілікке айналды; белгілі бір саладағы мәселелерді шашу жолында компьютерді қолдану үшін керекті мүмкіндіктер мен білімдер жиыны. Компьютерді пайдалана отырып, мвліметтер оқу, жазу, есептеу, сурет салу және де ақпарат іздеу жолдары.

- адамның өзіне қарағанда әлдеқайда көне құбылыс.

Қазіргі кезде ақпарат түсінігін айқындаудың кең таралған үш теориялық жолы бар. Олардың әрқайсысы оның мағынасын өзінше түсіндіреді.

Бірінші теория (К. Шенон) сандық-ақпараттық тұрғыдан тұрғыдан қарастырады да, ақпаратты оқиғаның анықталмағандығының (энтропияның) өлшемі ретінде айқындайды. Ақпарат көлемі, қандай жағдайда болмасын, оны алу ықтималдылығына тәуелді: хабар неғұрлым ықтимал болып табылса, оның ақпараты соғұрлым аз болады. Бұл теория ақпараттың мағыналық жағын ескермесе де, хабарды оңтайлы кодтау мен ақпаратты өлшеуге негіз болды да, байланыс техникасы мен есептеуіш техникасында өте пайдалы болып шықты. Бұдан басқа, ол ақпараттың жаңалығы, хабардың жеделдігі сияқты маңызды қасиеттерін көрсету үшін өте қолайлы. Ақпаратты осы тұрғыдан түсінгенде - бұл анықталмағандықтың алынуы немесе мүмкін баламалар жинағынан таңдап алу нәтижесі.

Ақпаратты *беру және қабылдау* әдістеріне байланысты келесідей ажыратады:

1. визуальды – көрнекі бейнелер мен арнайы 2. белгілер арқылы таратылады;
3. аудиальды – дыбыс арқылы таратылады;
4. тактильді – сезім арқылы;
5. органо-лептикалық – иіс және дәмарқылы;
6. машиналық – есептеу техникасының көмегімен таратылады.

Ақпараттық технология құралдары білім беру үдерісінде қолдану – өзінің тәсілдері мен мақсаттары бар, белгілі бір теориялық базаны, ерекше әдістерді қамтитын біртұтас үдеріс болып табылады. Сондықтан, олар арқылы орындалатын оқу әрекеттері қарым-қатынастың жоғарғы деңгейіне көшеді, дәстүрлі оқыту кезінде оқушыға қалыптастыруға келмейтін арнайы іскерліктерді қалыптастырады.

Мектепте оқытудың ақпараттық технологиясы – *бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар* (кино, аудио және видеокұралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер).

Мектепте оқытудың ақпараттық технологиясы – білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек.

Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – «оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады.

Төмендегі қасиеттер білім жүйесінің өзіндік ерекшелігі болып саналады.

- Тұтынушының қолдану сапасында;
- Нәтижесінде әр түрлі салаларда қолданылатын, ақпараттық технологияларды жасаушы сапасында.

Бірақ компьютер мүмкіндіктерін асыра бағалауға болмайды, өйткені ақпарат беру – бұл білім мен мәдениетті беру емес, сондықтан ақпараттық технологиялар педагогтарға тек *қосымша тиімді құрал ретінде* қызмет атқарады.

Көптеген елдердің ғылыми орталықтары мен оқу орындарында нақ осы білім қажеттілігі үшін мамандандырылған компьютерлік жүйелер саны дайындалды, олар оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі жағынан қолдауға бағытталды. *Бұл – жүйелердің негізгі түрлері болып табылады.*

Компьютерлік бағдарламаланған оқыту – бұл сәйкесінше, компьютерлік бағдарламалардың көмегімен бағдарламалық оқыту механизмдерін жүзеге асыратын технология;

Материалды компьютердің көмегімен оқу – оқушының жаңа материалды әр түрлі құралдардың, оның ішінде компьютердің көмегімен өз бетінше оқуын болжайды. Бұл жерде оқу іс-әрекетінің сипаты айтылмайды, оқу нұсқауларының жиынымен іске асырылуы мүмкін. Мұның өзі бағдарламалық оқыту әдісінің мәнін ашады;

Материалды компьютер қоры негізінде оқу – алдыңғы технологиялар, технологиялық құралдардың алуан түрін (оның ішінде дәстүрлі оқулықтар, аудио және видеожазбалар және т.б.) қолданумен айрықшаланатын болса, мұнда бағдарлама құралдарын, оқушылардың өз бетінше тиімді оқуын арттыратын бағдарламаларды басымырақ қолдану жүргізіледі;

Компьютер қорымен оқыту – білім берудің барлық мүмкін боларлық формаларын қолдану (мұғалімнің қатысуымен), шын мәнінде, жоғарыда айтылғандармен сәйкес келеді;

Компьютердің көмегімен бағалау – өз бетінше оқыту технологиясы деп қарастырылады, дегенмен ол практикада басқаларға құрамдас элемент болып кіріп жүр. Мұндай жүйе оқылатын пәннің мазмұны мен дәстүрлі оқытуда қолданылатын немесе оқыту бағдарламаларында жүзеге асырылатын әдістерге тәуелсіз;

Компьютерлік коммуникация – білім беру және оны жеткізумен қамтамасыз ете отырып, жоғарыда аталған технологиялардың барлығының ажырамас құрамы болып табылады. Жергілікті, аймақтық және басқа компьютерлік желілерді қолдану үшін жұмсалады. Компьютерлік коммуникация жекелеген оқу орындарының, қаланың, аймақтың, елдің ақпараттық білім жүйесінің мүмкіндіктерін көрсетеді.

Оқытудың ақпараттық технологиялары осы ақпараттық білім жүйесінің шегінде жүзеге асырылатын болғандықтан, осы білім технологиясына ақпараттық және бағдарламалық қолдаумен көрсететін құралдар бір ғана компьютермен, оған енгізілген бағдарламамен шектеліп қалмауы керек. Шын мәнінде бәрі керісінше, оқытудың ақпараттық технологияларының бағдарламалық құралдары және білім технологияларының өздері ақпараттық білім ортасына – ақпараттық білім жүйесінен бөлінген жүйешелер түрінде қосылады.

Оқытудың ақпараттық технологиясында қолданылатын бағдарламаны қамтамасыз етуді бірнеше категорияға бөлуге болады:

- Оқытатын, бақылайтын және үйрететін жүйелер;
- Ақпарат іздеу жүйесі;
- Модельдеу бағдарламалары, микромирлер;
- Танымдық сипаттағы инструменттік құралдар;

- Әмбебап сипаттағы инструменттік құралдар;
- Коммуникацияны қамтамасыз етуге арналған инструменттік құралдар.

Модельдеу бағдарламалары мен микромирлер – бұл ерекше аз мамандандырылған бағдарламалар, оларды компьютерде *арнайы* қолдану және оның кейбір мәселелерін зерттеуге тура келеді.

Инструменттік құралдар деп – жаңа электрондық ресурстар жасауды қамтамасыз ететін бағдарламаларды атайды:

- әр түрлі форматты файлдар;
- мәліметтер қоры;
- бағдарламалық модульдер;
- жекелеген бағдарламалар мен бағдарламалар жиыны.

Мұндай құралдар пәндік-бағытта болуы мүмкін, сол секілді нақты міндеттер ерекшелігі мен қолдану саласына тәуелді болмауы да мүмкін. Білім үрдісінде қолдануға негізделетін бағдарламалық құралдарда сақталатын негізгі талаптар – бұл жеңілдік пен табиғилық, оқушының оқу материалымен жеңіл танысуына мүмкіндік жасау. Бағдарламаларға сай келетін талаптар мен сипаттамаларды HCI (ағылшын тілінде “*Human – Computer Interface*” – «Интерфейс-адам-компьютер») аббревиатурасымен белгілеу қабылданған. Бұл сөзбе-сөз аударуды «адаммен сұхбаттасуға арналған компьютерлік бағдарламалар» деп түсінуге болады.

Білімді ақпараттандыру жағдайында болып жатқан кемшіліктерге қарамастан, оны «ақпараттық революция» деп атауға болады, өйткені қол жетерлік табыстар мыналар:

- *ақпаратты ұсынудың жаңа формасы*. Қызықты, жанды немесе алдын ала жазылған мультимедиялық ақпарат тек текстен емес, графикалық бейнелерден, анимациядан, дыбыстан және видеоүзінділерден құралып, *Internet* желісі арқылы беріледі немесе басқа телекоммуникациялық құралдар арқылы компакт-дискілерге жазылады;

- *жаңа кітапханалар*. Интеллектуальдық ресурстар көлемі және табыстары өседі. *Internet* электрондық кітапхана каталогтарымен бірігіп, жер қашықтығы мен уақыт айырмашылығына қарамастан, зор ақпараттар көлемін жинауға қол жеткізеді. Әрине, мұндай кітапханалар онда сақталатын ақпараттарға толық жол аша бермейді;

- *оқу сабақтарының жаңа формалары*. Білім алушылар мен оқытушылардың виртуальды семинарлар және лабораториялар режимінде бірігіп жұмыс жасауы, сонымен бірге жаңа синхрондық мүмкіндік пайда болды. Бірқатар білім алушылар үшін мұндай жұмыс формалары анағұрлым ыңғайлы, өйткені дәстүрлі оқытуға қарағанда, оларға өз мүмкіндіктеріне қарай, өздеріне қолайлы графикпен жұмыс жасау және артық ескертулермен кездеспей отырып ашу қызықты;

- *білімнің жаңа құрылымы*. Бүгінгі күні білім жүйесіне жаңа құрылым беру үшін телекоммуникация жүйелерімен толықтырылуы қажет, сонымен қатар білім үрдісіне ақпараттық және коммуникациялық технологияларды енгізуде жоғары біліктілікке ие мамандар керек.

Көбінесе қашықтан оқыту бағдарламалары *оған барынша мол қол жеткізуге* мақсатталған және оқыту сапасына аса анық емес талаптар қояды. Мұндай бағдарламаның *білім сапасын жетілдіруі үшін* орындауы міндетті *талаптар қатарын* құрастыруға болады:

- сапасы мен мүмкіндігі жоғары білім кеңістігін құру, кәдімгі оқу орындары ұсынатын мүмкіндіктерден жоғары білім ортасын жасау;
- Internet желісінде әмбебап компьютерлік кітапхана құру, кез келген уақытта қолданушыға қол жеткізерлік және кәдімгі кітапханаға көлемді ақпарат беруі тиіс;
- желі бойынша педагогтармен қарым-қатынас ұйымдастыру;
- оқытушының да, оқушының да білімін компьютермен тексеру жүйесін жасау.

Төмендегідей базалық шарттар сақталған жағдайда сапалы білімге қол жеткізуге болады:

- қымбат тұратын технологиялар мен бағдарлама өнімдерін қолдану;
- іштей және қашықтан оқыту түрлерін біріктіру;
- қажетті ақпараттық ресурстарды табуды жеңілдететін толық каталогтар жасау.

Психологтар «ұстаным» ұғымын адамның іс-әрекетке бейімділігімен байланыстырады. Социологтар оны негізгі құндылық есебінде атап көрсетеді. Мұғалімнің ұстанымы оның көзқарастарын қалыптастыру барысына зор ықпал етеді, ал көзқарасы белгілі бір шешімдердің қабылдануы мен сыныптағы іс-әрекеттерді түсіндіру көзі болып табылады. Сондықтан кез келген мұғалімнің оқыту құралдары оның өз болжамдарының, білімі мен ұстанымының, көзқарастарының жиынтығынан тұруға тиіс. Бұл элементтердің барлығын жинақтасақ, жеке тұлғаның ерекше «білім беру сызбалары» құралады. Пажарес (1992) оқыту стилін таңдау кезінде мұғалімнің білімділігінен де гөрі ұстанымға негізделген ой-тоқтамдарының ықпалы күштірек деп сендіреді: оқыту үдерісінде қалыптасқан көзқарастар мұғалімнің сыныптағы барлық іс-әрекеттеріне әсер етеді. Әдістемелік құралдар немесе оқулықтардан гөрі мұғалімнің сыныптағы іс-әрекеттеріне пәннің қалай оқытылуы керектігі жөнінде әбден қалыптасып қалған пікірлер анағұрлым күштірек ықпал етеді.

Жалпы орта білім беруді жетілдірудің негізінде құзыреттілік тәсіл

Бүгінгі таңда жалпы орта білім беруді жетілдірудің негізінде құзыреттілік тәсілді алу ұсынылып жүр. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында да білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілік көрсетілген. «Құзырлық» сөзі туралы Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «құзыр (компетенция) — жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деп берілген. Латын тілінен аударғанда «құзырлық — өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі» деген

мағынаны білдіреді. Белгілі бір саладағы құзырлылықты меңгерген тұлға өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған қандай да бір негізі бар ой-тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды есептеуге болады. Тұлға құзырлылығының құрылымын анықтауда өте көптеген тәсілдер бар.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа интеграциялануға ұмтылысы еліміздің білім беру жүйесіне өзіндік әсерін тигізуде. Бұл жерде бірінші кезекте оның алдына қойылатын мақсаттың өзгеруі, соның салдары ретінде білім беру мазмұнын және сапасын өлшеу құралдарын жаңарту мәселелері шығады. Қазіргі уақытта іс-әрекет субъектісі ретінде мұғалімге, оның тұлғалық-кәсіби қасиеттеріне қойылатын талаптар өзгерді. Бұл талаптарға жауап беретін педагог даярлау, ең алдымен, оның құзыреттілігін қалыптастырумен байланысты болады. Бұл мақалада осы құзыреттілік мәселесінің педагогикалық әдебиеттерде қарастырылуы сөз болады.

Ең алдымен, «құзыреттілік» терминінің мәнін филологиялық тұрғыда ашып алайық. Ол үшін құзыр (компетенция) және құзыреттілік (компетенттілік) ұғымдарына жекелеп тоқталу қажет. Өйткені педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде бұл ұғымдар бірде бір мағынада, негізінен көбіне түрлі категорияларды белгілеу үшін қарастырылады.

«Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде» «құзыр» ұғымына «қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деген анықтама берілсе [1], С.И.Ожегов сөздігінде «құзыреттілік — белгілі бір мәселені жан-жақты білу» екендігі айтылады [2].

«Шет тілдері сөздігі» «құзыретті» түсінігіне «құзырларға — қызметтік өкілеттікке ие» деген анықтама берген [3]. Ал жалпы педагогикалық әдебиеттерде «құзыреттілік» аясында білім алушылардың мына негізде әрекеттің күрделі түрлерін жасай алу қабілеті түсіндіріледі, яғни нәтижесі:

білімдер болып табылатын танымдық іс-әрекет тәжірибесі;
іскерліктер түрінде болатын іс-әрекет тәсілдерін іске асыру тәжірибесі;
проблемалық жағдайда шешім қабылдай алу іскерлігі болып табылатын шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі.

Сонымен қатар педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдау құзыреттіліктің түрлі мағыналық деңгейде қолданылатынын көрсетті. Олардың бірқатарын атап көрсетсек: субъектінің қоғамдық-практикалық тәжірибесінің қалыптасқандығы деңгейі (Ю.Н.Емельянов); қызметтік талаптарды іске асырудың адекваттылығы (Л.И.Анциферова); белсенділіктің арнайы және дара формаларын меңгергендігі деңгейі (Л.П.Урванцев, Н.В.Яковлев). Құзыреттілікке берілген анықтамалардың әр түрлілігі және көптігі, біздің ойымызша, оның кең мағыналылығынан және әр салада мамандар даярлау ерекшеліктерінен, сол сияқты оны зерттеуге ғалымдардың түрлі теориялық тұрғыдан келуінен шығады. Солай бола тұра бұл ұғымды неғұрлым кең сипаттаған анықтаманы Н.Ф.Талызина, Р.Х.Шакуров, А.И.Щербаковтар берді. Олардың айтуынша, құзыреттіліктің негізгі сипаттамасы — маманда кәсіби іс-әрекетті атқаруды қамтамасыз ететін білімдер,

іскерліктер, дағдылар мен тәжірибенің бірыңғай кешенінің қалыптасқандығы деңгейі болып табылады.

Педагогикалық әдебиеттерде құзыреттіліктің төмендегідей түрлері көрсетіледі: түрлі ақпарат көздерінен білімдер алу тәсілдерін меңгеруге негізделген өзіндік танымдық іс- әрекет саласындағы құзыреттілік;

азаматтық-қоғамдық іс-әрекет саласындағы құзыреттілік (азамат, сайлаушы, тұтынушы ролін орындау);

әлеуметтік-еңбек іс-әрекеті саласындағы құзыреттілік (өзінің кәсіби мүмкіндіктерін бағалай алу, өзін-өзі ұйымдастыру дағдылары т.б.);

тұрмыстық саладағы құзыреттілік;

мәдени-демалыс саласындағы құзыреттілік (бос уақытты тұлғалық сұраныстарға жауап беретін талаптарға сай ұйымдастыра алу).

Білім беру мазмұнында түсініктердің, іс-әрекет тәсілдерінің және жеке позицияның көрініс табуы тәжірибесінің кіріктірілуі білім алушының өзіндік іс-әрекет тәжірибесін оқытушымен бірлескен шығармашылық іс-әрекетте жүргізіледі. Бұл жерде құзыреттілік оқыту нәтижесі бола отырып, одан тікелей шықпайды, керісінше, индивидтің өзіндік дамуының, тұлғалық және іс- әрекеттік тәжірибені қорытудың салдары болып табылады [4].

Жаңа сапаға қол жеткізу үшін берілетін білімдердің, іскерліктердің, дағдылардың санын арттыру шарт емес. Бұл жерде тек берілетін білім көлемін ұлғайту арқылы жоғары сапаға қол жеткізу мүмкін болмайтындығын айта кету керек. Егер біз сапаға сан арқылы қол жеткізу жолымен жүретін болсақ, онда тиісінше қалыптастырылатын құзыреттіліктердің саны да шекіз болып шыға келеді. Бұл өз кезегінде оларды шын мәнінде қалыптастыруды қиындатып, білім беруге құзыреттілік тұрғыдан келудің мәнін жояды. Сондықтан негізгі немесе басым құзыреттіліктерді іздеу барысында кілттік (базалық) құзыреттіліктер түсінігін қолданылады. Кілттік (базалық) құзыреттіліктер дегеніміз — неғұрлым спецификалық құзырлар қалыптастыруға негіз болатын кең спектрлі әмбебап құзыреттіліктер.

Э.Ф.Зеер кілттік құзыреттіліктердің мынадай ерекшеліктерін бөліп көрсетеді:

Олар көпфункционалды (құзыреттіліктерді меңгеру күнделікті, кәсіби және әлеуметтік салаларда проблемалық жағдаяттарды шешуге мүмкіндік берген жағдайда олар кілттік болып табылады).

Кілттік құзыреттіліктер пәнді меңгеруден тыс және пәнаралық болып табылады.

Кілттік құзыреттіліктерді қалыптастыру интеллектуалды дамудың белгілі бір деңгейіне сүйенеді (абстрактілі, сыни ойлау, саморефлексия және т.б.).

Кілттік құзыреттіліктер көпжақты, яғни олар өзінің құрамында түрлі тұлғалық қасиеттерді, интеллектуалдық қабілеттерді, коммуникативті іскерліктерді қамтиды [5].

Маңызды заңнамалық құжаттарды талдау кәсіптік білім беру ұйымы түлегінің келесі кілттік құзыреттіліктерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

белсенді өмірлік және кәсіби ұстанымның болуы;
өзінің және қоғамның жақсы жағдайда өмір сүруін қамтамасыз ете алуы,
өзіндік ұйымдастыруға (синергетика) жауапкершілігі;
әлеуметтік және кәсіби өзіндік анықталуға және өзін өзі іске асыруға
бағдарлану;

экономика және әлеуметтік қатынастар саласындағы негізгі әлеуметтік
дағдылар мен практикалық іскерліктерді игеру;

жаһанданған дүниеге, ашық ақпараттық қоғамға ене алуы;
толеранттылық (басқаның пікіріне төзе білу), диалог жүргізе алу іскерлігі,
мазмұндық компромистерді іздей және таба алу іскерлігі;

заманауи жалпымәдени деңгейге жету;

құқықтық мәдениет: мемлекеттің құқықтық жүйесінің мүмкіндіктерін
пайдалана алу іскерлігі мен негізгі құқықтық нормаларды білуі.

Қазіргі кезде қалыптасып отырған әлеуметтік-кәсіби жағдайда бірінші кезекке
маманның білімділігі емес, оның алынған білімдерді нақты практикалық іс-әрекетте
іске асыра алу қабілеті шығады. Бұл жерде тағы да «құзыреттілік» және «құзыр»
терминдерінің ара-жігін ашып алу қажеттігі көрінеді.

Бұл түсініктердің арасындағы ерекшеліктерді көрсете отырып, бірқатар
авторлар құзыреттіліктердің білім беру нәтижесі ретінде көрінетінін, ал құзырдың
осы құзыреттіліктің әрекеттегі түрі екендігін көрсетеді (М.К.Кабардов,
Е.В.Арцишевская). Бұл жерде кәсіби іс-әрекетті меңгеру процесін психологиялық
тұрғыда талдау үшін игеру (білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды) және қолдану (іс-
әрекетті атқаруға қатысты) сияқты бағалау параметрлері қолданылады.

«Қазіргі заманда болашақ жұмысшы мамандарды ақпараттық технологиямен
байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы
атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу
үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Білім беру тұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби-тұлғалық
құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат екендігін атай келе, білім беруде педагог
төмендегідей құзыреттіліктерді игеруі міндетті деп көрсетілген.

Арнайы құзыреттілік — өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілеті.
Әлеуметтік құзыреттілік — кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті. Білім беру
құзыреттілігі — педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана
білу қабілеті. Ендеше, құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай
педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім
саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін
тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Білім алушылар оқытушы
қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр.
Демек, болашақ педагогтарымыз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел
ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы: ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты
бағыт- бағдар беруші болып шығуы — бұл қазіргі заманның талабы. Міне,

құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім — қазіргі білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру — кезеңдік үдеріс, яғни педагогикалық іс-әрекетте үнемі кәсіби шеберлікті арттыру қажет және аталған сатылар әрдайым қайталанады, бірақ жаңа сапада. Өзін-өзі дамыту үдерісі биологиялық, әлеуметтік жеке тұлғалық ерекшеліктерге байланысты, ол жеке өмірін саналы ұйымдастырса, өзіндік дамуында қамтиды. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үдерісі әлеуметтік ортаға тәуелді болып келеді, сондықтан орта кәсіби өзіндік дамуды ынталандыруы қажет.

Білім беру нәтижесі екі тұрғыдан қарастырылады. Біріншісі — бұл нақты білім беру жүйесі арқылы алынатын және білім беру стандарты формасында тіркелетін нәтиженің бейнесі. Қазіргі замандағы білім беру стандарттары оқытудың белгілі бір курсың өту үстіндегі адамның тұлғалық сапасына, оның білімі мен икемділігіне қойылатын талаптарды қамтиды. Стандарттың мазмұны, әлеуметтік мәдени тәжірибенің идеалды формада сақталатынына әлбетте қол жететін көрінісі екені мәлім.

Екінші тұрғыдан, білім берудің нәтижесі бұл белгілі бір білім беруші жүйеде оқытудан өткен адамның өзі. Интеллектуалды, тұлғалық, мінез-құлықтық қасиеттерінің қалыптасқан жиынтығы ретіндегі оның тәжірибесі оған кез келген жағдайда адекватты әрекет жасауға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан білім берудің нәтижесі білімділік болып табылады, ол жалпы және кәсіптік-мазмұнды бола алады. Осылайша, мектеп түлектерінің жалпы білімділігін қалыптастырады. Кез келген жоғары оқу орнының түлегі осы негізде арнайы кәсіптік білімімен сипатталады. Адамды білімді ететін терең және жүйелі білім беру өмір ағымының ауыспалы кезеңдерінде сенімділік, бәсекеге қабілеттілік және өзінің ар-намыс сезімінің негіздерін салады.

Педагог іс-әрекеті білім саласында кәсіби міндеттерді шешуге бағдарланады. Шешім мақсатты айқындаудан, іс-әрекет мотивіне түрткі болудан басталады. Мақсаттылық — іс-әрекеттің алғашқы кезеңі, екінші кезең іс-әрекет бағдарламасын жоспарлау, жобалау. Іс-әрекет бағдарламасын құру үшін қандай әрекеттер және қандай оқыту процесінің афференттік синтезінен өткізу қажет. Нәтижесінде әрекет бағдарламасы педагог іс-әрекетінің моделі пайда болады. Іс-әрекетін бағдарлау педагогтың интеллектуалдық қабілетіне байланысты, қандай білім мен іскерліктерді игерген, педагогтың кәсіби міндеттерін эвристикалық жолмен шеше алуы, оқыту технологияларын қаншалықты меңгергендігіне байланысты айқындалады. Іс-әрекеттің бұл кезеңі педагог құзыреттілігінен шешіледі.

Кәсіби оқытушы педагогының құзырлығы жоғары, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс- тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман. Мұғалім, педагог мамандығы зиялылар ішіндегі көп топтасқан мамандықтардың ірі тобына жатады. Білім беру жүйесінде педагогтар мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Педагог өз мамандығының сапасын, біліктілігін арттыруды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі үлкен роль атқарады. Педагогтың іс-әрекеті көбінде оның кәсіби шеберлігінің кеңістігіне қатысты, педагогикалық қарым-қатынас механизмдеріне, оқушылардың (білім алушылардың) психологиялық ерекшеліктерінің табиғатына да байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің дамуының жоғары деңгейі мынада — педагог өзін-өзі дамыту механизмдерін қалыптастыруға мақсат қояды және оқушыларға (білім алушыларға) өз қабілет-қарымы бойынша даму бағыттарын ұштайды.

Кәсіби оқытушы педагогтың іскерлігінің негізгі бағыты болашақ мамандардың кәсіби білімін (теориялық және тәжірибелік) жетілдіру болып табылады. Кәсіби білім педагогы педагогикалық іскерлікке даярлықтан басқа кәсіби оқыту мекемесінде кадрларды дайындауға арналған халық шаруашылығының маманы болып табылады.

Кәсіби оқыту педагогының кәсіби іскерлігінің мазмұны оның еңбегінің педагогикалық және инженерлік интегралмен анықталады.

Оқушылардың кәсіби дайындығының мақсаты — ғылыми-педагогикалық тапсырмаларды орындауға және кәсіби оқыту педагогы мен еңбек технологиялары мұғалімінің кәсіптік қызметінің қажетті функциялары мен түрлерін орындауға бейім маманды қалыптастыру болып табылады. Маман оқыту үрдісінің білім беру саласы, мәні, мағынасы және құрылымы туралы білім жүйесін білуі керек. Сондықтан осы бағытта педагогтың субъективтілік қасиеттерін құрылымдық көрсетілуімен тұлғалық сапалары қарастырылады.

«Кілттік құзырлар» термині алғаш рет 1992 жылы «Еуропадағы орта білім беру» деп аталатын Еуропалық кеңестің жобасында қолданылды, бұл дүниежүзілік білім беру процесінің нәтижелік компонентін жаңа жағдайда, басқа тұрғыда қарастыруға мүмкіндік берді. Кейінірек, 1996 жылы, «Еуропа үшін кілттік құзыреттіліктер» деген атпен Еуропа кеңесі өткізген симпозиумде түлектердің төмендегідей бес кілттік құзырлары бөліп көрсетілді:

саяси және әлеуметтік құзырлар (өзіне жауапкершілік алу, бірігіп шешім қабылдауға қатысу, қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу қабілеттері);

көпмәдениетті қоғамда өмір сүруге байланысты құзырлар (толеранттылық — айырмашылықтарды қабылдай алу, басқаларды құрметтеу, басқа мәдениет, тіл, діндер өкілдерімен өзара қатынас жасай алу қабілеттері);

басқа тілде жазбаша және ауызша қарым-қатынас жасай алуға байланысты құзырлар;

ақпараттық қоғамның пайда болуына байланысты құзырлар (жаңа технологияларды меңгеру, оларды пайдалану мүмкіндіктерін түсіну, бұқаралық ақпарат құралдары және жарнама тарататын ақпаратқа сын тұрғысынан қатынас); кәсіби даярлық контексінде өмір бойы білім алуға қабілеттілік, білім алудың үздіксіздігін түсіну [6].

Ресейлік ғалым И.А.Зимняя Б.Г.Ананьевтің, В.Н.Мясищевтің, Н.В.Кузьминаның, А.К.Маркованың тұлғалық даму және кәсіби даярлық жөніндегі теориялық қағидаларын негізге ала отырып, кілттік құзырларды топтайды. Осы тұрғыда ол кілттік құзыреттіліктердің үш тобын бөліп көрсетеді:

тұлға ретінде, өмір сүру әрекеті субъектісі ретінде адамның өзіне қатысты құзыреттіліктер;

басқа адамдармен өзара қатынас жасауға байланысты құзыреттіліктер; адамның іс-әрекетіне қатысты құзыреттіліктер.

Сол сияқты құзырлардың белгілі бір дәрежеде ішкі, потенциалды психологиялық жағдай (білімдер, көзқарастар, әрекет алгоритмі (бағдарламасы), құндылықтар мен қатынастар жүйесі) екендігін ескере отырып, оның (құзырдың) он түрін үш топқа бөліп көрсетеді:

а) тұлға ретінде, өмір сүру әрекеті субъектісі ретінде адамның өзіне қатысты құзырлар:

денсаулық сақтау құзырлары: салауатты өмір салты нормаларын білуі және сақтауы; жеке гигиена ережелерін білуі және сақтауы; дене тәрбиесінің маңыздылығын түсінуі;

дүниеде құндылықтық-мағыналық бағдарлану құзыры: болмыс құндылығы; мәдениет (бейнелеу өнері, әдебиет, өнер, музыка) құндылығы; ғылым; өндіріс; өркениет тарихы; өз елі; дін құндылығы;

интеграция құзыры: білімдерді құрылымдау, көкейкестілендіру, жинақталған білімдерді кеңейту, толықтыру;

азаматтылық құзырлары: азамат құқықтары мен міндеттерін сақтау; еркіндік және жауапкершілік; азаматтық борышты түсіну; мемлекет рәміздерін құрметтеу; өзіндік жетілу, өзіндік реттелу, өзіндік даму, тұлғалық және пәндік рефлексия: кәсіби жетілу; тілдік жетілу;

ә) адам мен әлеуметтік ортаның өзара әлеуметтік қатынасына қатысты құзырлар:

әлеуметтік өзара қатынас құзырлары: қоғаммен, қауымдастықпен, отбасымен, ұжыммен, достармен, т.б. өзара қатынас, қақтығыстардың алдын алу және шеше білу басқаны құрметтеу және қабылдау (толеранттылық), әлеуметтік мобильділік;

қарым-қатынастағы құзырлар: ауызша, жазбаша қарым-қатынастағы, диалог, монолог, мәтінді жасау және қабылдау, этикетті, дәстүрлерді білу және сақтау; кросс-мәдени қарым-қатынас; іскерлік қатынас; коммуникативтік міндеттерді шешу;

б) адам іс-әрекетіне қатысты құзырлар:

танымдық іс-әрекет құзырлары: танымдық міндеттерді қоя және шеше білу; стандартты емес шешімдер; проблемалық жағдаяттарды тудыру және шешу; продуктивті және репродуктивті таным, зерттеу, интеллектуалдық іс-әрекет;

іс-әрекет құзырлары: ойын, оқу, еңбек; іс-әрекет құралдары мен тәсілдері: жоспарлау, жобалау, үлгілеу, болжау, зерттеу іс-әрекеті;

ақпараттық технологиялар құзырлары: ақпаратты қабылдау, өңдеу, беру; массмедиалық, мультимедиалық технологияларды меңгеру, компьютерлік сауаттылық; электрондық, Интернет- технологияларды игеру.

Бұл құзырлар адамның мінез-құлқында, іс-әрекетінде көрініс бере отырып, оның тұлғалық қасиеттеріне айналады. Яғни олар іс-әрекет және тәжірибе барысында мотивациялық, мазмұндық, қатынастық, реттеушілік құрамдас бөліктерден тұратын оның құзыреттіліктеріне айналады.

Педагогикалық әдебиеттерді талдау әлі де болса ғалымдар арасында құзыр және құзыреттілік түсініктеріне анықтама беруде, олардың құрылымдық мәнін анықтауда бірізділіктің болмай отырғандығын көрсетеді. Бұл мәселе оларды топтастыру және жіктеу проблемасына да қатысты болып отыр.

Тұлғаның кәсіптік қажетті құрамдас бөлігі кәсіби құзыреттілік болып табылады. Кәсіби құзыреттілік мәселесі отандық және шетел ғалымдарының жұмыстарында қарастырылады. Кәсіби құзыреттіліктің заманауи бағыттары және түсіндірмелері тіптен әр түрлі. Қазіргі кезде шетел әдебиеттерінде бар кәсіби құзыреттілік анықтамалары, яғни «терең білім», «тапсырманы адекватты орындау күйі», «қызметті актуалды орындау қабілеттері» және басқалары бұл ұғымның мазмұнын толық нақты түсіндіре алмайды. Және де отандық ғалымдармен кәсіби құзыреттілік мәселесі белсенді зерттелуде. Көп жағдайда бұл ұғым біліктіліктің жоғары деңгейін және кәсібилікті айқындау үшін ішкі оймен пайдаланылады. Кәсіби құзыреттілік маманның дайындық сапасының сипаттамасы, еңбек қызметінің тиімділік әлеуеті ретінде қарастырылады. Педагогикада бұл категория «жалпы мәдени құзыреттіліктен» туындаған өнімді компонент ретінде, немесе «маманның білімділік деңгейі» ретінде, қарастырылады. Егер кәсіби шеберлік деңгейлер жүйесінде құзыреттілік орнын анықтайтын болсақ, онда ол орындаушылық пен кемелдену арасында орналасқан. Төменде біз педагогикалық зерттеулерде педагогтің кәсіби құзыреттіліктің тұлғалық қасиеттерге, кәсіби іс-әрекеттің мазмұндық және процессуалдық компоненттерден тұратынын айқындайды.

Педагогикалық құзыреттіліктің иерархиялық моделі қызығушылық туындатып отыр, онда әр келесі блок келесі компоненттердің «өсуіне» арналған платформа» құра отырып, алдыңғысына сүйенеді. Блоктың құрамдас моделі педагогикалық құзыреттіліктің алты түрін ұсынады: білімдік, қызметтік, қарым-қатынастық, эмоционалдық, жеке, шығармашылық. Педагогты оқыту процесінде оның құзыреттілігінің қалыптасуына тікелей қатысы бар бірізділік ұстанымының ерекше мәні атап көрсетіледі. Мәтіннен алынған бөлек бір блок педагогқа қажетті кәсіби құзыреттілікті қамтамасыз етпейді. Кәсіби құзыреттілік мәселесі бойынша зерттеулерді талдауды ескере отырып, педагогикалық бейіндегі мамандарға қатысты

қарастырылатын ұғымды нақтылаймыз. Жоғарыда айтылғандарға сай педагогтың кәсіби құзыреттілігі маманның тұлғалық сапалы сипаттамасын ұсынады, оған пәндік сала және педагогика психология саласы бойынша да ғылыми-теориялық білім жүйесі енгізіледі. Құзырлылық оқыту перспективалы болып табылады, өйткені мұндай тәсілмен жұмыс істегенде оқу қызметі зерттеуге және практикалық бағдарланған мәнде болады, білім игеру құралына айналады.

Тұлғаның құзыреттілігі сол адамның жеке тұлға ретіндегі қасиеттерінің және ішкі психикалық жағдайларының күрделі жүйесі болып табылады.

«Нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесі» ұғымының Қазақстан Республикасындағы білім саласына енуіне байланысты «білім», «білік», «дағды», «білімділік», «дайындық» сияқты ұғымдары автоматты түрде «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарымен алмастырылып, қазіргі уақытта практиктердің кеңінен қолданылып жүрген үйреншікті сөзіне айналып кетті. Сондықтан «құзыреттілік» пен «кәсіби құзыреттілік» түсініктерін анықтауда салыстырмалы түрде талдау жасап, олардың мәнін ашып көрейік.

«Құзыреттілік» ұғымының кең таралымына қарамастан, бұл ұғымның мәні терең ғылыми талдауларды және оны негіздеуді талап етеді. Сондықтан да талдау ең алдымен, қолданыстағы ұғымның не екендігіне жауап іздеуден басталады.

«Құзырет» пен «құзыреттілік» түсініктерін анықтауда салыстырмалы түрде талдау жасалған, оларды көптеген ресейлік және шетел зерттеулерінен (И.А.Зимняя, В.И.Байденко, Н.А.Гришанова, Д.А.Махотин, О.Е.Лебедев, С.Адам, У.Клемент және тағы басқалардың еңбектерінен) көруге болады.

Қазіргі уақытта жеке тұлғаның психологиялық, теориялық және практикалық дайындық сұрақтары, педагог бойындағы кәсіби қасиеттер мен қабілеттердің қалыптасуы, оның беделі мен кәсіби шеберлігі, педагогикалық ойлауы, ғылыми еңбекті ұйымдастыру мен біліктілікті жоғарылату мәселелері бойынша кең түрде әдебиеттер қоры құрылды. Оларға С.И.Архангельский, Ф.Н.Гонобалин, Н.В.Кулюткин, И.Т.Огородников, А.И.Пискунов, В.А.Сластенин, А.И.Щербаков, Н.В.Кузьмина, Н.Ф.Талызина, В.В.Краевский, Н.Д.Хмель, С.Т.Каргин, А.К.Маркова, К.С.Оспанов және тағы басқалардың ғылыми еңбектерін жатқызуға болады.

Бұл зерттеу жұмыстары педагогтардың кәсіби дайындық мәселесін өңдеуге неғұрлым салмақты үлесін қосты, сонымен бірге қоғамдық және педагогикалық тәжірибенің маңызды қажеттіліктері арасындағы қайшылықты шешу мүмкіндігін береді.

Бүгінгі күнде «құзыреттілік» түсінігі тек қана негізгі педагогикалық категориялардың бірі ретінде ғана емес, сонымен бірге пәнаралық зерттеудің, яғни, «педагогтың кәсіби құзыреттілігі» түсінігінің мәнін анықтау мәселесі психологтардың, педагогтардың, маман-практиктердің және т.б. арасындағы дау мен қайшылықтардың объектісі болып табылады.

Жаңа психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау қазіргі уақытта «құзыреттілік» түсінігінің мәнін анықтау процесінде, оның құрылысы мен

мазмұнын толықтыруда бірліктің жоқтығын белгілеуге мүмкіндік береді. Көп жағдайда бұл түсінік біліктілік пен кәсіпқойлықтың жоғары деңгейін көрсету үшін қолданылады. Кейбір авторлар «кәсіби құзыреттілік» ұғымын түсіндіруде кәсіби іс-әрекетке дайындық түсінігімен (В.А.Сластенин, Н.Н.Лобанова, А.И.Панарин және тағы басқалар), сондай-ақ педагогикалық кәсіпқойлық (А.И.Пискунов, В.В.Косарев және тағы басқалар) түсінігімен өзара байланыстырады.

Егер де құзыреттілікті кәсіпқойлық жүйесіндегі орнын анықтауға тырыссақ, онда ол мамандықты меңгерудің неғұрлым жоғары деңгейін көрсететін орындағыштық пен жетілгендік арасында; көптеген авторлармен белгілі бір іс-әрекетті орындауға дайындық ретінде жеке тұлғаның «тұлғаның ішкі дайындығы», өзгеше «алдын ала дайындық» жағдайы мен шеберлігі арасында болады [1]. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі туралы барлық түсініктерді оқу барысында оның бірқатар маңызды өзгерістерге ұшырағандығын анықтауға болады: мұғалім жеке тұлғасының педагогикалық бағыттылығын қалыптастыру негізін өңдеуден бастап (С.Т.Каргин, А.А.Орлов, И.Я.Фастовец және тағы басқалар), сонымен қатар жеке тұлғаның толығымен және оның бойындағы кәсіби маңызды қасиеттердің дамуы (Р.Ж.Әубәкірова, Е.П.Белозерцев, И.А.Колесникова, А.Е.Кондратенков, Н.В.Кузьмина, Н.Д.Левитов, И.Я.Лернер, М.Н.Скаткин, В.А.Сластенин, К.С.Оспанов және тағы басқалар), педагогикалық шығармашылық көздерінің мәнін анықтауға (В.И.Андреев, В.И.Загвязинский, Ю.Н.Кулюткин, М.М.Поташник және тағы басқалар), мұғалім кәсіби іс-әрекетінің психологиялық негізін талдауға (Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, А.М.Матюшкин, С.Л.Рубинштейн, Д.Б.Эльконин және тағы басқалар) және педагогтың кәсіпқойлығын қалыптастыру (Е.В.Андриенко, К.А.Абульханова, В.В.Косарев, Н.В.Кузьмина, А.И.Пискунов және тағы басқалар) сұрақтарына дейін өзгеріп отырды.

Ғылымдағы кәсіби құзыреттілік мәселесін зерттеуге деген қызығушылық бір өшіп немесе бір жаңа күшпен қайта жандана түседі. Құзыреттілікті теориялық қамту және оларды тәжірибе жүзінде қалыптастыру сияқты сұрақтарға зерттеушілердің назарын аудару әдетте экономикамызда, мәдениет пен білім беру саласында болып жатқан дағдарыстық жағдайларға сай келеді. Осы кезеңдері зерттеушілер жеке тұлға құрылысындағы ерекше компоненттерді шығаруға көп көңіл аударды. Бұл компоненттер жеке тұлғаға әлеуметтік өзгерістерге бейімделуге, білімін толықтыру үшін ішкі ресурстарды табу, кәсіби іскерліктерін қазіргі жағдайға сәйкес өзгертуге, жаңартуға мүмкіндік беруі тиіс.

XX ғасырдың 70–90-жылдары отандық ғалымдардың Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, И.А.Зимняя және тағы басқалардың зерттеулерінде *құзыреттілік* педагогикалық үрдісті басқару мен педагогтың кәсіби іс-әрекетін қамтитын білім берудің жаңа мақсаты, маңызды компоненті ретінде қарастырылды. Кәсіби-педагогикалық құзыреттілік пен оның жеке түрлері В.А.Адольфтың, Е.В.Бондарев-скаяның, Н.В.Кузьминаның және тағы басқалардың ғылыми жұмыстарында, сонымен бірге педагогтың

кәсіби құзыреттілігінің басқа ба аспектілерін К.А.Абульханова, Н.В.Кузьмина, Л.М.Митина, Л.И.Мищенко, М.В.Прохорова, Е.И.Рогов, Д.С.Савельев, В.А.Сластенин, Н.Ф.Талызина, А.И.Щербаков және тағы басқалар зерттеген.

Ғалымдар көбінесе кәсіби құзыреттіліктің жеке жақтарын оқуға көп көңіл бөледі. Мысалы, Н.В.Кузьмина әлеуметтік-педагогикалық, ғылыми-педагогикалық, әдістемелік және құзыреттіліктің басқа да түрлеріне [2].

М.В.Прохорова — басқару құзыреттілігіне [3], Е.В.Нәбиева университет білім алушыларының педагогикалық зерттеу құзыреттілігіне [4] назар аударады.

Compete — негізгі латын термині, ол «білу», «істей білу» және «табысқа жету» дегенді білдіреді. Бұл мағыналар жалпы түрдегі құзыреттіліктің мәнін ашады. Кәсіби құзыреттілік категориясын әрі қарай өңдеу үшін, берілген мағыналарды нақтылап, ашып қарастыру қажет және оларды жалпы логикалық бір жүйеге біріктіру керек.

Білу кәсіби функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті объективті дұрыс және нақты білімді ғана емес, сонымен бірге білім мен іскерлікті қолдануға бағыттап, объективті маңызды болып саналатын құндылықтарды білдіреді.

Істей білу педагогикалық үрдісті жүзеге асыруда операциялы түріндегі әдістерді орындауды ғана емес, сонымен қатар субъект болатын адамның негізгі іскерлігі, өзінің ішкі, рухани тәжірибесінде қалай болса, тура солай сыртқы кәсіби (педагогикалық) болмысында да өз бетінше және саналы түрде өз тағдырын өзі анықтай білуі.

Табысқа жету белгілі бір заңдылықтар, өнегелілік пен мәдениет аумағында өзінің алға қойған мақсаттарына жете білу іскерлігін білдіреді [5].

Н.В.Кузьмина еңбектің нәтижесі мен оның кәсіби құзыреттілігіне әсер ететін, педагогикалық қызметкерлердің маңызды сипаттамасының қатарында педагогтың кәсіби іс-әрекетінің сапасы, оның шеберлігі мен кәсіпқойлығы, педагогикалық қабілеттер мен педагогқа қойылатын талаптар бойынша сұрақтарды зерттеп қарастырады. Ол педагогикалық құзыреттіліктің негізгі элементтері ретінде келесілерді атап көрсетеді: оқытылатын пәннің аумағындағы арнайы құзыреттілік, оқушылардың білімі, іскерлігі мен дағдысының қалыптасу әдістерінің аймағындағы әдістемелік құзыреттілік; оқыту аймағындағы психологиялық-педагогикалық құзыреттілік; оқушылардың қабілеттері, бағыт-бағдары мен себептері аймағындағы дифференциалды-психологиялық және аутопсихологиялық құзыреттіліктерді қарастырады.

Арнайы құзыреттілік оқыту жүргізілетін белгілі бір мамандық немесе оқытылатын пән бойынша терең білімдерді, біліктілік пен өндірістік іс-әрекет тәжірибесін; нақты бір өндіріспен байланысты техникалық шығармашылық есептерді шешу әдістерін білуді қарастырады.

Әдістемелік құзыреттілік оқытудың алуан түрлі әдістерін меңгеруі, дидактикалық әдістер мен тәсілдерді білуі және оқыту үрдісінде оларды қолдана білу іскерлігі, оқыту үрдісінде білім мен іскерлікті меңгерудің психологиялық механизмдерін білуді қарастырады.

Психологиялық-педагогикалық құзыреттілік педагогикалық диагностиканы меңгеруді, оқушылармен педагогикалық мақсатқа сәйкес қатынасты құра білу іскерлігі, педагогикалық диагностика нәтижелерінің негізінде жеке жұмыстарды жүзеге асыруды жобалайды; сонымен қатар жас ерекшелік психологиясын білуі, педагогикалық және жеке тұлғалар арасындағы қатынас; оқытылатын пәнге немесе оқушылардың таңдаған мамандығына тұрақты қызығушылықтарын туғыза білу және оларды әрі қарай дамыту іскерлігі жатады.

Дифференциалды-психологиялық құзыреттілік — оқушыларға нұсқау және бағыт-бағдар беру, олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін көрсете білу іскерлігі, адамдардың эмоционалды жағдайын анықтай білуі; оқушылармен, ұжыммен және басқарушылармен сауатты қарым-қатынасты құра білу іскерлігі жатады.

Аутопсихологиялық құзыреттілік өз әрекетіндегі өз қабілеттерінің деңгейін саналы түрде меңгеру іскерлігін; кәсіби өздігінен жетілу әдістері туралы білуді; өзінде және өзінің жұмысында жіберген кемшіліктердің себептерін көре білу іскерлігін; өздігінен жетілуге ұмтылуды жобалайды [2].

Жоғарыда аталған құзыреттіліктердің барлығы, біздің пікірімізше, болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негізі бола алады. Себебі арнайы құзыреттілік бойынша білім алушылардың пән бойынша білімі, білігі қалыптасады; әдістемелік құзыреттілік процесінде дидактикалық әдіс-тәсілдерді меңгереді; психологиялық-педагогикалық құзыреттілік негізінде қарым-қатынас мәдениетін игеріп, мамандыққа деген қызығушылықтары артады; дифференциалды-психологиялық құзыреттілік — білім алушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін көрсетіп, оларға бағыт- бағдар беруіне ықпал етеді; ал аутопсихологиялық құзыреттілік өздігінен білім алу нәтижесінде білім алушылардың кәсіби өзіндік жетілуіне, дамуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар кәсіби құзыреттіліктің әр түрлі аспектілерін зерттеу де жүргізілді. Мысалы, М.И.Лукьянова кәсіби құзыреттілікті жоғарылату мәселесін белсендіре отырып, онда психологиялық- педагогикалық құзыреттілікті атап көрсетеді. Себебі, оның пікірінше, білім берудегі ізгілендіру идеяларының таралуына байланысты, оны неғұрлым маңызды және жалпы кәсіби құзыреттіліктің салыстырмалы дербес құрылысы деп санайды. Болашақта маңызды және кәсіби құзыреттіліктің құрылысындағы салыстырмалы дербес жүйесі ретінде психологиялық-педагогикалық құзыреттілік ерекше түрдегі қабілеттілік ретінде көрсетеді және ерекше жағдайларда басқа адамдармен өзара қарым-қатынас жасау мен педагогтың мүмкіндіктерін білдіреді. М.И.Лукьянова психологиялық- педагогикалық құзыреттілікті педагогикалық іс-әрекетке кәсіби дайындығының жоғары деңгейі ретінде жеке тұлғаның белгілі бір қасиеттерінің жиынтығы және білім беру үрдісінде оқушылармен тиімді өзара қарым-қатынас деп түсінеді. Оның негізгі компоненттері ретінде психологиялық- педагогикалық бейімделудің үш блогын көрсетеді:

сауаттылық, яғни жалпы кәсіби деп қабылданған білімдер;
іскерлік, педагогикалық іс-әрекетінде және өзара әрекеттестікті ұйымдастыруда мұғалім өзінің бойындағы бар білімді қолдану қабілеті;

жеке тұлғалық кәсіби маңызды қасиеттер, педагогикалық іс-әрекет үрдісінің өзінен ажыратылмайтындай болуы. Берілген түрдегі құзыреттіліктің мәндік сипаттамасын, автордың пікірі бойынша, өз еңбегінің негізгі құндылығы ретінде оқушыға бағыттылық, сонымен бірге өзін-өзі тану мен өзін-өзі өзгерту қажеттілігі, оқыту-тәрбиелеу әрекетінің тәсілдері, жеке тұлғаның даму заңдылықтарын ескеріп, оқушыларға әсер ету әдістері құрайды. Ал құзыреттіліктің жүйені құраушы элементі ретінде мұғалімнің жеке тұлғалық кәсіби маңызды қасиеттері алға шығады [6].

Біздің пікірімізше, автор құзыреттілікті белгілі бір жүйені құраушылардың негізгі элементтерінің бірі ретінде қарастырады. Сонымен қатар мұнда мұғалімнің кәсіби маңызды және жеке тұлғалық қасиеттері алға шығады.

Г.А.Трофимованың зерттеу мақсаты педагогикалық тәжірибе шартында болашақ мұғалімдердің коммуникативті құзыреттілігі болып табылады. Автор оны педагогикалық қатынас барысындағы жағдайларға бейімделу қабілеті ретінде гуманистік құнды мұғалімнің диспозициясы негізінде тиімді өзара әрекеттесу қабілеті деп түсінеді [7].

Е.В.Нәбиева университет білім алушыларының зерттеу іс-әрекетіне дайындығын анықтап, педагогикалық зерттеу құзыреттілігін көрсетеді және оны күрделі педагогикалық құбылыс ретінде қарастырады. Ол үш функционалды компоненттердің жиынтығымен сипатталады және зерттеу әрекетінің жағымды себептеріне негізделген, ол нақты білім мен іскерлікте байқалады [4].

Болашақ шет тілдер мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу ерекшелігін С.А.Панина қарастырады. Автор оны кәсіби құзыреттіліктің жеке түрі, білім, іскерлік пен дағды жүйесі ретінде қарастырып, мұғалімнің кәсіби әрекеті үшін қажетті педагогикалық объектерді пайдаланудағы әдістердің сәйкес келуі деп түсіндіреді [8].

Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту мен оның жеке тұлғаның дамуына әсері тұрғысындағы оқытуды компьютерлендіру мәселесін зерттеуде П.В.Беспалов «құзыреттілік» түсінігін қолданады. Автор адамның белгілі бір есептерді шеше білу қабілеті ретінде және оның бойында бірқатар жеке тұлғалық қасиеттердің бар болуы деп түсіндіреді. П.В.Беспаловтың пікірінше, құзыреттілік — бұл күрделі психикалық пайда болу, жекеленген білім мен іскерлікке әкелмейтін, ал, керісінше, жеке тұлғаның интегративті сипаттамасы ретінде алға шығатын, оның бағыттылығын, сәйкес білім мен іскерлікті меңгеру себептерін, оқу мен кәсіби іс-әрекетіндегі ойлау есептерін шешу қабілеттерін болжайтын, жеке тұлғаның жетілу шекараларының бірі және тиімді оқытудың нәтижесі болып табылады [9].

В.П.Пугачев кәсіби құзыреттілікті мамандарды дайындау сапасының сипаттамасы, еңбек әрекетінің тиімділік потенциалы ретінде қарастырады. Мұнда автор кәсіби құзыреттілік ретінде мамандандырумен байланысты кәсіби функцияларды орындауда жұмыскердің «техникалық» дайындығын түсінеді [10].

О.В.Симен-Северская әлеуметтік жұмыс мамандарының педагогикалық құзыреттілігінің қалыптасу процесін зерттейді. Ол кәсіби құзыреттілікті маңызды құрастырушысы ретінде қарастырады және педагогикалық мақсатқа бейімделген кәсіби әрекетті орындау үшін қажетті білім мен іскерлік, интегративті, тұлғалық-әрекеттік жаңадан пайда болған түрі ретінде түсіндіреді [11].

Г.Ж.Меңлібекова болашақ мұғалімдердің әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасуына үлкен назар аударады. Автордың пікірі бойынша, әлеуметтік құзыреттілік — субъектінің өзін анықтай білу қабілеті, әрекетті басқару ретінде нақты әлеуметтік білім категорияларын, әлеуметтік болмысты толығымен өзіне біріктіретін адамның интегративті қасиеті және адамның өмірлік әрекетіндегі негізгі аймақтардың әлеуметтік технологияларын жүзеге асыра білу іскерлігі. Әлеуметтік құзыреттіліктің құрылыстық компоненттері ретінде автор келесілерді көрсетеді: *рухани-құндылық* (аксиологиялық) — қоғамдық және жеке тұлғалық сипаттағы негізгі өмірлік құндылықтар иерархиясынан тұрады; *гностикалық* — әлеуметтік маңызды мәселелер мен міндеттерді тиімді шешу үшін өз-өзімен (өз-өзін тәрбиелеу, өздігінен даму) және басқа да адамдармен әрекеттесу үшін қажетті әлеуметтік білімді меңгеруді білдіреді; *субъектілік* — адамның субъект болуы және өзін анықтай білу қабілеті жатады; *прагматикалық* — әлеуметтік нормалар жүйесінде және институт қатынастарында әр түрлі әлеуметтік технологияларды адамның іске асыра білу қабілетін білдіреді. Әлеуметтік құзыреттіліктің мазмұны өзінің өмірін және өмірлік жолын алдын ала жоспарлау іскерлігі ретінде уақытымен адам өмірін жазумен байланысты. Әлеуметтік құзыреттіліктің қалыптасуы — бұл білім алушылардың өз бетінше өмір сүруге дайындық процесі, олардың әлеуметтік қорғануы мен әлеуметтік жетілуі [5].

Т.Е.Исаева көптеген зерттеу жұмыстарын талдауға байланысты «құзыреттілік» түсінігін жан- жақты зерттелгенін анықтайды, оны екі топқа бөліп көрсетеді: философиялық және практикалық. Бұл ұғымды философиялық тұрғысында зерттеушілер құзыреттіліктің жеке тұлға құрылысында алатын орны, оның дамуындағы атқаратын ролі, өмір әрекетінен тәжірибе алуы, әлемдік мәдениет деңгейіне қатыстыру және өнегелі-этикалық байланысты меңгеру немесе қабылдау жағынан қарастырады. Ал практикалық тұрғысындағы зерттеушілер құзыреттілікті бағалауға немесе өлшеуге түскенде анықтау үшін қолданады. Бірақ бұл екеуі де «әрекет» ретінде ғана белгілейді және оның күрделі мәнін ашуға тырыспайды [12].

Алайда, қандай-да бір жеке құзыреттілік туралы ақпараттардың жоқ болуы немесе оның қызмет көрсету деңгейінің төмен болуы, жеке тұлғаның толығымен және басқа құзыреттіліктердің даму дәрежесі туралы қате қорытындылар жасалуы мүмкін. Құзыреттіліктің ерекшелігі сонда, ол алынған білімді, бар іскерліктері мен әрекеттің белгілі әдістерін іс жүзінде қолдану сияқты жеке тұлғаның қабілеттерін ғана бейнелеп қоймайды, сонымен қатар жеке тұлғаның үздіксіз өздігінен жетілуі процесінде шынайылық объектерін, жаңа ойлар мен ақпараттарды құру қабілеттерінің бар екендігіне куә бола аламыз.

Құзыреттілік сыртқы белгіленген әрекеттерге қарағанда неғұрлым күрделі құбылыс болып саналады, ол өмірде кездесетін ситуациялық жағдайлардың неғұрлым тиімді шешімін табуға көмек беретін, адамның шынайылықты қабылдаудың белгілі бір қасиеті деп айтуға болады.

Жоғары оқу орнындағы оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін бірнеше топтарға жіктеуге болады және ол күрделі міндеттердің бірі болып есептеледі. Құзыреттілік жеке тұлға құрылысында өзінің мазмұны мен не үшін арналғанына (коммуникативті, әдістемелік, ұйымдастырушылық және т.б.) байланысты ғана ажыратылмайды, сонымен бірге жеке тұлғаның даму процесінде алатын роліне де байланысты жіктеледі.

Көптеген ғылыми жұмыстарды талдайтын болсақ, оларда базалық және негізгі (ключевые) құзыреттері кездеседі. *Базалық құзыреттер* — білім, іскерлік пен қабілеттілік негізінде қалыптасатын белгілі бір іс-әрекет түрлерінде байқалатын және жеңіл белгіленетін құзыреттер. Ключевые (Е.В.Бондаревская, И.А.Зимняя, Г.Халаж, А.В.Хуторский және тағы басқалар) құзыреттер жеке тұлғаның барлық әлеммен қатынасында орындаған іс-әрекетінің мәні мен оның рухани әлемін бейнелейтін, сонымен қатар іс-әрекеттің барлық түрінде байқалатын, өлшеу және есептеу үшін өте күрделі болып табылатын құзыреттер.

Кейбір зерттеулерде құзыреттер басқаша жіктеледі, олар: стандартты, негізгі және жетекші. Мұнда *стандартты құзыреттер* дегеніміз — жеке тұлғаның қызмет етуінсіз немесе ұйымдастыруынсыз мүмкін болмайтын құзыреттер; *негізгі* — әлеуметтік-экономикалық нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін құзыреттер; *жетекші* — бұл болашақта инновациялық, диалог түрінде және динамикалық негізінде жаратуға, іске асыруға мүмкіндік беретін құзыреттер [13].

Көптеген ғалымдардың пікірінше, жалпы маманның кәсіби құзыреттілік түрлеріне келесілер жатады:

практикалық (арнайы) құзыреттілік — кәсіби еңбегінде қолданылатын техника мен технологияларды білуі, білімінің жоғары деңгейде болуы мен маманның кәсіби өсуіне қатысты мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және шығармашылық іс-әрекетінің нәтижесі;

әлеуметтік құзыреттілік — өзіне жауапкершілікті ала білу мен шешімді қабылдау қабілеті, топтасып бірлесе шешім қабылдауға қатысу, зорлық-зомбылықсыз жолымен дауды реттеп отыру, басқа де мәдениет пен дін өкілдерімен тиімді өзара әрекеттесу;

психологиялық құзыреттілік — қызу, жалынды мәдениетін қабылдаусыз, рефлексия іскерлігі мен дағдысынсыз, жеке тұлғалар арасындағы өзара әрекеттестік пен өздігінен іске асыру тәжірибесінсіз, онда кәсіпшілік жеке, толық емес болып қалатындығын түсінеміз;

ақпараттық құзыреттілік — жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруін қарастырады;

коммуникативтік құзыреттілік — бұл шет тілдерді білуін жобалау, сөйлеу мәдениетінің жоғары деңгейде болуы;

экологиялық құзыреттілік — қоғам мен табиғаттың жалпы даму заңдылықтарын білуге негізделген және кәсіби іс-әрекетіндегі экологиялық жауапкершілік;

валеологиялық құзыреттілік — салауатты өмір сүру денсаулықты сақтау аумағындағы білім мен іскерліктің бар болуын білдіреді.

Ал Б.Т.Кенжебеков кәсіби құзыреттіліктің келесідей түрлерін ажыратып көрсетеді:

арнайы құзыреттілік — өзінің кәсіби қызметін жеткілікті дәрежеде меңгеру, өзінің кәсіби дамуын жобалай білу;

элеуметтік құзыреттілік — бірлесе қызмет атқару, ынтымақтасу мен кәсіпке қатысты қарым- қатынасты меңгеру, кәсіби еңбегінің нәтижелері үшін элеуметтік жауапкершілік;

жеке тұлға құзыреттілігі — өзін көрсете білу мен дамытудың амалдарын, құралдарын игеру және кәсіби еңбектегі даралық;

дара құзыреттілік — өзінің қабілетін жүзеге асыру, кәсіп аясында өз даралығын дамыту қабілеттігі, кәсіби тұрғыдан өсуге деген дайындық, өзінің даралығын сақтау қабілеті, еңбегін ұтымды ұйымдастыруға икемділігі, еңбекті қиындықсыз, шаршаусыз, тіпті сергіту арқылы нәтижеге жеткізу [14].

Жоғарыда аталған құзыреттіліктің түрлері адамның кәсіби іс-әрекетінде, кәсіби қарым-қатынас жасауда, кәсіби жеке тұлға ретінде қалыптасуында байқалады және оның даралығының кемелденуін белгілейді. *Жоғары білімді маманның құзыреттілігін* автор жоғары оқу орны түлегінің кәсіби қызметтегі біліктілік пен іс-әрекетті атқаруға деген теориялық және практикалық дайындығы мен қабілетінің бірлігі деп түсіндіреді. Бұл ұғымның мәні кәсіби икемділіктердің жиынтығы арқылы ашылады.

Адамға кәсібінен тысқары жерде қажетті құзыреттіліктің кейбір жалпы түрлері айқындалған. Бұлар өндірістегі, элеуметтік тәжірибедегі өзгерістер кезінде өз маңызы мен мәнін жоғалтпайды. Б.Т.Кенжебеков құзыреттіліктің әр түріне кәсіпаралық жалпы компоненттердің мынадай түрлерін енгізеді:

мамандыққа құзыреттілік — өндіріс процесін жоспарлауға қабілеттілік, компьютермен, оргтехникамен жұмыс істей білу, техникалық құжаттамаларды оқу, қол машықтығы;

жеке тұлға құзыреттілігі — өзінің еңбегін жоспарлауға, бақылауға және реттеуге қабілеттілік, өз бетімен шешім қабылдауға үйреншікті емес (нестандартное) шешімдер табуға, қисынды теориялық және практикалық ойлау; проблеманы көре білу, өз бетімен жаңа білім мен іскерлікті игеру қабілеті;

дара құзыреттілік — жетістік мотивациясы және табыстың қорлануы, өз жұмысының сапалы болуына ұмтылу, өзін-өзі мотивациялауға қабілеттілігі, өзіне деген сенімі мен оптимизм. 14

Адамға тірі организм ретінде ең алдымен, оның физикалық бар болуы мен дамуын қамтамасыз ететін барлық құзыреттер тән. Осыған байланысты Т.Е.Исаева адамның құзыреттілігіне жататын бірінші топқа *бейімделу*

құзыреттерін жатқызады. Автор интеллектуалды, физикалық, психикалық дағдылардың жиынтығын, қоршаған орта мен табиғатқа қатысы туралы білуін, шығармашылық пайда болу жолымен табиғи байлықтарды сақтау және өзгермелі табиғи ортаға адамның бейімделуін түсіндіреді.

Әлеуметтік құзыреттіліктермен өзара *кәсіби* (кейде пәндік, әдістемелік деп те қолданылады) *құзыреттер* тығыз байланысты. Т.Е.Исаева кәсіби құзыреттерді — жүргізілетін пәннің ерекшелігімен қамтылған және оқытушы ұстанатын, педагогикалық жүйеге сәйкес таңдалатын оқытудың әдістерін, кәсіби тәжірибенің тәсілдерін, білім, іскерлік жиынтығы ретінде түсіндіреді [12].

Әлеуметтік құзыреттіліктердің ішінен *коммуникативті құзыреттерді* де ерекше атап өтуге болады. Д.Т.Қаңлыбаеваның пікірінше, коммуникативті құзыреттер адамның қарым-қатынас жасау мәдениетіндегі практикалық іске асыру болып табылады. Ол жеке тұлғаның өз бетімен іске асыруға, өзін анықтауға дайындығын қамтамасыз етеді, қоршаған орта мен өзінің арасындағы үндестікке жету шарты, адамның ішкі әлемін құру мен оны байыту құралы болып саналады. Автор коммуникативті құзыреттер деп құрылысы бойынша күрделі, жеке тұлғаның өздігінен жүзеге асуы мен қарым- қатынастың негізгі міндеттерін табысты іске асыруын қамтамасыз етеді және лингвистикалық іскерлікті меңгерумен, тіл мәдениетінің ерекше әлеуметтік-мәдени нормаларын сақтаумен, қарым- қатынас жасаушылар арасында психологиялық заңдылықтарды орнатумен, жағымды атмосфераны ұстаумен, жеке тұлғаның эмоционалды-сезім аймағының дамуымен анықталады дейді [15].

Жалпы кәсіби құзыреттілік анықтамаларын жалпылай отырып, біз келесідей қорытынды жасаймыз: *оқытушының кәсіби құзыреттілігі* дегеніміз — бұл педагогикалық және тәрбие міндеттерін дұрыс шешу үшін ғылыми және практикалық білімдерін құра білу іскерлігінің жиынтығы. Осы тұрғыдан оқытушының кәсіби құзыреттілігінің негізгі көрсеткіштері ретінде келесілерді атауға болады: кәсіби әрекетінің мақсаты мен міндеттері, педагогикалық жағдаяттарға байланысты психологиялық-педагогикалық білімдерін кәсіби әрекетінде қолдана білу іскерлігі, қазіргі білім беру технологияларын меңгеру, педагогикалық қарым-қатынас жасау мәдениетінің жоғары деңгейде болуы.

Сонымен, кәсіби-тұлғалық құзыреттердің осылайша жіктелуі оның аяқталғанын көрсетпейді немесе көптеген құзыреттер жеке тұлға потенциалына, әлеуметтік-мәдени қамтылуына байланысты өзгермелі болып келеді.

Кәсіби құзыреттіліктің мәнін, жоғарыда аталғандай, әр түрлі көзқарас бойынша қарастыру, оның көпқырлы және өзгермелі түсінік екендігін анықтайды. Оның мәні қоғамда, білім беру жүйесінде, ғылымда, мәдениетте болып жатқан өзгерістерге сәйкес ауыстырылады және әр түрлі көзқарастар бойынша қарастырылады. «Кәсіби құзыреттілік» түсінігінің мазмұнын толықтыру да өзгеріп отырады, себебі ол көптеген факторларға байланысты: педагогиканың және бір-бірімен шектес ғылымдардың дамуы, қоғамдағы мәдениеттің жағдайы және т.б.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, «құзыреттілік» термині білім, іскерлік, дағды, тәжірибе мен жеке тұлғаның қасиеттері категорияларында қарастырылады.

Алайда «құзырет» пен «құзыреттілік» ұғымдарының күнделікті қолданыстағы білім, білік және дағдыдан айырмашылығын К.С.Құдайбергенова келесідей ажыратып көрсетеді:

білімнен айырмасы — қызмет жөніндегі ақпараттық сипатта емес, өнімді қызмет формасы түрінде байқалады;

дағдыдан айырмасы — оқыған материалды топтастырып, шығармашылықты пайдалана отырып, құбылыстар мен заңдылықтарды өзгерте алатын саналы қызмет;

біліктен айырмасы — дағдыға автоматты түрде жету немесе оны алмастыру емес, керісінше, бірнеше пән бойынша дағдыларын біріктіру, жалпы қызмет негізін сезіну.

Осыған байланысты автор «құзырет» — әр түрлі кенеттен пайда болған жағдайларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе іс-әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік жағдаяттар арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі; ал «құзыреттілікті» адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты, тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыруды ұсынады [16].

Сонымен, жоғарыда аталып өткен пікірлерді топтап біріктіруге байланысты, берілген «құзырет» пен «құзыреттілік» ұғымдарын түсіндіруде негізгі екі әдісті атауға мүмкіндік туады.

Бірінші әдістің (әрекеттілік көзқарасының) өкілдері құзыреттіліктің негізгі критерийлері ретінде біліммен көрсетілетін, маманның біліктілігі мен дайындық деңгейі С.И.Ожегов, С.Я.Батышев, В.И.Ермакова, Г.М.Коджаспирова, А.Ю.Коджаспиров және тағы басқалар), іскерлікпен көрсетілетін (Ю.Н.Кулюткин, Л.Ф.Спирин, И.Х.Хобер, В.А.Сластенин, Л.И.Мищенко, Л.М.Митина, В.А.Мижериков, М.Н.Ермоленко және тағы басқалар), білім мен іскерліктің қосындысы ретінде (В.Н.Бондарь, Л.А.Симонова, Г.М.Коджаспирова, А.Ю.Коджаспиров, С.А.Панина, Н.Н.Коршунова, Ш.Құрманалина және тағы басқалар) немесе білім, іскерлік пен тәжірибенің жиынтығы ретінде (Ю.Н.Емельянов, Л.А.Петровская, С.Б.Елканов, Н.А.Кузьмина және тағы басқалар).

Екінші әдісті (тұлғалық немесе тұлғалық-әрекеттілік көзқарасы) ғалымдар құзыреттілікті кәсіби іс-әрекетін табысты жүзеге асыру үшін қажетті жеке тұлғаның қасиеттерімен байланыстырып көрсетеді (Э.Ф.Колмакова, И.Г.Абрамова, Г.А.Трофимова және тағы басқалар), немесе өзіне білім мен іскерлікті қосатын жеке тұлғалық қасиеттердің, мүмкіндіктердің, біліктіліктің жиынтығы ретінде (Е.С.Жариков, Т.Г.Браже, Б.С.Гершунский, В.И.Маслов, Н.Розов, М.В.Прохорова, А.К.Маркова, К.А.Абульханова, Н.В.Васина, Е.В.Набиева, Л.Г.Лаптева, Н.А.Разина, Г.Ж.Менлибекова Б.Т.Кенжебеков, И.А.Колесникова, Е.Ю.Рубинштейн, П.В.Беспалов, С.И.Ферхо және тағы басқалар).

Біз педагог іс-әрекетіндегі білім мен іскерліктің маңызды роль атқаратынын ескере отырып, екінші көзқарасты ұстанамыз, бірақ жеке тұлғаның белгілі бір қасиеттеріне ие болмаған педагогтың кәсіби іс-әрекеті неғұрлым азырақ тиімді болады деп түсінеміз.

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі-оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық-белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің негізгі шарттары:

1. Тұлғааралық және еңбектегі байланыс.
2. Қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі.
3. Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.
4. Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті
5. Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі.
6. Тиімді шешім қабылдау қабілеті.

«Құзырлылық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті»- деп түйіндейді белгілі оқымысты Т. Г. Браже. Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет.

Ұлы Абайдың: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», – деген сөздері ұстаздық мамандықтың болмысын ашатын сөздер емес пе?

Сондықтан кәсіби шеберлігі шындалған, құзырлығы жоғары, өз ісінің технологы болу ұстаздан нені талап етеді десек, ол мұғалімнің шығармашылық іс – әрекетінің мазмұны зерттеушілік қызметтен, жеке ізденістерден тұрады. Нәтижеге бағытталған білімдендірудің жаңа жүйесіне көшу мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда да жаңа көзқарасты қалыптастыруды, құзырлықтарын үнемі дамытуды талап етеді. Жоғары мәдениетті адам ғана осы қажеттіліктерді шешудің жолдарын іздейді, табады.

Ойы жүйрік, ақылы терең, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, шығармашылығы биік, кәсіби шеберлігі жетілген, ізденуші, зерттеуші, жасампаз жаңашыл ұстаз – бүгінгі қоғамның тапсырысы.

Әр сабағына өздігінен білім меңгерудің, ізденіс пен жемісті еңбектің қайнар көзіне айналдырғанда ғана, талапқа сай мұғалім болу

мәселесі шешіледі. «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер», – дейді Жүсіпбек Аймауытов.

Құзыр- бұл адамның бойындағы бар білік пен білім және қабілеттері. Құзырет – қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық; жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында табысты іс әрекетке дайындық, Ал, құзыреттілік дегеніміз – бұл адамға берілген немесе жүктеген істі нәтижелі түрде орындауын бағалау мінездемесі. Бұл адамның бойында өзіндік, жауапкершілік, коммуникабельдік, жаңалықты жоғары қабылдайтын, мәселені шеше алатын, адамгершілігі мол, білімі жоғары, жаңа технологияларды меңгере алатын, ұжымда жұмыс жүргізе алатын, белсенділік қасиет – қабілеттерінің болуы.

1. Арнайы құзыреттілік- өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілеті.
2. Әлеуметтік құзыреттілік- кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті.
3. Білім беру құзыреттілігі – педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін -өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Білім алушылар оқытушы қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы: ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім – қазіргі білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Мұндай құзырлықтың қатарына мыналар жатады:

* бағдарлы құзыреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);

* мәдениеттанымдылық құзыреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);

* оқу-танымдық құзыреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);

* коммуникативтік құзыреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);

* ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

* әлеуметтік- еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);

* тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті).

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан- жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана студент құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан- жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады.

Психологтер де, педагогтер де адамның рухани интеллектуалдық, кәсіби шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы өмірінің әр кезеңінде әр қалай деп көрсетеді. Мысалы, ұлы педагогтер А.Дистерверг, К.Ушинский, А.Макаренко, В.Сухомлинский, т.б мұғалімдік еңбекті адамтану ғылымы, адамның жан дүниесі, рухани әлеміне бойлай алу өнері дей отырып, педагогикалық шеберліктің дамуына зор үлес қосқан. Осы тұрғыдан алып қарағанда педагогикалық шеберлік- кәсіби әрекетті жоғары деңгейге көтеретін мұғалімнің жеке қасиеттерінің, оның білімі мен білігінің жүйесі. Осы мәселені терең зерттеген А.Маркова мұғалімнің кәсіби деңгейге көтерілуінің төмендегідей психологиялық критерийлерін анықтаған.

Объективті критерийлер. Мұғалімнің өз мамандығына қаншалықты сәйкес әлеуметтік тәжірибеге қосар үлесі қандай екендігі. Жоғары еңбек көрсеткіші, әртүрлі мәселелерді шығармашылықпен шеше алу біліктері, т.б жататындығын атап өтеді.

Субъективті критерийлер. Адамның мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушыларына сәйкес қаншалықты ол өз ісінен қанағат табатындығымен байланысты. Мұғалім еңбегіндегі субъективті критерийлерге кәсіби – педагогикалық бағыттылық, кәсіптің маңыздылығын, оның құндылығын түсіну, маман иесі ретінде өзіне позитивті көзқарастың болуын жатқызады.

Нәтижелі критерийлер. Мұғалім өз ісіне қоғам талап етіп отырған нәтижелерге қол жеткізіп отыр ма деген мәселе тұрғысынан қарастырады. Біреулер нәтиже ретінде оқушылардың білімдерінің стандартқа сай болуын алса, енді біреулер олардың қарым- қабілетін дамытуды алады, ал кейбіреулері оқушылардың өмірге дайындығын басты назарда ұстайды, ал оқыту нәтижесі біз үшін баланың психологиялық функцияларын жетіліп, өзінің педагогикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуге қолдана алуы.

Шығармашылық критерийлер. Мұғалім өз кәсібінің шекарасынан шыға алуы, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгерте алуы жатқызылады. Шығармашыл мұғалім үшін біреудің тәжірибесін қайталағаннан гөрі өз жаңалықтарын, білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алуының, шығармашылық бағыттылықтың болуының мәні зор. Кәсібиліктің бірден келе салмайтындығы белгілі, оны әр мұғалім ерте ме, кеш пе меңгеруі тиіс. А.Маркова оның кезеңдерін төмендегідей етіп бөледі: мұғалімнің өз мамандығына бейімделу кезеңі: мамандықта өзін-өзі өзектендіру кезеңі: мамандықты еркін меңгерген кезең: мамандықта шығармашылық деңгейге жеткен кезең. Осылайша ғалым кәсіби құзыреттіліктің сипаттамасын шебер- мұғалімнің, жаңашыл- мұғалімнің, зерттеуші- мұғалімнің, кәсіби дәрежесіне көтерілген мұғалімдердің жиынтық бейнесі ретінде қарастырады.

Ең бірінші кезекте мұғалімнің « өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс- әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек. Қазіргі кәсіптік- педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді.

Ал, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық- ізгілілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс- қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз.

Білім беру жүйесінде цифрлық технология құралдары негізінде педагогтардың құзіреттілігін арттыру әдістемесі

Қазіргі заманғы ғылыми – техникалық үрдістің қарқыны, білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Ең бастысы - өз жұмыс орнына және бүкіл техникалық тізбекте технологияның үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын орындаушының тұлғасын қалыптастыру міндеті. Біліміне, біліктілігіне, парасатына пайымы сай ұстаз бүгінгі таңда жас ұрпаққа білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістерге байыппен қарап, оның заман талабына сай мән-маңызын түсінеді. Әлемдегі озық, бәсекелестікке қабілетті 50 елдің қатарына еніп, өркениетті елдермен иық тіресе тұру міндеті, сайып келгенде, еліміздің ертеңгі азаматтарының қолында.

Сондықтан ұстаздарды серпілістер мен жаңарулардың қарсаңындағы басты тұлға дей аламыз. Ендеше жүктеліп отырған аса жауапты міндет, білім саласындағы

реформалар, педагогикалық әдіс – тәсілдердің тың, мәнді, әрі сапалы болуын талап етіп отырған осы бір айтулы кезеңде, мұғалімдер жылдар бойы жинақтаған іс – тәжірибесін жаңа технологияларға ұштастыруы қажеттігі туындайды.

Қазіргі педагогика ғылымында негізгі базалық ілімдердің бірі «құзыреттілік» болып отыр. Құзыреттілік дегеніміз - тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш-жігердің болуы. Құзыреттілік жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда аман қалуды қамтамасыз етеді және олар бәсекеге қабілетті маманмен қамтамасыздандырады. Көптеген елдерде құзыреттілікке жаңаша мән беру білімді жоғары дәрежеге көтергені мәлім. Құзыреттілік еңбек нарығында тұрақты өсіп отырған талаптармен, шапшаң технологиялық өзгертулермен, соның ішінде академиялық және еңбектегі мобильдік өсуімен негізделген. Құзыреттіліктің жеке компоненттерін анықтай отырып, ол адамның алдына қойған мақсаттарын орындауға көмектесетін сипаты мен икемділігін атайды.

Қазақстанның әлеуметті-экономикалық даму мақсатын жүзеге асыруда кәсіптік білім беретін мекемелердегі бәсекелестік қабілеті бар болашақ мамандарға әртүрлі өндірістік салаларға даярлау деңгейі білім беру жағдайларымен анықталады.

Қазіргі таңда жан-жақты маман даярлау олардың әлеуметтік, кәсіптік, өздік жұмыс жасай алу қабілеттерін дамытумен белгіленеді. Себебі әлеуметтік сала экономикасын дамыту осы болашақ мамандардан төмендегідей шарттардың орындалуын талап етеді:

жүйелі ойлау;

экологиялық, құқықтық, ақпараттық мәдениет;

кәсіпкерлік мәдениет;

өзін-өзі тану және басқаларға ұсыну;

өз қызметін білімді талдау;

кейбір өндірістік жағдайларда өз бетімен дұрыс шешім қабылдай алу;

жаңа білімді меңгеру;

әр іске жауапкершілікпен қарау.

Осыған орай, біздің информатика-ақпараттандыру пәндері мамандықтары бойынша мемлекеттік білім стандарттары негізінде құрылған типтік жұмыс бағдарламалары, оның негізінде дайындалған оқу жұмыс бағдарламалары, тақырыптық-күнтізбелік жоспарлар, оқу-әдістемелік кешендер, есептер жинағы, көрнекілік альбомдар қолданылып келеді. Мұның барлығы маман моделінің нарықта қажеттілігін тұрғызуға бағытталуы қажет. Өйткені себебі, соңғы кездерде білім саласында біліктілік моделінен құзыреттілік моделіне ауытқу көп қарастырылып жүр, яғни жұмыс берушіні көбінесе біліктілік емес, құқық, ақпарат, әлеуметтік сала жағынан құзыретті мамандар қызықтырады. Бірақ біліктілікке қосымша құзыреттілік бірге жүрген жағдайда маман моделі жүйелі сипатталады деуге болады.

Техникалық ғалымдар докторы Н.А.Селезнева және физико-математикалық ғылымдар кандидаты И.Н.Медведевтің ғылыми басшылығымен Мамандарды салалық даярлау мәселесін зерттеу орталығында Псков мемлекеттік педагогикалық

мектепімен шығармашылық бірлестікте орындалған іс-тәжірибеге назар аударатын болсақ, мамандардың негізгі, жалпы кәсіптік және арнаулы құзыреттілігі бөлінген.

Негізгі құзыреттілік сала ерекшелігіне қарамастан барлық мамандар бойынан табылу керек деп қарастырылған, себебі құзыреттілік маман біліктілігінің негізін құрайды, оның ішінде:

ақпараттық;

коммуникативтік (қатысымдық);

әлеуметті – құқықтық құзыреттілік көрсетілген.

Ақпараттық құзырет – мамандардың компьютерлік білімділігі, жаңа ақпараттық технологияларды қолдана алу (мультимедия, электронды пошта, Интернет) мүмкіндігі.

Коммуникативтік құзырет – бірлесіп жұмыс істеуді бағалау, адамдар арасындағы сенімділік, бірін-бірі түсіну, тыңдау, сыйлау, этикет сақтау, дәстүрді білу, дау жан-жалды шеше алу, бұзылған қатынастарды түзету, өз қателігін түсіне білу, топпен жұмыс жасай алу, орындаушылардың жұмысын дұрыс ұйымдастыру, басқару шешімдерін таба алу және қолдана білу қабілеттері.

Әлеуметті-құқықтық құзырет - өз елінің азаматы ретінде өзінің және қоғам мүшелерінің әлеуметтік қызметтерінің маңызын түсіну, қоғамдық міндеттерге тұрақты қарау, мемлекет нышандарын білу, адам құқығын жете білу, қажетті жағдайларда оларды қолдану, өзіне жауапкершілік арту жатады.

Осы жоғарыда аталған үш құзыреттілік барлық азаматтар үшін, олардың мамандығына, білім деңгейіне, тұратын жеріне қарамастан негізгі қажетті қасиеттер болып саналады.

Болашақ мамандарының құзыреттілік деңгейінің жетістігін бағалау үшін мектептің соңғы курс студенттері арасында анкета жүргізу ұйымдастырдым. Бұл анкетада сұрақтарға байланысты «Иә»; «Иәға жуық»; «Жауап беруге қиналамын»; «Жоқ»; «Жоққа жуық»; «Жауап жоқ» деген жауаптар қолдандым.

Бұл талдау нәтижесінде пән бойынша ақпараттық оқулықпен студенттердің 100% ғылыми әдебиетті 44%, анықтамалар, сөздіктерді 94%, интернетті 72% қолдана алатындығы белгілі болды. / Қосымша 2 /.

Коммуникативтік құзыреттілікті талдау нәтижесінде оқушылардың 50% үлкен-кішімен тіл табыса алатын, сөйлесудің шекарасын білетін, өз ойын жеткізе алатын, көпшілік арасында өзін ұстай алатын, топпен жұмыс жасай алатын, біреуге көмекке келе алатындықтарын көрсетті. Тек студенттердің 9 % жауап беруге қиналса, 12 % көпшілік алдына шығуға, бірлесіп жұмыс жасауға, дау жан-жалды шеше алуға қиналатындарын білдірді.

Бұл құзыреттілік әр сала маманының кәсіби мазмұнына сай қарастырылған. Қазіргі заман информатиктері, бағдарламашылары, есеп саласының қызметкерлері қандай кәсіптік қызметтерге даяр болуы керек? Осы жағынан қарастыратын болсақ, бұл мамандықтар бойынша болашақ мамандар мәселені уақытында анықтай алу, оның себептерін, жағымды және жағымсыз жақтарын белгілеу, кәсіпорын тұтынушыларымен, клиенттерімен тіл табыса алу қасиеттерімен бағаланады.

Білім алушылардың іс-әрекетін белсендіруге және қарқындыруға негізделген технологиялардың бірі «Проблемалық оқыту». Ерекшелігі: білім алушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту, білетіні мен білмейтінінің арасындағы қайшылықтарды ашу әрі проблемалық міндеттер қою. Проблемалық оқытудың қалыптасу тарихына үңілсек, Сократ өзінің шәкірттерін логикалық ойлауға, зерттеулердің нәтижелерін табуға бағыттап отырған. Руссо білімді игеру үшін ситуациялар қою арқылы жүзеге асырған. Проблемалық оқытудың ең керекті әрекеті ізденіс болса, соны өз тәжірибесінде кеңіне қолданған ғалымдар қатарында Песталоцци мен Дистервегтің еңбегі зор. Проблемалық оқытудың басқалардан айырмашылығы - білім оқушыларға дайын күйінде хабарланбайды, керісінше олардың алдына өз бетінше шешуге проблема қойылады. Іздену әрекеті барысында білімді оқушылардың өздері табады.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2020 – 2030 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқытандарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген.

Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықты игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Жалпы алғанда, «құзырлылық» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылық ұғымы - соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы «competens» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді.

Бұл жайлы Б.Тұрғынбаева «...өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н. Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз – педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы».

Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби- тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат екенін анықтай келе, 12 жылдық білім беруде педагог төмендегідей құзыреттіліктерді игеруі міндетті деп көрсетілген.

Арнайы құзыреттілік – өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілеті.

Әлеуметтік құзыреттілік – кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті.

Білім беру құзыреттілігі – педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін – өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Оқушылар ұстаздар қауымынан тек білімге ғана емес, өмірге де үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы; жедел шешім қабылдаушы; ерекше ұйымдастырушылық қабілетті; нақты бағыт – бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім – қазіргі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезуіне үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады: бағдарлы құзыреттілік; мәдениеттанымдық құзыреттілік; оқу- танымдық құзыреттілік; коммуникативтік құзыреттілік; ақпараттық- технологиялық құзыреттілік; әлеуметтік- еңбек құзыреттілігі; тұлғалық өзін- өзі дамыту құзыреттілігі.

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттілігінің жан – жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана студент құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан – жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарында қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады.

Қазіргі аса қарқынды өзгерістерге толы әлеуметтік – экономикалық жағдайда білім беру жүйесінде педагогке қойылатын талап та ерекше екендігі түсінікті. Бұл мынандай фактілерге байланысты:

- оқытудың әр алуан түрлері мен әдістерін қолдану,
- топтық жұмыс дағдыларын дамыту,
- әрекеттерге үйрету,

– нақты ситуацияларды талдау.

Мұғалімге өз ісінің маманы болумен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тыңдай білу керек. Кез – келген ұстаз «Балалар құқығы туралы заңды» және Конвенцияны әрқашан басшылыққа ала отыруы шарт. Бала құқығын сыйлау баланың құқықтық санасын көтеруге, құқықтық тәрбие беруде маңызы зор. Құқықтық мемлекет құруды мақсат еткен Қазақстан жағдайында баланың құқықтық түсінігін ерте қалыптастыру қоғамның болашақ тәртіпті, тәрбиелі азаматтардан тұратындығына кепіл болады.

Психологтер де, педагогтер де адамның рухани интеллектуалдық, кәсіби шығармашылықпен өзін – өзі дамытуы өмірінің әр кезеңінде әрқалай деп көрсетеді. Мысалы, ұлы педагогтар А. Дистервег, К. Ушинский, А. Макаренко, В. Сухомлинский, т.б. мұғалімдік еңбекті адамтану ғылымы, адамның жан дүниесі, рухани әлеміне бойлай алу өнері дей отырып, педагогикалық шеберліктің дамуына зор үлес қосқан. Осы тұрғыдан алып қарағанда педагогикалық шеберлік – кәсіби әрекетті жоғары деңгейге көтеретін мұғалімнің жеке қасиеттерінің, оның білімі мен білігінің жүйесі. Осы мәселені терең зерттеген А. Маркова мұғалімнің кәсіби деңгейге көтерілуінің төмендегідей психологиялық критерийлерін анықтаған.

Объективті критерийлер: мұғалімнің өз мамандығына қаншалықты сәйкес әлеуметтік тәжірибеге қосар үлесі қандай екендігі. Жоғарғы еңбек көрсеткіші, әртүрлі мәселелерді шығармашылықпен шеше алу біліктері;

Субъективті критерийлер: адамның мамандығы оның табиғатына байланысты. Оның еңбегіндегі бұл критерийлерге кәсіби-педагогикалық бағыттылық, кәсіптің маңыздылығын, құндылығын түсіну, маман ретінде өзіне позитивті көзқарастың болуы;

Нәтижелі критерийлер: оқыту нәтижесінде баланың психологиялық функциясының жетіліп, алған білімдерін өмірлік мәселелерді шешу барысында қолдана білуі;

Шығармашылық критерийлер: мұғалім өз кәсібінің шекарасынан шыға алуы, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгерте алуы жатқызылады. Шығармашыл мұғалім үшін өзгенің тәжірибесін қайталағанна гөрі өз тәжірибесі мен жаңалықтарын басқаларға ұсына алуының, шығармашылық бағыттылықтың болуының мәні зор.

Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз.

Құзыреттілік тәсіл идеясы – қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады?

Оқытушының құзырлығын қалыптастыру бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзыреттілік тәсілді білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсілмен

білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарысты жағдайдан шығарудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көлеміне байланысты емес, ол білімді қолдана білуге байланысты. Бұл проблеманың ғылыми-теориялық тұрғыда аз зерттелуі, мұғалімге құзыреттілігін нығайтуға мүмкіндік берілмеуі біздің біліктілікті жетілдіру жүйесінде мұғалімнің әдістемелік шығармашылығын кәсіби тұрғыдан дамытудың теориялық негізін жасауды қажет етеді.

2. Білім берудегі құзыреттілікті қалыптастыру жолдары. Білім беруі құзыреттілік тұрғысынан ұйымдастыру педагогикалық білім беру мен білікті жетілдіру мазмұнын жаңарту құралы ғана емес, оны қазіргі талапқа сай ұйымдастырудың қажетті тетігі ретінде қарастыруға болады. Құзыреттілік тұрғысынан ұйымдастыру білім беру мен білікті жетілдіру жұмысына айтарлықтай өзгеріс ендіріп, оған тәжірибиелік-шығармашылық бағыт береді және жастарды «қалай оқыту керек?», «қалай үйрету керек?», «өз өмірінің менеджері қалай болуға үйрету керек?» деген сұрақтар төңірегіне бағытталып отыр. 12 жылдық білім беруге көшуде мектеп алдына негізгі үш бағыт - оқушының жеке қабілетін, әлеуеттік мүмкіндіктерін, ішкі қажеттіліктерді есепке ала отырып, даралап оқыту бағытында оқыту негізге алынады. Бұл бағыттарды жүзеге асыру үшін мұғалім негізгі инварианттық компонент – мемлекеттің базалық оқу стандарты жүйесіндегі талаптар мен мазмұндарға жауап беретіндей жалпы міндетті оқу жоспарының бөлімін меңгеру; профильдік компонент–профильдік оқу стандарты талаптарының мазмұнында көрсетілгендей оқу курстарының тереңдігін, оқылатын пәндердің өзара байланыстылығын меңгеру; тұлғалық компонент–оқушылардың өзіндік зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға байланысты арнайы таңдау курстарын, оқу жоспарларын меңгеру бағытындағы үш компонентпен таныс болуы тиіс.

Төменгі деңгей (бейімделу) - құзыреттілік туралы түсініктері аз, кәсібилікке талпынысы жеткіліксіз, өз бетімен ізденуге, білімін көтеруге аса ықыласты емес, дидактикалық біліктілігі, өз қызметінің нәтижелерін саралау, баға беру деңгейі төмен, адамдармен тіл табысуға, білім, білік, дағдыларды игеруге құлықты емес.

Орта деңгей (репродуктивтік) - кәсіби құзыреттілік жайлы білімдері мен қызығушылықтары бар. Олар тұрақты болмағанымен кәсіби құзыретті маман болудың қажеттілігін сезінеді.

Жеткілікті деңгей (эвристикалық) - кәсіби құзыреттілікке деген көзқарасы жақсы, дидактикалық біліктілігі біршама қалыптасқан, оқытудың әдіс-тәсілдерін, технологияларын қолдануға, шығармашылықпен жұмыс істеуге қабілеті бар, бірақ тұрақты қолдануға дағдыланбаған, қызметінде табысқа жету үшін қосымша материалдарды, ақпараттарды тауып, оларды іріктей алады.

Жоғары деңгей (креативтік) - кәсіби құзыреттілікке деген қызығушылығы тұрақты, оны өзінің кәсіби іс-әрекетінің мәні деп есептейді, білім, білік пен дағдыларды игеруге қызығушылықтары жоғары. Педагогикалық қызметте кәсіби-дидактикалық құзыреттіліктің қажеттілігін саналы түрде түсінеді. Мәселенің

шешімін табу, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктері қалыптасқан, әрекеттерін жобалай біледі, ұйымдастыра алады және оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін, технологияларын қолданып өткізе алады, адамдармен тез тіл табысады, ұжымда, әлеуметтік ортада беделді.

Заман талабына сай қазақстандық білім беру жүйесінің моделіне үлкен өзгерістер енгізіледі деп күтілуде. Соның бірі ғылыми жұмысқа жаңадан кіріскен зерттеушілердің бойында қойылған мәселенің шешімін таба білу құзыреттілігін қалыптастыру. Ізденушілерге ғылыми жұмысты зерттеу барысында ізденудің әдіснамалық құрылымын беру, тәжірибелік деректерді таңдау сияқты, т.б. сұрақтар туындайды. Мұның бәрі зерттеу жұмысының сапасын төмендететін түрлі қателіктерге ұрынбау үшін қажет. Мұндай қателіктер ғылыми зерттеу тақырыптарының толық ашылмауы; мысалдардың қысқа берілуі, теориялық материалдардың түбегейлі түсіндірілмеуі, ізденушінің идеяны түсінбеуі; жаңалық пен теория мәнінің ерекшеленбеуі; ғылыми терминологияның сақталмауы, қабылданған терминдердің орнына тұрмыстық лексиканың қолдануы; жасалған жұмыстың берілуіндегі ғылыми стилдің бұзылуы, кіріспе мен зерттеу бөлімінің қорытындысы мен негізгі бөлімнің мазмұнын бере алмауынан ғылыми зерттеудің негізгі мәнінің көріну мүмкіндігінің жоқтығы; іздеу тақырыбына мүлдем қатысы жоқ әдебиеттер мен мақалалардың қолдануы, ескірген әдебиеттердің қате әрі қолданылатын үлгілердің ауытқи дайындалуы, стилдік, орфографиялық, синтаксистік қателердің көптігі; зерттеулерде ұсынылған жаңалықтардың пайдалану дәрежесін бағалайтын құрылғы кей кезде жеке тұлғаның даму әсерін анықтауға мүмкіндік бермеуі; зерттеу тапсырмаларының тәжірибе барысында толық көлемде шешілмеуін көрсетеді.

Ғылыми зерттеу жұмысының орындалуы тұлғалық, интеллектуалдық, психологиялық, күш жігер мүмкіндіктерімен жасалуымен сипатталады. Мұндай мүмкіндіктер зерттеушінің құзыреттілік мазмұнын құрайды. Зерттеушінің құзыреттілігі жоғарылаған сайын ғылыми зерттеу жұмысының деңгейі жоғары болады.

Еліміздің дамуының алғы шарты білім дедік, яғни «Үшінші мыңжылдықтың жастары қандай болмақ?» деген сұрақ туындайды. Жауапкершіліктің биігінен көрінуі де жас ұрпаққа берілетін білім сапасын мейлінше арттыруды қажет етеді. Ал, білім сапасын арттыру, оның деңгейін әлемдік білім кеңістігіндегі стандарттарға сай келтіру түптеп келгенде, мұғалімге, оның кәсіби құзырлығына, әдістемелік біліктілігі мен шеберлігіне тікелей байланысты. Жас ұрпаққа жоғары сапалы білім беру ісін тек қана көп мәдениетті, шығармашыл, жаңашыл, инновациялық тұрғыда ойлап, қызмет жасай білетін ұстаз ғана мүлтіксіз атқара алады.

Құзыреттілікті қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі. Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қоюда. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама – қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Сол себепті мұғалімдердің әдістемелік

шығармашылығын дамытуды педагог-мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды олардың кәсіби құзіреттілігі кезінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды.

Құзіреттілік тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды.

Мұғалімнің басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған орай, нәтижеге бағытталған жалпы орта білім берудің жаңа жүйесіне ауысу білім беруді басқару жүйесіндегілерден мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда жаңаша көзқарасты, ал мұғалімдерден негізгі кәсіби құзырлылықтарын дамытуды талап етеді.

Білім беру саласын ізгілендірудің басты бағыттарының бірі - белсенді оқыту түрлері мен әдістерін жетілдіру. Ескі мазмұнды ығыстыра отырып, елімізде білім берудің ұлттық үлгісі қалыптасуда. Әлемнің оқыту технологиялары жоғары дамыған елдерінің (Жапония, Германия, Голландия) тәжірибесіне назар аударсақ, түпкі мақсаты - баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыру, яғни, бірінші орында баланың білім, білігі мен дағдысы емес, жеке тұлғаның білім алу арқылы дамуын қояды. Осы мақсатқа орай, бүгінгі педагогика ғылымында жаңа оқыту технологиялары: дидактикалық біліктерді шоғырландыру, ізгілікті-тұлғалық бағдарламалар, дамыта оқыту, мәселелік, тірек сигналдары арқылы, деңгейлеп саралап оқыту, өздігінен ізденіп даму, оқытудың компьютерлік, модульдік технологияларды ғылыми тұрғыда дәлелдеп, баламен бірге жұмыс жүргізіп жүзеге асырушы мұғалім..

Кез келген білім ордасының білім сапасын арттырудағы туындайтын кейбір проблемалардан шығу үшін: нәтижеге бағытталған жоғары білім беруде оқытушының кәсіби құзырлылығын дамытуды талап етеді. Әрбір оқытушының кәсіби дайындық сапасына қойылатын талап немесе кәсіби теориялық білімі мен практикалық біліктілігі –құзыреттілік пен кәсіби шеберлігінің сапасы ретінде қаралады.

Құзыреттілікті нәтижеге бағытталған білім беру жүйесінің сапалық критеріі ретінде қарау, зерттеу, бүгінгі күн талабы.

- Әр оқытушы оқытудың жаңа технологиясындағы тиімді пайдаланылған әдістердің бәрі тәлімгер дамуына қарай бағытталатындығын ескеруі керек. Әлемдік тәжірибеде бар электронды оқу құралдарын пайдалану шеңберін ұлғайту.
- Оқу орнының тәжірибесін зерттеп қорыту, тарату.

- Бақылау – басшылық жұмыстарын жандандыру, себебі бұл білім алушының білім сапасының деңгейін анықтап, оқытушының жеке жауапкершілігін көтереді.
 - Мектептің материалдық базасын нығайту.
 - Мемлекеттік тілде жазылған әдістемелік құралдарды шығару.
- Ағылшын тілін оқыту деңгейін халықаралық стандартқа жеткізуге қадам жасау.

Ағылшын тілі сабағында сандық технологияны қолдану арқылы оқушылардың танымдылық іс-әрекетін ұйымдастыра отырып кәсіби құзыреттілігін дамыту

XXI ғасыр жаңа заман талаптарын меңгере отырып, жан-жақты дамыған ғасыр. Ал болашақ жастар сол ғасырды басқарып, меңгеретін тұлғалар. Ол үшін әрбір Қазақстан Республикасының азаматы жан-жақты дамыған, білімді, білгір болуы тиіс. Сол үшін әр оқушының кәсіби құзыреттілігінің толықтай дамуы да маңызды. Ең бірінші құзыреттілік ұғымын қарастырайық.

Құзыреттілік латынның «competentis» – бейім сөзінен пайда болған, қандай да бір оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті жеке тұлғаның орындай алу қабілеттілігі. Ал, кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс – әрекетті арттыруға бағытталған теориялық және тәжірибелік әзірлігі мен қабілеттілігінің бірігуі. Қазіргі әлеуметтік – экономикалық өзгерістер жағдайында біздің қоғамымызда өздігінше шешім қабылдай алатын және оны жүзеге асыра алатын әлеуметтік белсенді, шығармашыл тұлғаға сұраныс күшейеді. Осыған орай, әр тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы да арта түседі.

Қазақстан 2025 жылғы білім беру бағдарламасында: Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсене қатысуға дайын бәсекеге қабілетті тұлға дайындау деп атап көрсетілген, сондықтан оқу тәрбие үрдісінің алдынды тұрған негізгі міндет табысты және тиімді әрекетке дайын өзінің пікірін білдіруге және өзінің іс- әрекетін өмір сүріп отырған қоғам үшін жауапкершілігін түсінуге қабілетті отбасындағы, қоғамдағы, ұжымдағы әлеуметтік ролін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Оқушылардың бойында шығармашылық іс-әрекетті, іздемаздықты қалыптастыру, жүйелі қорытынды жасай білу, дәлелді пікір айту іскерлігін арттыру, оқу материалдарын сараптау, талдап салыстыру іскерліктерін үйрету қажеттілігі туындайды.

Бүгінгі таңдағы ең өзекті міндеттің бірі – еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатын, бәсекелестікке қабілетті кәсіби мамандар дайындау. Жеке тұлғаның әлемдік өркениетке ұмтылып, дүниеге Қазақстан Республикасының іргелі ел ретінде танылуына үлес қосатын білімді, білікті, саналы азаматтар тәрбиелеу. Өздігінше еркін ойлау қабілеті бар, тәрбие – білім беру үрдісін модельдей алатын, білім берудің жаңа технологиялары мен жаңа идеяларын өздігінше іске асыра алатын жеке тұлғаның кәсіби құзыреттілігінің деңгейін арттыру – өзекті мәселе, себебі, біріншіден, кәсіби құзыреттілік тәрбие – білім беру процесінде шығармашыл оқушылардың қалыптасуына дұрыс әсер етеді; екіншіден, өзінің кәсіби қызметінде

жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады; үшіншіден, кәсіби мүмкіндіктердің іске асуына ықпал жасайды. Бұл міндет білім алушы жастардың шығармашылықтарын арттырып, өздігінен білім алуға және алған білімін іске асыра білуге үйретуді міндеттейді. Осы міндеттерді толығымен қанағаттандыру үшін қазіргі таңда күннен-күнге дамып келе жатқан жаңа ақпараттық құралдардың пайдасы өте зор.

Еліміздің білім беру жүйелерінде ХХІ ғасыр жастарына білім беру мен тәрбиелеу бағытында сан алуан жұмыстар жүргізілуде. Сол себепті, оқушыларға білім беруде жаңа ақпараттық оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде. Соңғы жылдары сандық технологиялар заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда қолдану айтарлықтай нәтиже беруде. Мұғалім компьютер желісі арқылы әрбір оқушымен тығыз байланыста болғандықтан, оқытуға тиянақты түрде көңіл бөлініп, әрбір баланың жеке деңгейін анықтап, оларға жеке шаралар қолдануға мүмкіндік береді. Оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану, оқыту-тәрбиелеу үрдісін толық жетілдіруге, педагогикалық еңбектің тиімділігін арттыруға, оқушылардың білім, білік дағды сапаларының жақсаруына септігін тигізип, кәсіби бойынша құзыреттілігін қалыптастырады. Бұл кезде оқушылардың ойлау қабілеті іске қосылып, танымдылық іс-әрекеті жинақталып кәсіби құзыреттілігі дамиды. Сандық технологияның мақсаты – оқушыны біліммен, білім алу тәсілімен қаруландырып, оның өмір салтымен, мінез-құлқын сауықтандыра отырып, өзін үнемі дамытын оқушыны тәрбиелей отырып, саналы білім алуын жүзеге асыру. Егер оқушының кәсіби бойынша жүйелі жан-жақты терең білім берілсе сандық технология арқылы оқушылардың шығармашылығы қалыптасса, онда логикалық ойлары теңеліп, өздігінен білім алу, сол білімді нәтижелі түрде пайдалану деңгейлері уақыт талабына сай, бәсекеге қабілетті және кәсіби құзыретті тұлға болып қалыптасады.

Сандық технологияларды пайдалану қызметі дайындығынан мыналарды байқауға болады:

- оқушылардың компьютерлік техниканы пайдалануға қызығушылықтарының артқандығы;
- оқыту құралдары ретіндегі компьютерлік техниканы пайдаланудың ең маңызды психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін сақтау;
- оқушылардың жалпы мәдени, психологиялық-педагогикалық, пәндік және кәсіби-педагогикалық даярлау үрдісінде ЖАТ-ны кешенді пайдалану.

Ғалымдар мен зерттеушілер В.В.Семеновтың, Т.В.Васильеваның, В.В.Рубцовтың және тағы басқалардың түрлі пікірлерін зерттей келе, оқыту үрдісінде компьютер атқаратын функциялардың барлық жиынтығын екі топқа бөлуге болады:

- Үйренушілердің оқу қызметіне байланысты функциялар;
- Әлеуметтік маңызы бар функциялар.

Бірінші топқа мынадай негізгі функциялар жатады: коммуникативтік; танымдық, білімдік, құндылықты-бағдарлаушы, диагностикалық.

Екінші топты мынадай маңызды функциялар құрайды: ізгіліктілік, басқарушылық, теңестірушілік, оңтайландырушылық, оңалтушылық, көңіл көтеруші-тыныштандырушылық.

Жаңа ақпаратты оқыту технологиясының бүгінгі күні интерактивті тақта ерекше орын алып отыр. Оқушы интерактивті тақтамен жаңа материалдарды арнаулы программамен мүмкіндігінше пайдалана алады. Ондағы мақсат – оқушының өзінше ойлау қабілетін арттыру және қазіргі заманғы интерактивті тақтамен жұмыс істеуге үйрету. Жаңа технологиялар оқушының шығармашылық белсенділігімен өзіндік танымдық қызметін ұйымдастырушы болады. Интерактивті тақтамен сабақ берген кезде мұғалім, шәкірт және интерактивті тақтамен қарым-қатынас жүргізіледі. Мұнда компьютер ойына үрдістер арқылы қозғау салып, шәкірттердің құзіретілігін дамытуға әсер етеді. Ең алдымен оқушының ойлау қабілеті мен білімін арттыруға үйретеміз. Сонан соң оқушы кейінгі және бүгінгі өмірді салыстырмалы түрде тани білуге тырысады.

Білім берудің кез келген саласында «Электрондық оқулықтарды» пайдалану оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен жұмыс жасауына жағдай жасайды. Тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында электрондық оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

«Қазіргі кезде білім беру жүйесінде сандық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, – Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында сандық технологияны қолдану арқылы оқушылардың танымдылық іс-әрекетін ұйымдастыра отырып кәсіби құзыреттілігін дамыту оқу үрдісінде пайдаланудың маңызы зор. ЖАТ арқылы оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын дамыту арқылы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру баға жетпес құндылықтардың бірі. Жаттығуларды өз бетінше тексеріп, қорытынды жасай білетін тұлға қалыптастыру мақсатында жаңа технологиялар әдістерін кеңінен қолдану қажет деп білемін. Жаңа ақпараттық қоғам жағдайында оқушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру көрсеткіштерін төмендегідей анықтаған:

- білім беру жүйесінің әлемдік ақпараттық кеңістікке саналы түрде енуін қамтамасыз ету;
- ақпараттардың шексіз көлемі мен осы ақпараттарды аналитикалық түрде өңдеуді қамтамасыз етуге даярлау;
- ақпараттық ортада жеке тұлғаның шығармашылық сапасын дамыту мен қалыптастыру және өзіндік ақпараттық ортаны құру дағдыларын қалыптастыру;
- ақпараттық ортада коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру;
- ақпараттық ортада өзара байланыс қызметтерін қалыптастыру;

- ақпараттық ортада ақпаратты алу, таңдау, сақтау, қабылдау, түрлендіру, жіберу және бір-бірімен сабақтастыру мәдениеттерін қалыптастыру;
- интерактивтік телекоммуникациялық технологияларды (Интернет, қашықтықтан оқыту және т.б.) қолдануға даярлау;
- ақпараттық-білімдік ортаны модельдеу мен жобалау қабілетін қалыптастыру және осы дағдыны өзіндік кәсіби қызметтеріне қолдануға даярлау.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану арқылы кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады. Бүгінгі бала – ертенгі жаңа әлем.

Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағат-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Кез-келген кәсіп иесі жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына енуді ұмытпауымыз керек.

Нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесі ұғымның ҚР білім саласына енуіне байланысты білім, білік, дағды, тәрбие білімділік, дайындық ұғымдары автоматты түрде құзыр, құзырлылық ұғымдарымен алмастырып, практиктердің қолданыстағы үйреншікті сөзіне айналып кетті. Жалпы алғанда, құзыр ұғымы өзін қолданыстағы ежелден келе жатқан көне ұғымдардың бірі ретінде түсінуді талап етеді. Ауызекі кең тараған «құзырңызға құлдық» деген сөздің мағынасы құзыр ұғымының мағынасында қолданып келсе, «бұл менің құзырымдағы дүние емес» деген сөз тіркесті құзырлылық ұғымының мағынасын ашады. И.А. Зимняя еңбектерінде құзырлылық құзырдың өзекті түрде көрінуі, құзыр ішкі әлеует, психологиялық жаңа түзілім (әрекет бағдарламалары, құндылық жүйелері және қатынастар) ретінде адамның құзырлылығында байқалды делінген. «Құзыр» мазмұндық бөлімін құрамдас бөлігі, «құзырлылық» ұғымы мазмұнды бірлік, яғни құзырлылық құзырға қатысты жинақтаушы ұғым болып табылады деген бекімге тоқталады. «Құзырлылық», «құзыр» ұғымдарының қолданыстағы білім, білік, дағдыдан айырмасын төмендегідей ажыратылады:

а) білімнен айырмасы – қызмет жөніндегі ақпараттық сипатта емес, өнімді қызмет формасы түрінде байқалады;

ә) дағдыдан айырмасы – оқыған материалды топтастыра, құбылыстарды, заңдылықтарды шығармашылықпен пайдалана отырып өзгерте алатын саналы қызмет;

б) біліктіліктен айырмасы – дағдыға автоматты түрде жету немесе алмастыру емес, керісінше, бірнеше пән дағдыларын кіріктіру, жалпы қызмет негіздерін сезіну.

Сондықтан да құзырды әр түрлі кенеттен болған ситуацияларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік ситуация арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі ретінде, ал құзырлылықты адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты, тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейінде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыру ұсынылады.

Олай болса, құзырлылық ұғымның педагогикалық категория ретіндегі орны қандай? -деген сұраққа Аристотель категорияларын пайдалана отырып, сегіз түрлі (сан, сапа, орын, уақыт, қатынас, әрекет, мән, иелік) мағынада түсінуге болатындығын көрсетеді.

«Құзырлылық (бар) жеткілікті» бар сөзі сандық мағынада. Егер біз құзырлылық «бар»-ға педагогикалық, зерттеушілік, әдіснамалық, кәсіби құзырлылықтардың санын айтатын болсақ, онда сан сөздің емес, түрдің мәнін ашып тұрғандығын көреміз. Біздің алып отырған сандық мағына жеткілікті сөзі құзырлылық 1 тонна немесе 5 метр деген мағынаны беру қажет. Дидактикалық тұрғыда оның өлшемі балл, баға.


Орны: құзырлылық (бар) педагогикада, психологияда, социологияда. Сөздің орны анықталып отыр. Құзырлылық сөзі педагогикадан тыс жерде де қолданылды.

Уақыт: Құзырлылық (бар) ол туралы кеше айтылған, бүгін айтамыз, ертең оқылады, жазылады т.б. Құзырлылық сөзін әл Фараби пайдаланды, бүгін біз оқимыз, жазамыз, яғни құзырлылық уақытқа қатысты бар. Жалпы бар деген сөзі «болған» немесе «болмаған» деген мағынада емес, белгі ретінде қолданылады.

Қатынас: Құзырлылық (бар) кәсібилікке қарағанда толымды. Толымды сөзі құзырлылық пен кәсібилік арасындағы қатынасты көрсетеді.

Әрекет: Құзырлылық (бар) қалыптасады, дамиды т.б. құзырлылық сөз ретінде өзінен-өзі немесе өз бетімен қалыптаса да, дами да алмайды.

Мән : Құзырлылық (бар), бірақ болмаған. Құзырлылық – абстракт. Ол өлінің де, тірінің де қатарында емес, яғни оның өзінше жеке болмысы жоқ. Мысалы: 20 ғасырда Қазақстанда хан «болмады», бұл жерде «жоқ» сөзі пайдаланылмайды, өйткені ағылшынша хан болған. Біз ағылшын хандығы туралы ойлаймыз, олай болса, хандықтың қандай да бір дәрежеде мәні бар. Осы айтылғандарды жинақтап отырып, құзырлылық ұғымының педагогикалық категория ретінде орны төмендегідей үлгіде береміз.



1-сызба –Құзырлылық педагогикалық категория ретіндегі үлгісі

Құзырлылықтың педагогикалық категория ретіндегі орны әдіснамалық зерттеулерді басқару, тұлға, мәдениет, қызмет, даму, әлеуметтік орта технологиялары негізінде ашылатындығын көрсетеді. Яғни, басқару теориясының негізінде – құқық, билік; тұлға теориясының негізінде-жеке тұлғалардың кіріктірілген сипаттамасы; мәдениет - жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті; әлеуметтік орта теориясы – сырт талаптарына сай болу дәрежесі; қызмет теориясы - білім мен ситуация арасындағы байланысты қалыптастыру қабілеті; даму теориясы - өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі құзырлылық бірлігі (матрицасы) болып табылады құзырлылық ұғымын зерттеу бағдары.

Нәтижеге бағдарланған білім жүйесіне жүйеге кіретін БАЛА, жүйеден шығатын ТҮЛЕК екендігі 2-сызбада айқын көрсетілген. Яғни, бала жүйеге кіру элементінің, түлек жүйеден шығу рөлін атқарады. Ал жүйеге қандай бала кіреді, қандай түлек шығады? - ол «кіру» және «шығу» критерийлерімен анықталады.




Қ сызба- Құзырлылық ұғымын зерттеу бағдары

Бала жүйеге кірмес бұрын, әр түрлі деңгейдегі дайындықтан өтетіні белгілі. Білім жүйесі (мектеп) баланы қабылдас бұрын, әр мектептің өзінің талабына сай, оның психологиялық, физиологиялық, танымдық деңгейлерінің дайындығын тексеріп барып, баланы қабылдайды.

Дайындық ғалымдардың түсінігінде тұлға сапасын оқуға бағытталған жоғары қызметтік қабілетін қамтамасыз етуші «психологиялық жағдай» (К.К.Платонов), «тұлға қасиеттерінің синтезі» (В.А.Крутецкий), «кәсіби қызметті орындауға бағытталған тұлғаның кіріктірілген сипаттамасы» (Г.И.Хозяинов, М.И.Дьяченко) деп беріледі. В.А.Сластенин дайындықты ерекше психологиялық жағдай ретінде қарастыра отырып, бір-бірімен тығыз байланыстағы екі түрлі құрылымдық: мотивациялық-құндылық (тұлғалық) және орындаушылық (үрдістік) компоненттерін ажыратады.

Н.Д.Хмель мұғалімнің кәсіби қызметке дайындығын әлеуметтік маңызды мотивтерінің, психологиялық-педагогикалық білім жиынтықтары және тұтас педагогикалық үрдіс қызметінің жемісті орындалуын анықтаушы қызмет тәсілдері компоненттерінің болуын сипаттайды.

Психологтардың (А.С.Чернышев, А.С.Крикунов) пікірлеріне сүйенетін болсақ, тұлғаның ұжымға енуі тұлғаның топтағы әлеуметтік психологиялық сипатын көрсетеді. Енуді критерий ретінде ұжым қызметін, өмірін және мақсатын жүзеге асырудағы тұлға үлесі деп түсінеміз.



3 сызба- Оқушы құзырлығы

Нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесінен күтілетін нәтиже түлек, немесе нәтижеге бағдарланған білім жүйесінен қандай түлектер шығады? Деген сұрақтың жауабы «құзырлы түлек» болса, онда құзырлылық түлектің нәтижелілігін, тиімділігін айқындаушы критерийі ролін атқарады. «Құзырлылық бағасы толық дәрежеде стандарттау жатпайтын оқушының сапалы дайындығының көпсатылы, көпқұрылымды сипаты. Құзырлылық-білім, білік, дағдының қосындысынан түзелмейді. Ол оқу барысында қалыптасатын, қабілеттер спектрімен, білім, білік дағдымен байланыстағы жаңа тұлғалық сапа. Сондықтан да өлшеуіштерді жасауда көпсатылы шкала мен оқушылардың жеке сипаттарын кіріктіре алатын арнайы

әдістерді пайдалану қажет» деген Т.И.Шамова, С.Н. Белова, С.Д.Мұқанова және т.б. бағалау жүйесін жаңартудағы ойлары құзырлылықты негізі критерий ретінде қарастыруда негіз болып табылды. Сол секілді оқушының тұлға ретінде сапасының көрсеткіші-құзырлылық. Құзырлылық тұлғаның кіріктірілген сипаты. Құзырлылықтың негізгі компоненттері білім, білік, дағды, тұлға қасиеті, тұлға қабілеті деп жасалған түйін, көп сатылы, көпқұрылымды оқушы құзырлылығын бағалау жүйесін төмендегідей үлгіге салуға мүмкіндік туғызып отыр. 3-сызба Оқушы құзырлылығын бағалау жүйесі.

Үлгіде оқушы құзырлылықтың тиімділігін анықтаушы параметрлер ретінде құзырлылықтың негізі қасиеттері білім, білік, дағды, тұлға қасиеті, тұлға қабілеті алынып отыр. Оқушы құзырлылығының нәтижелілігін анықтаушы ретінде білім компоненттері немесе білім салалары, білім алушының әлеуметтік көзқарасы, интеллектуалдығы, генетикалық қасиеттері, таланты алынып отыр. Нәтиженің сандық белгілерін анықтаушы инструментарий рөлін ерекше психологиялық, социологиялық, педагогикалық іргелі эксперименттік зерттеулер арқылы алынған нормалық, эталондық индикаторлар атқарады.

Сонымен, құзырлылық – білім беру жүйесінің сапалық көрсеткіші деген көп сатылы, көп құрылымды бағалау жүйесінің негізі диагностикалық инструментарийлерін – параметрлері ретінде құзырлылықтың сапалық бағыттарын, нәтиженің сандық белгілерін айқындаушы индикаторларды біріктіреді.

Қазақстанның білім беру жүйесін модернизациялау стратегиясында білім беру де құзырлылық тәсілді енгізу қажеттілігі жөнінде айтылған, өйткені ол мұғалімнен оқушыға білім, білік, дағдыны қарапайым түрде ғана беру емес, ол педагогтың кәсіптік құзырлылығын қалыптастыруды талап етеді. Қазіргі педагогтардың ойынша өмірлік маңызы бар құзырлылықтардың әр адамда болуы оларға қазіргі қоғамда бағдар жасауға көмектеседі, тұлғаның қазіргі уақыт талабына сай әрекет ету қабілеттерін қалыптастырады.

«Құзырлылық тәсіл» түсінігі

- бұл оқыту үрдісінің тұлғаның басты (базалық, негізгі) және пәндік құзырлықтарының қалыптасуына бағдарланған. Бұл үрдістің нәтижесі ретінде адамның жалпы құзырлылығының қалыптасуын айтуға болады, ол басты құзырлықтарының жиынтығы, тұлғаның кіріктендірілген сипаттамасы болып табылады, Мұндай мінездеме оқыту барысында қалыптасуы керек, оның мазмұнында білімдері мен дағдылары, қарым-қатынас тәжірибесі, қызмет тәжірибесі болуы тиіс.

Білім берудегі құзырлылық жүйесіне кіреді: басты пәнаралық құзырлылықтар, бұл адамның проблемаларды тиімді шеше отырып, күрделі, көп функционалды қызмет түрлерін орындау қабілеті;

Жалпы салалық құзырлылықты белгілі бір білім саласында мазмұнды игеру уақытында алады; пәндік құзырлылықты белгілі бір пәнді оқыған кезде игереді.

«Құзырлылық» түсінігінің мәні психологиялық-педагогикалық әдебиетте толық анықталмаған, көп жағдайда интуитивтік деңгейде қолданылады. Сөздікте оның ұқсас анықтамалары беріледі:

Құзырлылық-1) белгілі бір адамның сұрақтар ретіне жауап бере алуы; 2) біреудің атқаратын қызметінің, құқықтарының реті.

Құзырлы-

1) білетін, белгілі бір салада беделді; 2) құзырлылық қасиеттері бар маман; «Құзырлылық» ақпаратты білуіне, беделіне, біліктілігіне байланысты. Сондықтан педагогикалық мәнде «құзырлылық» терминін пайдаланған орынды. Ғалымдар бұл түсініктерді әр түрлі мазмұнда қатар қолдануды ұсынады:

«Құзырлылық» -

бұл жемісті әрекет ету үшін тұлғаның өзара байланысты сапалық қасиеттерінің жиынтығы

(білім, білік, дағды, қызмет тәсілдері). Құзырлы маман, құзырлы адам – бұл өте ұтымды перспектива. Құзырлылықтың формуласы ұсынылып отыр. Оның негізгі құрамдас бөліктері:

Біріншіден, бұл тек ақпарат емес, ол динамикалық, әр түрлі, тез өзгереді, іздей білуді, керек емесін алып тастауды қажет ететін, оны өзіндік қызметіне көшіре алатын білім.

Екіншіден, бұл білімді нақты жағдайда пайдалана білу білігі, осы білімді қандай тәсілмен алуды түсінуі.

Үшіншіден, өзін, дүниені, дүниедегі өз орнын, нақты білімді, оның қызметіне қажеттілігін және қажетсіздігін, сонымен қатар, оны алу және пайдалану әдістерін түсінуі. Бұл формула логикалық түрде келесі тәсілмен сипатталады: Құзырлылық білімнің мобилділігі, әдістің икемділігі, сыни тұрғыдан ойлауы. Шын мәнінде, осы қасиеттерді бойына сіңірген адам құзырлы маман бола алады. Бірақ, осындай нәтижеге жетудің механизмі әлі жасалмаған және

қиын сияқты көрінеді. Құзырлылықты қалыптастыруға бағытталған вариант ретінде оқушылардың дамуын психологиялық-педагогикалық қолдау үлгісін ұсынады.

Оқытуда құзырлылыққа бағдарланған тәсіл жүйесінде оқушыны психологиялық-

педагогикалық жағынан қолдау үлгісі тұлғаның жалпы қабілеті ретінде құзырлылық, сол сияқты, нақты өмірлік жағдайларда жеке іс-тәжірибе мен білімді пайдалану білігімен байланысты кіріктірілген оқыту нәтижесі ретінде пәнаралық білім туралы түсініктерге негізделеді.

Тұлға құзырлылығының құрылымын анықтауда өте көптеген тәсілдер бар. Құзырлылық күрделі құрылым, оқытудың кіріктірілген нәтижесі ретінде атай отыр

ып, төмендегі түрлерін немесе құзырлылық бағыттарын бөліп алуға болады. Оларды үш топқа бөлуге болады.

1) Әлеуметтік құзырлылықтар қоршаған ортамен, қоғам өмірімен, тұлғаның әлеуметтік қызметімен байланысты (ынтымақтаса білу, әр түрлі өмірлік жағдайларда проблемаларды шеше білу, өзара түсіністік дағдылары, әлеуметтік және қоғамдық құндылықтар мен біліктер, коммуникациялық дағдылар, әр түрлі әлеуметтік жағдайлардағы икемділік).

2)

Мотивациялық құзырлылықтар ішкі мотивациямен, қызығушылықтарымен, тұлғаның жеке таңдауымен тығыз байланысты (оқуға деген қабілеті, өнертапқыштық, бейімделе білу дағдылары және жылдам әрекет ете білігі, қызығушылықтары мен тұлғаның ішкі мотивациясы, практикалық қабілеттері, өз таңдауын жасау білігі)

3)

Функционалдық құзырлылықтар ғылыми білімдерді және фактілік материалдарды пайдалана білу білігі (техникалық және ғылыми құзырлылық, өмірде және оқуда пайдалана білу білігі, ақпарат көздерін өзінің дамуы үшін пайдалана білуі).

Келтірілген үлгі құзырлылықтың барлық аталған топтарын қамтиды. Бұл өмірлік біліктердің кешені құзырлылық тәсіл жүйесіндегі орталық орынды алады, сол сияқты, оқытудың соңғы нәтижесі болып табылады.

Үлгі білімнің барлық түрлерін және бөліктерін қамтиды: мектеп жасына дейінгі, базалық және толық орта, кәсіптік және жоғары, мектептен тыс, диплом алғаннан кейін, үздіксіз білім беруге шығу арқылы қашықтықтан оқуға, бүкіл өмір бойы тұлғаның оқи алуына шығу. Үлгі құзырлылыққа бағдарланған тәсіл жүйесінде қызмет үлгілерін анықтайды. Ең алдымен, бұл оқушы, ата-аналар тікелей немесе жанама түрде білім беру саласындағы мемлекеттік саясат арқылы ықпал ететін мемлекеттік құрылымдар. Бұл сонымен қатар, білім беру жүйесіндегі педагогикалық үрдістің субъектілері-тәрбиеші, психолог, мұғалім.

Құзырлылықтың негізгі топтары бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан әр субъект әлеуметтік, мотивациялық, және функционалдық құзырлылықтардың дамуына ықпал етеді.

Субъектілерді графикалық бөлу ықпал ету белгілеріне қарай жүзеге асырылып отыр: отбасы және бастауыш білім беру оқуға және дамуға ынталандырады (мотивациялық құзырлылық, орта және жоғары білім беру білімді игеруге және дамытуға жағдай жасайды

(функционалдық құзырлылық), жүйенің басқа субъектілері тұлғаның әлеуметтік қалыптасуына ықпал етеді (әлеуметтік құзырлылықтар). Бұл жүйеде дамыту диалектикасы төмендегідей:

Мотивация---Функционалдық біліктер---Әлеуметтендіру---Мотивация

. Бұл схеманы мотивтен қажетті функционалдық қоржынды жинақтау арқылы әлеуметтендіруге қол жеткізу; әлеуметтендіру үрдісін де жаңа мотивтер қалыптасады, жаңару тізбегі жаңа деңгейде жүзеге асады. Сондықтан негізгі құзырлылықтар бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл жерде оқушылардың дамуын психологиялық-педагогикалық жағынан қолдау басқа классификацияны қолданған кезде, құзырлылықтың басқа негізгі топтарын бөлген кезде мүлде өзгермейді.

Құзырлылыққа бағдарланған тәсілді енгізу бағдарламасына сәйкес төмендегі кілтті құзырлылықтарды бөліп көрсетеді:

1.Танымдық құзырлылық:

- оқудағы жетістіктер;
- интеллектуалдық тапсырмалар;
- оқи алу білігі және білімді пайдалана білуі.

2. Тұлғалық құзырлылық:

- жеке қабілеттері мен талантын дамыту;
- өзінің күшті және әлсіз жақтарын білуі;
- рефлексия жасау қабілеті;
- білімнің үдемелілігі.

3.Өзіндік білім алу құзырлылығы:

- өзіндік білім алу қабілеті, өзін-өзі оқытудың өзіндік тәсілдерін ұйымдастыру;
- жеке білім алу қызметінің деңгейіне жауаптылығы;
- тез өзгеру жағдайында білім, білік, дағдыларды пайдалану икемділігі;
- үнемі өзіндік талдау, өз қызметін бақылау.

4. Әлеуметтік құзырлылық:

- ынтымақтастық, командада жұмыс істей білу, коммуникативтік дағдылар;
- өзіндік шешім қабылдау қабілеті
- өзінің қажеттіліктері мен мақсаттарын түсінуге ұмтылу;
- әлеуметтік тұтастық, қоғамда тұлғаның рөлін анықтау білігі;
- тұлғаның сапалық қасиеттерінің дамуы, өзін-өзі реттеу.

5. Өзінің денсаулығына құзырлы қатынас:

- соматикалық денсаулық;
- клиникалық денсаулық;
- денінің сау болуы (физическое здоровье);
- валеологиялық білімдерінің деңгейі.

Базалық және толық орта білім беру стандартында төмендегідей кілтті құзырлылықтардың топтары берілген:

1. Әлеуметтік (адамның қоғамда толыққанды өмір сүру білігі)-

өзіне жауапкершілікті ала білуі, шешім қабылдай білуі, таңдау жасай алуы, өмірлік жағдайлардан кикілжіңсіз шыға білуі.

2. Көп мәдениетті -

мәдени жетістіктерді игеру ғана емес, оны түсіне білу, басқа ұлт өкілдеріне дініне, мәдениетіне, тілі, нәсіліне сыйластықпен қарау .

3. Коммуникативтік-

өз және шет тілдеріне жазбаша және ауызша пікірлесе білу.

4. Ақпараттық - ала білу, ой елегінен өткізу, өңдеу, әр көздерден ақпаратты пайдалана білу.

5. Өзіндік даму және өзіндік білім алу-үнемі, бүкіл өмір бойына оқуға деген қажеттілік және дайындық.

6. Өнімді шығармашылық қызмет

Құзырлылық - бұл арнайы пәндік білік, дағдылар емес, ол нақты, өмірлік әр мамандық иесіне, әр жастағы адамдарға қажет жағдай.

Мұғалім оқушылардың құзырлылықтарын қалыптастыра алады. Оны қалай жүзеге асыруға болады ?

Оқушылардың құзырлылықтарын қалыптастыруды жүзеге асыру тек білім берудің жаңа мазмұны арқылы ғана емес, сол сияқты, жаңа оқыту әдістері мен технологияларына да қатысты. Технологиялар мен әдістердің тізімі ауқымды, олардың мүмкіндіктері әр түрлі, сондықтан негізгі стратегиялық бағыттарды анықтау қажет, әрине, өмірдің әр түрлі жағдайларына дайын рецепт жоқ. Өнімді технологиялар мен әдістердің әлеуеті өте жоғары, ал оларды оқыту барысында пайдалану оқытудың нәтижесі-құзырлылыққа ықпал етеді.

Төмендегідей негізгі міндеттерді бөліп алуға болды:

-оқушылардың дамуына, өзіндік дамуына жағдай жасау;

-өнімді білім, білікті игеру;

- бүкіл өмір бойына өз білімін толықтыруға деген қажеттілікті дамыту.

Оларды орындау үшін мұғалім нені басшылыққа алуы керек?

Ең алдымен, мұғалім қолданатын технологияға тәуелсіз төменде келтірілген ережелерді есіне сақтауы керек:

1. Ең бастысы, Сіз оқытып отырған пән емес,

Сіз қалыптастырып отырған тұлға. Тұлғаны

Сіз оқытатын пән қалыптастырмайды, пәнді оқытатын мұғалім қызметі арқылы қалыптасады.

2. Белсенділікті қалыптастыру үшін уақытты да, күшіңізді аямаңыз. Бүгінгі белсенді оқушы – ертеңгі қоғамның белсенді мүшесі.

3. Оқушыны білім алуға, оқу-танымдық қызметтің өнімді әдістерін игеруге көмектесіңіз.

4.

«Неліктен?» деген сұрақты жиі пайдаланыңыз, бұл себепті ойлауға үйрету үшін қажет: себеп-

салдар байланысын түсіну дамыта оқытудың міндетті шарты болып табылады.

5. Әңгімелеп айтқан білмейтінін,
практикада қолданатын адам білетінін есіңізге сақтаңыз.

6. Оқушыларды ойлауға және өздігінен әрекет етуге үйретіңіз.

7. Шығармашылық ойлауды проблеманы жан-жақты талдаумен дамытыңыз, танымдық міндеттерді бірнеше тәсілдермен шешіңіз, жиі шығармашылық есептерді жоспарлаңыз.

8. Оқушыларға оларды оқыту перспективасын жиі көрсетіңіз.

9.

Білім жүйесін игеруді қамтамасыз ету үшін сызбаларды, жоспарларды қолданыңыз.

10.

Оқыту үрдісінде әр оқушының жеке қабілеттерін есепке алыңыз, бірыңғай деңгейдегі білімі бар оқушыларды кіріктірілген топтарға біріктіріңіз.

11. Оқушылардың өмірлік тәжірибелерін, олардың қызығушылықтарын, даму ерекшеліктерін есепке алыңыз.

12. Өз пәніңізден ашылған жаңалықтар бойынша ақпаратты біліңіз.

13.

Оқушылардың зерттеу жұмысын ынталандырыңыз. Оларды эксперименттік жұмыстың техникасымен, есептерді шығару алгоритмімен, анықтамалық материалдармен, шығармалармен таныстыруға мүмкіндік табыңыз.

14. Білім ол үшін өмірлік қажеттілігі екенін түсінуге үйретіңіз.

15.

Оқушыларға әр адамның өмірлік жоспарларын жүзеге асыру үшін барлығына үйренетін болса, онда ол өмірден өз орнын табатынын түсіндіру қажет.

Бұл пайдалы кеңестер, ережелер -

бұл педагогикалық даналықтың, педагогикалық шығармашылықтың, көптеген ұрпақтардың жалпы педагогикалық тәжірибелерінің шағын бөлшегі ғана. Осыларды есте сақтау, оларды басшылыққа алу - бұл ең басты мақсатқа-тұлғаның дамуын қалыптастыруға жетуде мұғалім еңбегін жеңілдетудің басты шарты болып табылады.

Өнімді әдістер мен технологиялардың жаратылыстық әлеуеті бар, оны жүзеге асыруды оқушы құзырлылықтарының негізгі топтарының қалыптасуымен байланыстыру керек. Бірақ жеке оқыту әдістерін немесе белгілі бір технологияларды қолдану арқылы құзырлылықтардың барлық топтарының қалыптасуын қамту мүмкін емес. Құзырлылық тәсіл, басқа да оқытудағы инновациялық тәсілдер сияқты кезеңмен енгізуді талап етеді. Енгізудің бірінші кезеңінде мысалы төмендегідей қабілеттерді қалыптастыруға болады:

-оқығанның немесе естігеннің негізгі мазмұнын ала білу;

- ойды нақты қалыптастыру,

берілген сұраққа немесе тақырыпқа ерекше ой түйінін жасау;

-
есептерді шығарудың әр түрлі варианттарын зерттеу, әр түрлі критерийлерді еске ала отырып, ең үздігін таңдау;

Жалпы тапсырманы орындаған кезде басқалармен (оқушылармен және мұғаліммен) ынтымақтасу;

-әрекетті және уақытты жоспарлау;

-өз қызметінің нәтижелерін бағалау және т. б.

Жоғарыда аталған оқушылардың біліктері жеке емес, құзырлылық деп аталатын жаппай дағдылар блогының жүйесі ретінде қалыптасуы керек. Мектептің теориясы мен практикасы оқыту әдістерінің, формалары мен құралдарының ауқымды әлеуетін (потенциалын) иемденгенімен, әлі де оқытудың басты типі вербалды тип болып табылады: ауызша және баспа сөзді пайдалану, мұғалім негізінен ақпарат беруші және оқушыларды бақылаушы ретінде әрекет етеді.

Ортаны күнделікті ақпараттандыру және қоғам дамуының үдеуі барысындағы үрдістер және еңбек нарығындағы жағдайдың ықпал етуімен түлекке деген бүгінгі талаптар жүйесінде авторитарлық-

репродуктивтік жүйе ескіріп отыр. Тек білімді алуға бағдарланған білім беру жүйесі бұл кешеге бағдарланған жүйе. Өзгерген дүниеде білім беру жүйесі тұлғалардың төмендегідей жаңа сапаларын қалыптастыруы керек: жігерлілік, жаңашылдық, мобилділік, үдемелілік және конструктивтілік. Болашақ кәсіпқойлардың бүкіл өмір бойы өзіндік білім алуға талпынысының болуы, жаңа технологияларды игеруі және оны пайдалану мүмкіндіктерін түсінуі, өздіктерінен шешім қабылдай білуі, әлеуметтік және кәсіптік ортада бағдар жасай білуі, қиындыққа, стресстік жағдайларға дайын болуы және одан тез шыға білуі.

Құзырлылық оқыту перспективалы болып табылады, өйткені мұндай тәсілмен жұмыс істегенде оқу қызметі зерттеуге және практикалық бағдарланған мән де болады, білім игеру құралына айналады. В. А. Болотов, В. В.

Серигов атап көрсеткеніндей, «құзырлылық оқыту нәтижесі бола отырып, индивидтің өзіндік дамуының салдары, тұлғалық және қызметтік тәжірибесінің жинақтамасы болып табылады.

А.

В. Хуторскийдің түсінігі бойынша білім беру құзырлылығына білім, білік оқушының қызмет тәжірибесі жатады. Ал оларды оқыту практикасына енгізу типтік мектеп проблемасын шешуге көмектеседі, яғни, оқушы теориялық білімді игере отырып, оны нақты міндеттерді және проблемалық жағдаяттарды шешу барысында қолдана алмайды. Білім беру құзырлылығы оқушылардың кешенді процедураларын игеруі, мұнда әр бөлінген бағытқа білім беру компоненттерінің жиынтығы анықталған.

Мұғалімнің кәсіптік құзырлылығы сан қырлы түсінік. Қазіргі уақытта бұл түсініктің әр түрлі анықтамасы және классификациясы бар. Мұғалімнің кәсіптік құзырлылығы түсінігін « мұғалімнің педагогикалық қызметінің, педагогикалық пікірлесуі мен мұғалім тұ

лғасының қалыптасқандығын анықтайтын білім, білік, дағдылардың қажетті жүйесін мұғалімнің игеруі ретінде анықтауға болады.

Аталған құзырлылықтардың қалыптасуы теориялық деңгейде жүреді, бірақ негізгі оның бөлігі практикада қалыптасады.

Қазіргі білім беру бағыттарына сәйкес жалпы педагогикалық құзырлылыққа жатады:

- қалыптасқан жағдайды, өз мүмкіндіктерін тез бағалай білу;
- өз біліктілігін жетілдіру және толығымен қайта оқу;
- өздігінен оқу;
- шешім қабылдау және олар үшін жауапты болу;
- өзгерген өмір және еңбек жағдайларына бейімделе білу;

қызметтің жаңа тәсілдерін жасау және оңтайландыру мақсатында бұрынғы қызмет тәсілдерін трансформациялау. Бірақ педагогикалық әдебиетте педагогтың кәсіптік құзырлылығының құрылымы бойынша көптеген авторлық ұстанымдар бар. Ең қарапайымы Г.

М. Коджаспированың тәсілі, мұнда педагог құзырлылығы мұғалім игеруі қажет педагогикалық біліктердің топтары ретінде көрсетіледі. Бұл тәсіл мақсат емес, өйткені «құзырлылық»

түсінігінің ауқымын білікке дейін тарылтудың қажеті жоқ.

А.

В. Хуторскойдың көзқарасына сүйене отырып, мұғалім құзырлылығының үш деңгейлі иерархиясын қарастырамыз:

Хуторской А. В. жеті кілтті білім беру құзырлылығын көрсетеді:

Құндылық мәні бар құзырлылық. Бұл құзырлылық дүниетаным саласындағы құзырлылық, ол мұғалімнің құндылық жөніндегі түсініктерімен, оның қоршаған ортаны көру және түсіну қабілетімен, ондағы бағдар жасауымен, өз рөлін сезінуімен, өзінің іс-

әрекеттеріне мақсаттық және мәндік ұстанымдарды таңдай білуімен, шешім қабылдай білуімен байланысты.

Жалпы мәдени құзырлылық. Бұл өзіндік танымдық қызмет саласында мұғалім құзырлылықтарының жиынтығы, оған логика, методологиялық, жалпы оқу қызметінің элементтері жатады. Бұған мақсат қою, жоспарлау, талдау, рефлексия жасау, оқу-танымдық қызметті өзіндік бағалау білімі мен білігі жатады.

Ақпараттық құзырлылық. Бұл құзырлылық оқу пәндеріндегі және білім салаларында, сол сияқты, қоршаған ортадағы ақпаратпен мұғалімнің жұмыс істеу дағдыларын қамтамасыз етеді.

Коммуникативтік құзырлылыққа қажетті тілдерді білуі, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау тәсілдері, ұжымда әр түрлі әлеуметтік рөлдерді игеруі жатады.

Әлеуметтік-еңбек құзырлылығы азаматтық-қоғам қызметінде (азаматтың, байқаушының, сайлаушының, өкілдің рөлін орын

дауы), әлеуметтік-

еңбек саласында (тұтынушының, сатып алушының, клиенттің, өндірушінің құқығы) отбасылық қатынастар және міндеттер, экономика мен құқық, кәсіпте өз орнын таба білу білімі мен тәжірибесін игеру жатады.

Өзіндік-

тұлғалық жетілу құзырлығы дене бітімінің, рухани және интеллектуалдық өзіндік дамуға, эмоционалдық өзіндік реттеу мен өзіндік қолдауға бағытталған.

Білім беру қоғамның экономикалық, әлеуметтік және рухани прогрессінің

факторы ретінде мемлекеттің жалпы тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. Білім берудің бұл миссиясын жүзеге асырудың басты шарттарының бірі өмір сүру сапасына жаңа қатынасты дамытуды көздейтін сауаттылық түсінігінің ауқымын кеңейту болып табылады. Бірқатар дүниежүзілік ұйымдар (ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ және т.б.) сауаттылық түсінігінің жаңа мәнін ой елегінен өткізе отырып, оны «өмірлік дағдылар» түсінігімен байланыстырады. Жалпыға мәлім «Дакар әрекет ету шеңберінде» жалпыға білім берудің (ЖББ) алты мақсаты анықталған, бұл адамның бүкіл өмір бойы қоғамның әр мүшесінің бәсекеге қабілеттілігін және өмір сүру қабілетін қамтамасыз ететін сауаттылықтың мәнділігін дәлелдейді.

«Барлығын үшін білім беру» (2001) бағдарламасының шеңберіндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы бас ассамблеясының зерттеулеріне сәйкес сауаттылық өзіне функционалдық сауаттылықты, кәсіптік құзырлықты, практикалық және жалпы мәдени білім, біліктерді біріктіретін адамның кіріктірілген сипаттамасы ретінде қарастырылады. Сауаттылықты осындай тұрғыдан көру тұлғаның қалыптасуының әр кезеңінде маңызды өмірлік дағдыларды иемденуі ретінде қарастырылады. Осыдан барып өмірлік дағдылардың ретін анықтау проблемасы көкейтестендіріледі, олардың дамуы мектепке және мектептегі білім беру шеңберінде жүзеге асырылуы тиіс.

Біздің еліміздегі аталмыш проблеманың көкейтестілігі төмендегі екі фактормен сипатталады: Біріншіден, отандық және халықаралық ұйымдардың инициативасы бойынша оқу үрдісіне әр түрлі мәндегі курстарды енгізу бойынша зерттеулер жүргізілуде.

Екіншіден, тұжырымдамалық құжаттардың қабылдануына байланысты Қазақстан

Республикасындағы білім беру ісін дамытудың келесі кезеңінде құзырлық білім беруді енгізуге бағытталған іс-

шаралар кешені жүзеге асырылуда. Осы жұмыстың шеңберінде жалпы орта білім берудің ұлттық стандартында бекітілуі тиіс күтілетін нәтижелер ретінде базалық және кілтті құзырлықтарды анықтау бойынша зерттеулер жүргізілуде. Бірінші сұрақты шешу үшін қазіргі уақытта «өмірлік дағдылар» түсінігі кең және тар ауқымда қолданылады. Мысалы, ағылшын тілінде

сөйлесу дағдысы мектепте алғаш рет қалыптасады. Алғашында жеке-жеке қалыптасқан өмірлік дағдыларын нақты жағдайларда таза күйінде қолданылмайды, ал белгілі бір жағдайларды шешуде үйлесімді түрде қолданылады.

Әрине, осындай жағдайда өмірлік дағдылар нағыз өмірлік болып табылады, оның функционалдық мүмкіндіктері кеңейеді. Бұл жерде әр түрлі өмірлік дағдылар жеке және пән салалары бойынша пәндік білім, білік, дағдылардың кіріктендірілген құралы ретінде және кезектелген жағдайларда сауатты әрекет ету үшін жеке тұлғалық іс-тәжірибе болып табылады. Бұл «өмірлік дағдылар» түсінігінің кеңейтілген түсініктемесі. Осы орайда, «өмірлік дағдылар» тар ауқымдағы түсінігі «құзырлылық» түсінігіне сәйкес келеді, бұл нәтижеге бағытталған құзырлылық білім беруді ұйымдастыру және енгізудегі маңызды сәттердің бірі ретінде жеделдету жүйесінде зерттелуде.

Құзырлылық – бұл жеке білім салалары бойынша пәндік білім, білік, дағдыларды

оқушының кіріктендіре білу қабілеті, ол функционалдық сауаттылықтың мазмұнды негізі болып табылады. Осыдан барып, сызба түрінде білім, білік, дағды (ББД), құзырлылық және өмірлік дағдылардың өзара байланысын тұлға сапасының құрылымдық элементтері ретінде көрсетуге болады.

Сонымен құзырлылық пен өмірлік дағдылар күрделіліктің әр түрлі деңгейіндегі қабілеттер ретінде тек білім берудің әр түрлі саласына негізделгенде тұлғаның сапасына айналады. Бұл сызбалар оқушылардың қабілеттерінің даму кезеңдерін көрсетеді.

Қарастырылған түсініктердің өзара байланысын осылай түсіну қазіргі әрекет етіп отырған мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарының аясында жүзеге асырылатын оқу үрдісінің барысындағы өмірлік дағдыларды дамыту тәсілдерін құруға мүмкіндік береді.

ЮНЕСКО-

ның ұсынып отырған сауаттылық түсінігінің эволюциясындағы бұл ұстанымның талдауында «сауаттылық» түсінігінің түсіну кезеңдері ғана емес, сонымен қатар, сауаттылықтың қарапайымнан күрделіге даму кезеңдері болып табылады. Мұны

№2 сызба арқылы көрсетуге болады. №1 және №2 сызбалардың арақатынасы өмірлік дағдылар мен сауаттылықтың даму кезеңдерінің мәндік байланысын анықтауға мүмкіндік береді.

Осындай арақатынастар негізінде төмендегілер анықталады:

-бұл жағдайлардың әрқайсысының даму үрдісінде бір пәндік ББД-ның жиынтығынан басталады;

-құзырлылықтар немесе өмірлік дағдылардың тар ауқымдағы мәні-бұл функционалдық сауаттылықтың мазмұны болып табылады;

-

өмірлік дағдылардың кең ауқымдағы мәні тұлғаның кәсіптендірілген мінездемесі ретінде сауаттылықтың мазмұны болып табылады.

Шын мәнінде, жоғарыда айтылғандай, кіріктендірілген мінездеме ретінде сауаттылықтың құрамына кіреді: функционалдық сауаттылық, жалпы мәдени білім мен білік, практикалық дағдылар, кәсіптік сауаттылық.

Бұл компоненттердің негізгі элементтерінің соңғысынан басқасының барлығы мектепте қалыптасып дамиды. Осыған байланысты функционалдық сауаттылықтың мазмұнын және біз функционалдық сауаттылықтың мазмұнын және оны мектептегі пәндердің көмегімен дамыту мүмкіндіктерін анықтауға тырысамыз. Ғылымдағы сауаттылыққа қатысты барлық деректерді пайдалана отырып, сызбалық түсініктемесін беріп отырмыз.

Бұдан әрі, біз қазір әрекет етіп отырған оқу-нормативтік құжаттарды (стандарттар, бағдарламалар) талдай отырып, функционалдық сауаттылықты, яғни, құзырлылықты дамытуда әр білім саласының әлеуетін анықтау қажет. Бұл жерде жүйеге элементтің «екі рет кіруі» сияқты маңызды білім беру мазмұнын құрылымдандыру қағидасын басшылыққа алу қажет. (В. В. Леднев), мұнда білім, білік, дағды (ББД) әр білім саласында бір немесе екі функционалдық сауаттылықты дамытуда жетекші болып табылады. Сонымен қатар, әр білім саласы функционалдық сауаттылықтың барлық түрлерін дамытуға қатысады. Функционалдық сауаттылықтың барлық жиынтығы өмірдің өзгерген жағдайына бейімделу қабілетін қалыптастырады және нақты өмірлік жағдайда сауатты әрекет етуге мүмкіндік береді.

Аталған мәселелерді оқу үрдісін ұйымдастыру тұрғысынан алып қарастырайық. Сонымен, пәндер бойынша білім, білік, дағдыларының негізінде оқу пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту үрдісі ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады. Басқаша айтқанда жеке білім салалары бойынша қарапайым сауаттылық (оқу, жазу, есептеу) функционалдық сауаттылыққа, яғни, құзырлылыққа айналуы үшін педагогикалық әдебиетте жиі интеллектуалдық біліктер деп қарастырылатын ойлау дағдыларын игеруге мүмкіндік беру қажет. Бұлардың қатарына талдау, топтау, абстракциялау, нақтылау, салыстыру, қатар қою арқылы салыстыру, жүйелеу, жинақтау, дәлелдеу (тікелей, жанама), қорытынды жасау біліктері жатады (берілген тапсырмалар түрінде), ал ұйымдастыру формасында-проблемалық жағдаяттар. Бұл жерде ойлау дағдылары ББД-ның құзырлылыққа өту құралы, яғни, құзырлылықтың қалыптасуы.

Құзырлылықтың, яғни, функционалдық сауаттылықтың өмірлік дағдыларға өтуі үшін, біздің ойымызша, оқу-танымдық мәндегі жалпы дағдыларға оқушыларды үйретуге ерекше мән беруіміз керек, яғни, қызметтің мақсатын анықтау, қойылған мақсатқа жету шарттары анықтау, жағдайды талдау, ақпаратты іздеу және әр түрлі әдебиетпен жұмыс, деректерді жинақтау, шешу варианттарын үлгілеу, шешім қабылдау, шешімнің дұрыстығын дәлелдеу, пікірталас, әр түрлі көзқарасты талдау және қабылдау, әр түрлі ұстанымдарды үйлестіру, қорытындыны шығару.

Бұл ұйымдастыру танымдық дағдылар жалпылама қызметтің логикалық тізбесі ретінде жекелей де, жаппай командада, жұпта және жеке жұмыс формаларынан тәуелсіз кез-келген оқу және өмірлік жағдайлар үшін олар жалпылама болып табылады. Жобалық жұмыстар ұйымдастыру формасы болуы мүмкін. Сонымен, ұйымдастыру танымдық дағдылар функционалдық сауаттылықтың өмірлік дағдыларға өту құралы болып табылады. ББД-дың ұзырлылыққа, одан кейін өмірлік дағдыларға өту түсінігінің негізінде кез-келген пән бойынша оқу үрдісін жобалауға болады. Бұл үрдісте ерекше күрделілікті оқу пәндері бойынша әрекет етіп отырған мемлекеттік стандартты талдау және бөлімдер бойынша ББД-ны нақтылау ғана емес, сонымен қатар, оқушылардың кез-келген функционалдық сауаттылығын көрсетуге мүмкіндік оқу жағдайы үлгісі жиынтығын анықтау болып табылады. Осыған байланысты, кез-келген оқу жағдайын үлгілеуде оның төмендегі қабілеттердің бірін қалыптастыруды бағдарлайтын кілтті сәттерін нақты анықтау қажет: білу: (тануы қажет объектінің шынайылығына қол жеткізу); түсіну (өзін, басқаны, қоршаған ортаны); бағалау (адамгершілік эстетикалық, құндылық аспектілер), өзінің осыған қатынасын көрсету (сыни тұрғыдан ойлау); қолдану (жаңа контексте; шешу (жағдаятты); келістіру (басқалармен өзара әрекеттесу). Ойлау дағдылары арқылы функционалдық сауаттылықты дамытуды ұйымдастыру формасы ретінде оқу жағдаяттарының үлгілері барлық бөлімдерді оқыту барысында қолданылуы тиіс. Ал оқу жағдаяттарының үлгілерін жоба түрінде ұсыну бір бөлім үшін 1-2-ден болуы мүмкін. Оқу жағдаяттары мен өмірлік жағдаяттардың бекітілген үлгілерінің негізінде сабақтар циклын одан әрі жобалау, сол сияқты, осы сабақтарды ұйымдастыру және өткізу мұғалімнің шығармашылығына тәуелді.

«Құзырлық» сөзі «құзыр» сөзінен алынған туынды сөз екендігіне баса назар аударамыз. Бұл туралы ағылшын тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «құзыр (компетенция) – жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деп берілген. Ал Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында (6 том, 96 б.) «құзырет (компетенция)» – нақты органның не лауазымды тұлғаның заң жүзінде белгіленген өкілеттіліктерінің, құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы деп көрсетілген. Латын тілінен аударғанда «құзырлық – өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі» деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір саладағы құзырлықты меңгерген тұлға өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған қандай да бір негізі бар ой-тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды есептеуге болады. Енді осы ұғымдардың мәнін тереңірек талдайтын болсақ, онда «құзыр» – тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білімі, біліктілігі, дағдысы мен іс-әрекеттері тәсілінің өзара байланысқан сапаларының жиынтығы, ал «құзырлық» – адамның іс-әрекеті саласына сай құзырлықтарды меңгеруі. Бұл екі ұғымды керек болған жағдайда бөліп қарастырады. Мысалы,

құзырлық оқушылар дайындығына алдын-ала қойылатын талаптарды, ал құзыреттілік олардың қалыптасқан тұлғалық сапасын және белгілі бір саладағы іс-әрекетке қатысты жинақталған тәжірибесін айтады.

Ағылшын тілінде «құзыр (компетенция)» ұғымының мән-мағынасын анықтауға бағытталған мәселелер ғылыми-әдістемелік басылымдарда, білім саясатын анықтайтын құжаттарда және әлеуметтік, философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерде жиі қолданылатынына көзіміз жетті. Бұл осы ұғымның жалпы білім берудегі жүйелілік-практикалық қызметімен байланысты. Дәстүрлі оқыту әдістемесінде «құзырлық» жаңа ұғым емес. Мәселен, лингвистикалық құзырлықты орыс тілін оқыту әдістемесінің мамандары бұрыннан қолданып келгені мәлім. Ал филология мен информатикада «коммуникативтік құзырлық» жиі қолданылады.

Егер отандық әдебиеттерде құзырлық ұғымы жоғарыдағыдай тұжырымдалса, «Ресейдің мектептегі білімді модернизациялау стратегиясында» білім мазмұны – құрылымы бойынша адамның мәдениетіне теңестірілген, изоморфты, педагогикалық тұрғыдан бейімделген, адамзаттың әлеуметтік тәжірибесі ретінде қарастырылады. Ол негізгі төрт элементтен тұрады: танымдық қызмет тәжірибесі, қызметтің белгілі амалдарын жүзеге асыру тәжірибесі, шығармашылық қызмет тәжірибесі, эмоциялық-құндылық қатынастар жасау тәжірибесі. Осы төрт тұрпатты тәжірибені меңгеру оқушыларда әрекет етудің күрделі мәдениеттілікке сыймды қабілеттерін қалыптастырады. Бұл қабілеттер құзыреттілік деп аталады.

Жоғарыдағы айтылған теориялық идеяларға сүйене отырып, құзырлық ұғымы: құзырлық – алған білімін пайдалана білу қабілеті; болашақ таңдайтын мамандығына қатысты қабілеттер мен шеберліктерін меңгере білу; әлеуметтік даму деңгейіне сәйкес келетін және қоршаған ортаның әсер ету факторларына төтеп бере алатын тұлғаның интегративті қасиеттер жиынтығы.

Бүгінгі таңда «құзырлық» ұғымымен қатар «түйінді құзырлықтар» ұғымы да кеңінен қолданылуда. Ол «Еуропаға арналған түйінді құзырлықтар» бағытын ұстанатын Еуропа Кеңесі көлемінде айқындалған стратегиядан бастау алады. Бұл түйінді құзырлықтар саны жағынан да, мазмұны жағынан да (құндылықтық мәндік, жалпы мәдени, оқу-танымдық, ақпараттық құзырлық, т.б.) әркелкі.

Еуропада, Ұлыбританияда, АҚШ-та кеңінен таралған education термині (образование дегенді білдіреді) «образ» деген түбірі жоқ, алайда білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеттесуінің барлық аспектілерін қамтып, мазмұны бойынша кең ұғым болып табылады. Сол себепті білім беру оның мәдени сәйкестілігіне байланысты қоғамның әлеуметтік-мәдени құндылықтарын интернационалдандыру ретінде оқыту мен тәрбие беруді өзара қосады. Сонымен бірге, оқыту мен тәрбие берудің өзара байланысы бұл процесте ажыратылмайды. «Тәрбие беру де, білім беру де ажыратылмайды, — деп Л.Н. Толстой ерекше атап өткен. Білім бермей тәрбие беруге болмайды, ал кез-келген білімнің тәрбиелеуші әсері бар». Бұл ойды ХҮІІІ ғ. аяғында И.И. Бец ерекше атап өткен. Соған сәйкес, білім беру шын мәнінде сырттан басқарылатын өзін-өзі оқыту болып табылып, яғни

мәдениет бейнесі және оны ұдайы өндіру бойынша «МЕН» бейнесін жасау үш өзара байланысты тұрғыдан алынады: білім беру жүйесі; «қазіргі заманда жастарға білім беру» немесе нақты адамға білім беру, оның біліктілігін назарға ала отырып, осы процестің жеке немесе ұжымдық нәтижесі ретінде қарастырылады [2, 54-55б.].

Білім беру нәтижесі екі тұрғыдан қарастырылады. Біріншісі – бұл нақты білім беру жүйесі арқылы алынатын және білім беру стандарты формасында тіркелетін нәтиженің бейнесі. Қазіргі замандағы білім беру стандарттары оқытудың белгілі бір курсының өту үстіндегі адамның тұлғалық сапасына, оның білімі мен икемділігіне қойылатын талаптарды қамтиды. Стандарттың мазмұны, әлеуметтік мәдени тәжірибенің идеалды формада сақталатынына әлбетте қол жететін көрнісі екені мәлім.

Екінші тұрғыдан білім берудің нәтижесі бұл белгілі бір білім беруші жүйеде оқытудан өткен адамның өзі. Интеллектуалды, тұлғалық, мінез-құлықтық қасиеттерінің қалыптасқан жиынтығы ретіндегі оның тәжірибесі оған кез-келген жағдайда адекватты әрекет жасауға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан білім берудің нәтижесі білімділік болып табылады, ол жалпы және кәсіптік-мазмұнды бола алады. Осылайша, мектеп түлектерінің жалпы білімділігін қалыптастырады. Кез-келген жоғары оқу орнының түлегі осы негізде арнайы кәсіптік білімімен сипатталады. Адамды білімді ететін терең және жүйелі білім беру өмір ағымының ауыспалы кезеңдерінде сенімділік, бәсекеге қабілеттілік және өзінің ар-намыс сезімінің негіздерін салады [2, 60 б.].

Педагог іс-әрекеті білім саласында кәсіби міндеттерді шешуге бағдарланады. Шешім мақсатты айқындаудан, іс-әрекет мотивіне түрткі болудан басталады. Мақсаттылық – іс-әрекеттің алғашқы кезеңі, екінші кезең іс-әрекет бағдарламасын жоспарлау, жобалау. Іс-әрекет бағдарламасын құру үшін, қандай әрекеттер және қандай оқыту процесінің афференттік синтезінен өткізу қажет. Нәтижесінде әрекет бағдарламасы – педагог іс-әрекетінің моделі пайда болады. Іс-әрекетін бағдарлау педагогтың интеллектуалдық қабілетіне байланысты, қандай білім мен іскерліктерді игерген, педагогтың кәсіби міндеттерін эвристикалық жолмен шеше алуы, оқыту технологияларын қаншалықты меңгергендігіне байланысты айқындалады. Іс-әрекеттің бұл кезеңі педагог құзыреттілігінен шешіледі.

Құзырет — өкілетті қызмет адамы, сол салада оның сәйкес білімі, танымы болуы қажет және жауапты шешімдерді қабылдауға құқылы.

Құзыреттілік – жұмыскердің өз білімі, біліктілігі және дағдылары негізінде нақты кәсіп аясында жоғары сапалы және мөлшерлік еңбек нәтижелеріне жету үшін нақты жұмыс түрлерін білікті атқара алу қабілеті.

Біліктілік – адамның қандай да бір кәсіби- еңбек қызметін орындауға деген дайындық деңгейі немесе біліктілік – кәсіпті меңгеру деңгейі. Біліктілік мінездемесі – қандай да бір біліктілік деңгейі бар нақты бір кәсіп маманы оны игеруге қажет білім, білік және дағдыларға қойылған талаптар тізімі белгіленген мемлекеттік құжат.

Кәсіби оқытушы педагогының құзырлығы жоғары, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман. Мұғалім, Педагог мамандығы, зиялылар ішіндегі көп топтасқан мамандықтардың ірі тобына жатады. Білім беру жүйесінде педагогтар мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Педагог өз мамандығының сапасын, біліктілігін арттыруды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі үлкен роль атқарады. Педагогтың іс-әрекеті көбінде оның кәсіби шеберлігінің кеңістігіне қатысты, педагогикалық қарым-қатынас механизмдеріне, оқушылардың (студенттердің) психологиялық ерекшеліктерінің табиғатына да байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің дамуының жоғары деңгейі мынада – педагог өзін-өзі дамыту механизмдерін қалыптастыруға мақсат қояды және оқушыларға (студенттерге) өз қабілет-қарымы бойынша даму бағыттарын ұштайды.

Кәсіби оқытушы педагогтың іскерлігінің негізгі бағыты болашақ мамандардың кәсіби білімін (теориялық және тәжірибелік) жетілдіру болып табылады. Кәсіби білім педагогы педагогикалық іскерлікке даярлықтан басқа кәсіби оқыту мекемесінде кадрларды дайындауға арналған халық шаруашылығының маманы болып табылады.

Кәсіби оқыту педагогының кәсіби іскерлігінің мазмұны оның еңбегінің педагогикалық және инженерлік интегралмен анықталады.

Оқушылардың кәсіби дайындығының мақсаты — ғылыми-педагогикалық тапсырмаларды орындауға және кәсіби оқыту педагогы мен еңбек технологиялары мұғалімінің кәсіптік қызметінің қажетті функциялары мен түрлерін орындауға бейім маманды қалыптастыру болып табылады. маман оқыту үрдісінің білім беру саласы, мәні, мағынасы және құрылымы туралы білім жүйесін білуі керек. Сондықтан осы бағытта педагогтың субъективтілік қасиеттерін құрылымдық көрсетілуімен тұлғалық сапалары қарастырылады.

Алғаш рет педагогтың субъективтілік қасиеттерін құрылымдық көрсетуге әрекет жасаушының бірі П.Ф. Каптерев деп санауға болады. Ол объективті және субъективті қасиеттерді, факторларды бөліп, олардың жоғарыдан төмен дамуын (иерархиясын) ұйғарды. Жалпы алғанда, келесі түрде көрсетілуі мүмкін:

Кесте 1-Педагогтың жалпы қасиеттері

Арнайы	Объективтік (мұғалімнің ғылыми дайындығы)
	Субъективтік (жеке мұғалімдік талант)
Тұлғалық	(адамгершілік—еріктік қасиеттер)

Н.В.Кузьмин бойынша, субъектілік факторлар құрылымы: табиғаттылық типін, қабілеттер деңгейі мен құзырлықты қамтиды, оларға арнайы-педагогикалық, әдістемелік, әлеуметтік-психологиялық, дифференциалды-психологиялық,

аутопсихологиялық құзырлық жатады. Осы факторлық құрылымның үш негізгі құрастырушысы айқын: тұлғалық, даралық (немесе даралық-педагогикалық) және кәсіби-педагогикалық. А.К. Маркова бойынша, субъектілік қасиеттер құрылымы келесі сипаттама блоктарымен көрсетілуі мүмкін:

Кесте 2 — Субъектілік қасиеттер құрылымы

Объективтік сипаттамалар	Кәсіби, психологиялық, педагогикалық білімдер
	Кәсіби іскерліктер
Субъективтік сипаттамалар	Кәсіби психологиялық позициялар, ұстанымдар
	Тұлғалық ерекшеліктер

Н.В.Кузьмина ұсынған, осы құрылымды педагогтың субъективтік қасиеттер құрылымымен салыстырудан көрініп отырғандай, онда қабілеттер блогы арнайы бөлінбеген және құзырлылық түсінігінің өзі біршама бөлек түсіндіріледі.

Мысалға, егер Н.В. Кузьмина тұжырымдамасында құзырлылық педагогикалық кәсіби іс-әрекеттің басқа факторларымен қатар қойылған фактор болса, онда А.К. Маркованың тұжырымдамасында кәсіби құзырлылық тектік түсінік болып табылады. Ол іс-әрекетте көрінетін және оның тиімділігін қамтамасыз ететін барлық факторларды қамтиды.

А.К. Маркова бойынша, «педагогикалық іс-әрекет, педагогикалық қарым-қатынас жеткілікті жоғары деңгейде іске асырылатын, мұғалім тұлғасы жүзеге асырылатын, мұнда мектеп оқушыларының оқуылуы мен тәрбиеленуінің жақсы нәтижелеріне жететін, педагог еңбегі (осы жақтар кәсіби құзырлылықтың бес блогын құрайды)» кәсіби құзырлы.

Осы келістің үлкен жетістігі, кәсіби құзырлылықтың барлық сипаттамалары мұғалім еңбегінің үш жақтарымен ара қатынаста болуы: оның технологиясымен — өзіндік педагогикалық іс-әрекетпен, педагогикалық қарым-қатынас және мұғалім тұлғасымен. Бұл А.К.Маркова бойынша, біріншіден, педагогикалық еңбек субъекті, мұғалімнің өзін, көрнекі елестетуге мүмкінді береді.

Кәсіби құзыреттіліктің түрлері. «Құзыреттілік» ұғымы эволюциялық парадигмалық деңгейдегі түсінік бойынша қарастырылады. Құзыреттілік ұғымының кешенді түрде зерттелуі барысында болашақ маманның кәсіби құзыреттілігінің түрлері айқындалды.

Кәсіби құзыреттіліктің түрлері:

- арнайы құзыреттілік - өзінің кәсіби іс-әрекетін жеткілікті дәрежеде меңгеруі, өзінің кәсіби қалыптасуын жобалай білуі;

- элеуметтік шығармашылық және дарындылық – бірлесе (топпен, ұжыммен) кәсіби іс-әрекетті атқаруды, ынтымақтасуды, сондай-ақ осы кәсіпке байланысты

білімді меңгеруі; өзінің кәсіби еңбегінің нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілігі;

- жеке тұлға құзыреттілігі - өзін көрсете білуі мен қалыптастырудың әрекеттерін, жеке тұлғаның кәсіби дамуын жетілдіру құралдарын игеру;

- дара құзыреттілік - өзінің қабілетін жүзеге асыру және кәсіп аясында өз даралығын қалыптастыруға қабілеттілік, кәсіби тұрғыдан өсуге деген дайындығы, өзінің даралығын сақтауға деген қабілеті, кәсіби тұрғыдан тоқырауға ұшырамауы, өз еңбегін көп уақыт пен артық күш жұмсалмай-ақ ұтымды ұйымдастыруға икемділігі, еңбекті қиындықсыз, шаршаусыз, тіпті, сергіту арқылы нәтижеге жеткізу.

Құзыреттіліктің аталған түрлері, шын мәнінде, адамның кәсіби іс-әрекетінде, кәсіби қарым-қатынасында, кәсіби тұлға мен оның даралығының қалыптасуындағы кемелденуін белгілейді.

Құзыреттіліктің аталған түрлері бір адамның бойынан табыла бермеуі мүмкін. Адам өз мамандығы аясында ғана жетік болуы, бірақ қарым-қатынас жасау жөнін білмеуі, өзін дамыту жолындағы міндетті жүзеге асыра алмауы мүмкін. Осыған орай оның мамандық жағынан жоғары құзыреттілігін, ал әлеуметтік, жеке тұлғалық жағынан құзыретінің әлсіз, төмен екенін байқауға болады.

Жоғарыда сипатталған құзыреттіліктің әр түріне кәсіпаралық жалпы компоненттердің төмендегі түрлері енеді деуге болады

мамандыққа құзыреттілік - өндіріс үдерісін жоспарлауға қабілеттілік, компьютермен, техникалық құралдармен жұмыс істей білу, техникалық құжаттамаларды түсіну, олрамен жұмыс істей білу дағдысының болуы;

жеке тұлға құзыреттілігі - өзінің еңбегін жоспарлауға, бақылауға және реттеуге қабілеттілік, өз бетімен шешім қабылдауға, тың шешімдер табуға (креативтілік), теориялық және практикалық мәселерде қисынды ойлау; проблеманы көре білу, өз бетімен жаңа білім мен іскерлікті игеру қабілеті;

дара құзыреттілік – жетістік мотивациясы табыстың қорлануы, өз жұмысының сапалы болуына ұмтылу, өзін-өзі мотивациялауға қабілеттілігі, өзіне деген сенімі.

Кейінгі кезде құзыреттіліктің тағы бір түрі туралы орынды айтылып жүр. Ол – адамның кенет болған қиын жағдайда жұмыс істеуге дайындығын білдіретін “экстремальды кәсіби құзыреттілік”. Осыны меңгерген және психологиялық сапасы осыған жуық адамдар, басқаларға қарағанда, кәсібін ауыстыруға, қайта үйренуге дайын болады, оларға «жұмыссыздық» қаупі төнбейді.

“Біліктілік” сөзі қалыпты жағдайда “жұмыс жоғары біліктілікті” талап етеді, сондай-ақ “бұл адам – жоғары біліктілік иесі” деген секілді маманның кәсіби сипатамасы ретінде қолданылады. Соған сәйкес біліктілік қызметкерге қойылатын кәсіби іс-әрекеттің сандық және сапалық талаптарын (мысалы, бірінші, екінші, үшінші санаттағы қызметкер нені білуі қажет) белгілейді.

Өндірістегі, әлеуметтік тәжірибелердегі өзгерістер кезінде бұлар өз маңызын, мәнін жоғалтпайды.

2. Тұлға құзыреттілігін қалыптастыру. Құзыреттілік тұрғысынан білім берудің басты ерекшелігі дайын білімді игерту емес, бұл білімді өз бетімен игеруге, оны

практикада қолдана білуге жағдай туғызу. А.В.Хуторскийдің берген анықтамасында «Құзырлылық жеке бастың білім, білік, дағдысының жиынтығы, құзыреттілік жалпы адамның өз ісін жақсы білу арқылы сапалы қызмет ету қабілетін білдіреді» деп көрсетілген.

Бүгінгі күні жас ұрпақ өз таңдауына шексіз мүмкіндік туған заманда өмір сүріп жатыр. Бұл өз кезегінде оқушыға өмірде дұрыс таңдау жасау, ұтымды шешім қабылдау, өз өміріндегі өзгерістер ағымына икемделу қабілетіне байланысты өмір сүру мүмкіндігін береді. Мектептегі білім беру міндеттерінің бірі оқушыны шынайы өмірге дайындау. Оқушыны ойлануға, қай жаста болмасын алдынан шығатын түрлі мәселелерді шешуге қажетті әрекет тәсілдеріне үйрету мақсаты тұр. Дегенмен де, мектеп тәжірибесінде оқушыны тапсырманы орындаушы ретінде тәрбиелеу басым бағыт алып отыр. Бұл оқушының өз бетімен ойлануына, өзінің пікірін білдіруде кері әсерін тигізуде.

Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру Тұжырымдамасында: «12 жылдық білім берудің басты мақсаты: өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру», - деп анық көрсетілген. Сонымен қатар мектеп түлегінің негізгі құзыреттілігі құндылықты-бағдарлы, мәдеиет-танымдық, оқу-танымдық коммуникативті, ақпараттық-технологиялық, әлеуметтік-еңбек және тұлғаны өзін-өзі дамыту құзыреттіліктері бойынша анықталады деп көрсетілген.

Латын тіліндегі «competens» сөзін К.С. Құдайбергенова: «құзырлылықты білімін, біліктілігін, дағдысын, тұлға, мінез-құлқын ең бастысы тұлға мүмкіндігін бағалаудың критеріі мақсатында қарастыру құзырлылық маңызын толық аша алады. Олай болса құзырлылық нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалы критеріі ретінде әлеуметтік және өмірлік көз қарастарды есепке алу қажет» - деп жазса, психолог Б.К. Жұмағалиева құзыреттілікті тұлға бойындағы белгілі бір пән бойынша алған нәтижелік білімнің, білім, білік, дағдыларынан көрінуі, ал құзырлылық осы құзыреттілікті тұлғаның пән бойынша алған білімін өз қажеттілігіне сәкес қолдана, пайдалана білуі деп көрсетеді.

Сонда құзыреттілікті білім мен тәрбиенің бір тұтастығын сақтай отырып, жеке тұлғаның өзіндік дамуын жүзеге асырып, өмір сүруге қажетті өзіндік бағдарын айқындауға мүмкіндік беретін құзырлылыққа жеткізуде күтілетін түпкі жәтиже деп түсінуге болады.

Бәсекеге қабілетті өзгерістерге бейім жеке тұға тәрбиелеу ізденіске толы шығармашылық жұмыстардың нәтижесінде мүмкін екендігі белгілі. Сондықтан оқушының өмірдегі түрлі жағдайларға мектепте алған білімін, білігі мен икемін, дағдыларын тиімді қолдана отырып, сәтімен шыға білуіне жағдай жасау, сабақ үрдісінде де, сабақтан тыс жүргізілетін жұмыстар арқылы да тиімді ұйымдастыра білу 12 жылдық білім беру табалдырығын атағалы тұрған мұғалімдерге үлкен жауапкершілік жүктейді.

Мұғалім мақсаты бүгінгі заман талабы, білімді, білікті, өздігінен тығырықтан шығар жол таба білетін іскер адам тәрбиелеуді қажет етіп отырғандықтан, мектеп қабырғасында жеткіншектердің жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау.

Оқушыға нәтижеге бағытталған білім беруде күтілетін тұлға құзыреттілігін төмендегіше сипаттауға болады:

- өзінің даралығын сезініп, өзін-өзі дамыта білуі;
- өзінің іс-әрекетін бағалай білуі;
- түйткілді мәселені шешудің ең тиімді жолдарын таба білуі;
- өз алдына мақсат қоя білуі және оны жүзеге асыра білуі;
- өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білуі;
- өз бетінше алынған ақпаратты таңдай білуі;
- түрлі өмірлік жағдайларында пайдалы, тиімді шешім қабылдай білуі.

Педагог маманның кәсіби құзыреттілігі. Біліктілік сипаттамасында жоғары санатты, бірінші, екінші және үшінші санаттардағы қызметкерлер нені білуі керек, нені орындай алуы, қандай және тұлғалық сапалардың иесі болу қажет екендігі белгіленеді. Осыған байланысты біліктілік профилі – қызметкерлерге қажетті сапалардың сандық көрсеткіштері бейнеленетін құжат жасалады.

Кәсіби құзыреттілік пен біліктілік сипаттамасының арақатынасы қандай? Біріншіден, еңбек нысаны (нормативті кәсіби іс-әрекет сипаттамасы) мен еңбек субъектісі (адамның жалпы осы кәсіптегі еңбек үшін қажетті психологиялық сапалары) көрсетілсе, екіншіден, әр түрлі біліктілік дәрежесі бар адам нені біліп, нені орындай алуы тиіс, қандай психологиялық сапаларды игеруге тиістігі нақтыланады. Егер кәсіби біліктілік адамға кәсіп тарапынан қойылатын талаптардың жалпы сипаттамасы болса, нормативтік мәндегі біліктілік – еңбектің әр түрлі деңгейде орындалуына кәсіп тарапынан қойылатын талаптарды анықтайды.

Бүгінгі күнде қоғам сұранысы мен мамандар дайындау деңгейінің арасында біліктілік алшақтығы бар екен туралы айтылып та, жазылып та жүр.

Нақты бір адамның кәсібилігінің мүмкін болатын көрсеткіштерін, критерийлерін қарастырайық. Ең алдымен, адамның кәсіби құзыреттілігі оның жоғары кәсіби нәтижелерге жетуі сияқты психологиялық компоненттер екені белгілі. Кәсіби шығармашылық және дарындылық жаңа технологиялар мен құралдарды, түрлі жаңалықтарды игеру ретінде қарастырылған жағдайда және адамның мінез-құлқына, оның өмірінің кәсіптік жақтарын талдауда қажеттілігі күшейе түседі. Шын мәнінде, адамның кәсіби шығармашылық және дарындылығын қарастыру мен бағалауда мынадай мәселелердің маңызы зор:

- кәсіби өмірінде адамды алға жетелейтін не?
- қандай құндылық бағдарларынан бастау алады?
- осы іспен не үшін шұғылданып жүр?
- өз еңбегіне ішкі мүмкіндіктерін ерікті түрде сала ма?

Сондықтан біз бұдан былайғы талдауларда кәсіби шығармашылық және дарындылықтың екі жағын ажырата қарайтын боламыз: адамның кәсіби іс-әрекетінің мотивациялық аясының жағдайы (адамға қандай түрткілер қозғау салады, кәсіби іс-

әрекеттің, оның өмірдегі мәні қандай, өз жеке басы қандай мақсатқа жетуге ұмтылады, өз еңбегіне қаншалықты қанағаттанады т.с.с.) және адамның кәсіби іс-әрекетінің әрекет етушілік аясының жағдайы (қойған мақсатына қандай; қандай амалдармен жетеді, қандай технологиялар қолданады, қандай құралдарды – білім, ойлау әрекеттері, қабілет, т.б. қолданады).

Кәсіби шығармашылық және дарындылықтың жоғары деңгейі үшін мотивациялық алдағы шешуші жайт кәсіпті рухани жағынан толықтыру, яғни ділге мән беру, кәсіптің мәніне ой жіберу, кәсіптің басқа адамдардың игілігіне арналуы, қазіргі ізгілік бағдарламаларына бойлауға ұмтылу, кәсібінде қалуды, сақтауды қалау;

өз еңбегінде жоғары жетістіктерге жету мотивациясы;

өзін кәсіпқой ретінде дамытуға ұмтылу, кәсіби өсудің оң динамикасында қозғау салу, кәсіби өсу үшін кез келген мүмкіндікті пайдалану, кәсіби нысанасын көздеудің дәлдігі;

кәсіпқойланудың барлық кезеңінен – кәсіпке бейімделуден бастап шеберлікке, шығармашылыққа, одан соң кәсіп жолын қиналмай аяқтауға дейінгі кезеңдерден – үйлесімді түрде өтуі;

мотивациялық аяда кәсіби қалыптың айналуы (деформация), күйреудің болмауы; кәсіби бақылаудың бағалануы, яғни табыстылық пен табыссыздықтың себебін өз бойынан және кәсіптің ішкі жағдайынан іздеу;

кәсіби іс-әрекетте жеткен жоғары нәтижелердің оңтайлы психологиялық бағасы, басқаша айтқанда, артық жүктің, дағдарыстың, қайшылық, кереғарлықтың, тоқыраудың болмауы.

Әрекет ету аясында кәсіпқойлықтың жоғары деңгейіне жетудің шешуші кезеңі – кәсіпті руханилықпен толтыру “технологиясымен” қамтамасыз ету.

кәсіпқойға тән белгілер мен сипаттарды толық көлемде санаға жеткізу, дамыған кәсіби сана, озат кәсіпқой келбеті туралы тұтас көзқарас;

өзін кәсіп талаптарына сай дайындау: кәсіби іс-әрекетті жоғары үлгілер мен стандарттар деңгейінде нақты орындау, шеберлікті меңгеру, еңбектің жоғары өнімділігі, жоғары нәтижелердің сенімділігі мен тұрақтылығы;

адамның өзін-өзі кәсіби тәсілдермен дамытуы, жетіспейтін сапалардың орнын өзі толтыруы, кәсіпке үйренуге жарамдылық пен ашықтық;

өзінің шығармашылық үлесін кәсіпке салуы, тәжірибені байыту, қоршаған лкәсіби ортаны сауықтыру мен қайта құру;

қоғам мүддесін өз еңбегінің нәтижелеріне тарту қажет, өйткені қоғам осы кәсіби еңбектің нәтижелеріне деген сұранысын білмеуі де мүмкін, сондықтан осы мүддені қалыптастыру керек.

2. Педагогтың кәсіби құзыреттілігінің негізгі критерийлері. Кәсіби шығармашылық және дарындылықтың мотивациялық және әрекет етушілік аясындағы жағдайда критерилер тобы түрінде ұсыну ұтымды. Кәсіби психологиялық жөніндегі әдебиеттерді талдау кәсіби құзыреттілікті сипаттау үшін бір критерий емес, критерилер тобын (нәтижелік және процестік, объективті және

субъективтік, сапалық және сандық т.б.) пайдалану қажет екендігін көрсетті. Енді осы критерийлер тобын педагогтың кәсіби құзыреттілігін мысалдар келтіре отырып, мазмұндап көрейік:

- объективті критерийлер адамның кәсіп талаптарына қаншалықты сай болса, әлеуметтік тәжірибеге соншалықты салмақты үлес қосатынымен белгіленеді. Кәсіби құзыреттіліктің объективтік критерийлеріне еңбектің жоғарғы өнімділігі, еңбектің саны мен сапасы, еңбек өнімінің орнықтылығы, кәсіпте белгілі бір әлеуметтік мәртебеге жету, әр түрлі кәсіби міндеттерді шеше білу т.б. жатады. Жалпыға белгілі жайт - мысалы педагог еңбегінде оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін білім беру жүйесінің талаптарына, оқушылар отбасының сұраныстарына сай табысты шешу мүмкіндігі де объективті критерий бола алады;

- субъективті критерийлер кәсіби адамның талаптарына, түрткі болған жайттарға, бейімділігіне қаншалықты сай келетіндігі, адам өзінің кәсіби еңбегіне қаншалықты қанағаттанатындылығымен белгіленеді: мәселен, педагог еңбегінде тұрақты кәсіби педагогикалық бағыттылық, кәсіби және оның құндылық бағдарларының мәнділігін ұғыну, жеке тұлғаға қажетті кәсіби-психологиялық сапалардың жиыны, өзіне кәсіпқой ретінде оң көзқараста болу, жеке тұлғаның қалпын өзгертпеу кәсіби құзыреттіліктің субъективті критерийі бола алады; сөйтіп, педагогтың кәсіпқойлық сипаты еңбектің жеткілікті деңгейдегі жоғары табыстылығы мен кәсіпті өзгертпеуге деген ішкі ниет, қалауының бірлігінен тұрады;

- нәтижелік критерийлер адам өз еңбегінде қоғамның бүгінгі қалауындағы нәтижелерге жету-жетпеуімен өлшенеді. Мысалы, педагог еңбегінің нәтижелерін ұғынуда бүгінгі күнде түрлі көзқарастар бар, олардың бірі оқушының білімін, білім мазмұнының білім беру стандарттарына сәйкестігін ғана нәтиже деп есептеуге бейім болса, екіншісі оқушы қабілетінің дамуын айтады, үшінші бір топ мұғалім еңбегінің нәтижесі деп мектеп түлегінің кейінгі әлеуметтік өмірге бейімделуі деп санайды. Ал, педагог еңбегінің басты басым нәтижесі - оқушының психикалық дамуындағы оң сапалық өзгерістер, қозғалыстар. Мұндай даму оқушыға ықпал ету барысында пайда болады; педагогтың оқушылар дамуының көрсеткіштерін білуі, дер кезіндегі олардың деңгейлерін (үйренушілігі, білімділігі, қалыптасқандығы, тәрбиелілігі), әлеуметтік деңгейін, жуықтап қалыптасу шегін (оқуға, тәрбиеге, жарамдылық), сондай-ақ оқушының өзін дамыту шегін (өзін-өзі үйрету, дамыту, тәрбиелеу) білуі қажет; бұның өзі оқушылардың түрлі қабілеттерінің үйлесімді көрінісін жасайды;

- үдерістік критерийлер адам өзіндік нәтижеге жетуде әлеуетке қолайлы амал-тәсілдерді, технологияларды қолдануымен белгіленеді. Мысалы, өсіп келе жатқан басқа адамның психикасымен ісі бар педагог еңбегінде үдерістік критерийлердің маңызы зор. Үдерістік критерийлерге оның еңбегінің психологиялық үдерісін көрсететін барлық жағдайларды – педагог қалай жұмыс істейді, қандай кәсіби білімі мен іскерлігін, амалын, техниканы және технологияны қолданғанын, сондай-ақ еңбек үдерісінде жеке басының психологиялық сапасын пайдаланғанын (мысалы, педагогикалық ойлау, педагогикалық эмпатия, басқа адамдармен қарым-қатынаста

төзімділік т.б.), педагог пен оқушының уақытын шығындау мен басқа да еңбектің психологиялық бағасының мөлшері жатады. Нәтижелік және үдерістік көрсеткіштердің бірлігінен кәсіпқойлықтың қажетті сипаттамасы жасалады.

- нормативтік критерийлер адамның кәсіп нормаларын, қағидалары мен үлгі өлшемдерін меңгерумен және кәсіптің жоғары үлгілі өлшемдерін шеберлік деңгейінде туындата алуымен белгіленеді. Мысалы, басқа да мамандар сияқты, педагогтың де өз еңбегінде кәсіптік нормалары, атап айтқанда, оқу мен тәрбиенің өз бойына жинақтаған, ғылымда жетілдіріп, практикада мақұлданған әдістемелік құралдары мен түрлерін игеруінің маңызы; педагог еңбегінде басқа кәсіптегі сияқты белгілі бір нормалары, жеке тұлғаның қалыптасу нормаларының болуы, т.б.

- даралық-вариативтік критерийлер адамның өз еңбегін дараландырумен, ол еңбек арқылы жеке басының сұраныстарын өзі қанағаттандырумен, еңбектегі өзіндік саналылығымен, кәсіби тәсілдерімен, өзін дамытуымен белгіленеді. Яғни, қазіргі мұғалімнің өзіндік ерекшелігін, қайталанбайтын даралығын, өзіндік стилін, қоршаған ортаға деген көзқарасын бағалайды.

Авторлық бағдарламамен жұмыс істейтін мұғалімдер – мектеп мақтанышы, олар оқушылар мен ата-аналарды өзіне тартады; педагогикалық даралық кездейсоқ болмайды, ол өзін-өзі жетілдіру жолындағы үлкен еңбектің нәтижесі, оқушының психологиялық даму тұрғысынан өзін диагностикалай білуі, өзінің күшті және әлсіз жақтарын анықтауы; педагог еңбегінде нормаларды меңгере білумен қатар еңбектің орындалуына даралық енгізу кәсіби құзыреттіліктің маңызды қыры болып табылады.

- деңгейлік критерийлері адамның бүгінгі күнгі кәсіпқойлықтың жеткілікті жоғары деңгейіне жетуі немесе жетпеуімен белгіленеді: Мысалы, педагог еңбегін кәсіби анықтаудың маңызы зор, ол педагогтың кәсіби қалыптасуының, басқа да кез келген маман сияқты, осы кездегі және алдағы уақытқа жоспарлаған деңгейі болады. Ол оқушыларға берген білімін, іскерлігін, т.с.с. жеке тұлғалық сапаларының қорын жетілдіру арқылы өзінің кәсіби қалыптасуының деңгейін көтереді. Нәтижесі аттестациялау арқылы бағаланады.

- болжамдық критерийлер адамның өзінің кәсіби қалыптасуының шегін болжауымен, жалпы өсуінің бағытын анықтауымен белгіленеді. Мысалы, өзінің мүмкіндігін жете ұғынбаса да мұғалімнің, әдетте әлеуметтік мүмкіндіктері болады; адамның кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі кәсіби қалыптастыруының шектері бұл бір мұғалімнің барлық жағдайда емес, қоршаған ортасы қолдаған жағдайдағы кәсіби іс-әрекетінің үдерісі мен нәтижесінің сипаттамасы; мұғалімге кәсіби қалыптасуының жуықтағы шегін көруге көмектесу - психологиялық кәсіби диагностика мен кәсіпті аттестаттаудың маңызды міндеті; Демек, аттестаттаудың өзі бұл жағдайда дамушылық, ынталандырушылық сипатқа ие болады.

- кәсіпке үйрену жарамдылығының критерийлері адамның, басқаның кәсіби тәжірибесін қабылдауға дайындығы мен кәсіби ашықтық көрсетуімен белгіленеді. Мысалы, педагог кәсіпке қатысты жаңалықтарды бойына сіңіре білуі, тәжірибесі

мол әріптестеріне сенуі; дамуға бет бұрмау (“бізге педагогикалық оқу орнында бұны үйреткен жоқ”) – кәсіпқойлық деңгейі төмендігінің белгісі;

- шығармашылық критерийлер адамның өз кәсібінің шегінен шығуға, бар тәжірибені қайта құруға, кәсіпті өзінің жеке шығармашылығымен кеңейтуге ұмтылуынан көрінеді. Мысалы, басқаның тәжірибесіне сүйенбей-ақ өзіндік шығармашылық бағыт ұстаудың, оған өз табыстарын, егер олар оқушылардың психологиялық дамуына жол ашып, мектеп пен сыныпта жайлы психологиялық ахуалды сақтаса, батыл ұсыныс жасау педагогты шығармашылық бағыт ұстауға ұмтылдырады; кәсіби ашықтық, үйренуге ынталану мен дербес шығармашылық ізденіс тің үйлесімі бұл – кәсіби дамудың маңызды сипаты болып табылады.

- әлеуметтік белсенділікке және кәсіптің қоғамдағы бәсекелестікке қабілеттілік критерийлері тиімділік жағынан аз болып, оның себебін адам өз бойынан, кәсібінің аясынан іздеген уақытта өз еңбегінің нәтижелеріне қоғамды қызықтырумен, бақылаудың ішкі кәсіби қызметінде қажеттілікке назар аударуымен белгіленеді. Мысалы, бүгінгі күні мұғалім үшін қоғамды (білім беру орындары, отбасы т.б.) өз еңбегі нәтижелерінің маңыздылығына сендіру, білім беру нарығындағы бәсекелестік қатынастарға өз әдістерін көрсете отырып, қатыса білуі маңызды. Сондай-ақ, мектепте кездесетін кемшіліктерді қоғамнан емес, мектептің ішкі жағдайларынан іздеу, т.б.

- кәсіби жолды қуудың критерийлері адамның кәсіби ар-намысын қаншалықты сақтай білуіне байланысты. Оның қоғамға қаншалықты үлес қосуымен айқындалады. Мысалы, педагогқа кәсіби патриотизм мен кәсіпке берілген адалдық аса қажет.

- сапалық және сандық критерийлер кез келген маман, оның ішінде педагог үшін білім тереңдігі, жүйелілігі, оқушылардың оқу іс-әрекетінің қалыптасқандығы, ойлау әрекеті, сандық көрсеткіштер тұрғысынан алғанда рейтинг, санат ұпайы т.б. маңызды болып саналады.

Бұл критерийлер өлшеммен кімді кәсіби маман деп санауға болады? Педагог іс-әрекетінің мысалымен осы сұраққа жауап беріп көрейік.

Сонымен, кәсіби маман келесі сипаттамаларға лайық маман:

оқыту мен тәрбие міндеттерін табыспен шешеді, қоғамға қажетті әлеуметтік өнім үшін қалаулы психологиялық сапаға (объективті критерийлер) ие болған тұлғаларды дайындайды;

жеке басы кәсіпке ықыласты, осы кәсіби еңбекті таңдауға ішкі себебі бар, еңбегіне қанағаттанады (субъективті критерийлер);

оқушы тұлғасы дамуындағы бүгінгі қоғамға қажет нәтижелерге жетеді (нәтижелік критерийлер)

демократиялық қоғамға тиімді амалдарды, технологияларды пайдаланады (үдерістік критерийлер);

кәсіп нормаларын, эталондарын меңгереді, шеберлікке жетеді (нормативті критерийлер);

сонымен бірге өз еңбегін дараландыруға ұмтылады, өзінің даралығын кәсіби жолмен сапалы түрде жетілдіреді (даралық-вариативтік критерийлер);

кәсіби жеке тұлғалық сапалар, білім мен іскерліктің жоғары деңгейіне көтеріліп қойған (айғақтық деңгей критерийлер);

сонымен бірге жүзеге асыруға қажет барлық жолды қамдай отырып, жуық арада кәсіби тұрғыдан дамудың шегі мен болашағын саналы түрде ұғынады (болжамдық критерийлер);

кәсібін ұдайы оқып үйренуге, тәжірибе жинауға, тәжірибесін өзгертуге дәйім дайын (кәсіп үйренуге жарамдылық критерийлері);

сонымен бірге өзінің жеке шығармашылық үлесінің есебінен кәсіби тәжірибині байтып отырады (шығармашылық критерийлері);

қоғамдық әлеуметтік жағынан белсенді қоғам талқылауына кәсіп мұқтаждықтары мен табыстары туралы мәселелер даярлайды, сонымен бірге кәсіпшілік мәселелерді шешудің жолдарын іздеп отырады (шығармашылық критерийлері);

қоғамда әлеуметтік жағынан белсенді қоғам талқылауына кәсіп мұқтаждықтары мен табыстары туралы мәселелер даярлайды, сонымен бірге кәсіпшілік мәселелерді шешудің жолдарын іздеп отырады, білім беру қызметіндегі бәсекелестік шарттарынан қаймықпайды (әлеуметтік белсенділік критерийлері);

педагогтік кәсіпке берілген, тіпті, қиын жағдайда да кәсіби ары мен намысын, кәсіби этикасын ұстауға талпынады (кәсіп жолын критерийлері);

өз еңбегін сандық сапалық жағынан бағалауға дайын, оны өзі де орындай алады, өз еңбегін ұпай, санат түрінде саралауға дайын, кәсіби сынақтар мен тестілеуге жайбарақат қарайды (сандық және сапалық критерийлер);

Басқаша айтқанда, кәсіби педагог дегеніміз - кәсіби іс-әрекеттің жоғары деңгейіне жеткен, еңбек ету барысында өзін өзгертіп, дамытып отыратын, кәсіпке өзінің дара шығармашылық үлесін қосып отыратын, өзінің дара орнын тапқан, қоғам да өз еңбегінің нәтижесіне қызықтыра білетін, өз кәсібінің қоғамдағы беделін көтере білетін маман.

Біліктілік - қызметкердің іс-әрекетінің нақты бір түрінде белгілі бір күрделі еңбекті атқаруға мүмкіндік беретін қабілетінің даму деңгейі. Біліктілік - қызметкер игерген теориялық білімімен, практикалық дағдысымен айқындалады және бұл қызметкердің маңызды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдағы сипаты болып табылады.

Кейбір зерттеушілер, кәсіби білім беруді ұйымдастырушылар, менеджерлер мен әдіскерлер педагог біліктілігі деген ұғымға кең мағына береді. Мәселен, Н.В.Кузьмина педагогикалық біліктіліктің басты белгісі педагог тындаушыларға берілетін пәннің мазмұнын білу немесе неғұрлым көп іс-әрекет орындауды ғана емес, баланы үйрете білу, оның білімге деген қызығушылығын арттыру, жеке тұлға ретіндегі және мінезіндегі белгілі бір қасиеттерін қалыптастыру деп санайды.

Осыған ұқсас И.В. Дубровина психолог біліктілігіне қатысты: "Психолог жұмысының тиімділігі, ең алдымен, оның кәсіби біліктілігінің деңгейіне

байланысты» ой айтады. Бұл балалар психологиясы мен педагогикалық психологияны міндетті түрде білумен бірге, баланы зерттеудің алуан түрлі психологиялық әдістерін меңгерудің тиісті деңгейін, өзінің жеткілікті дәрежедегі жоғары интеллектуалдық және тұлға ретіндегі қалыптасу деңгейін қажет етеді.

Қазіргі нормативтік негіздерге сүйенсек, маманның кәсіпті үйренгендігінің деңгейі мен дәрежесін біліктілікке қарап бағалайды. Жоғары білімді маманның біліктілігі, оның жоғары оқу орнындағы дайындығы мен дербес кәсіби іс-әрекетінің мазмұнын реттейтін құжаттарда анықталған. Олардың ішінде:

- жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарты;

мұнда бір, екі мамандық бойынша маман дайындау деңгейі мен мазмұнына қойылатын мемлекеттік талаптар беріледі, осы талаптарды орындау барысында тиісті біліктілік алуға негіз болады;

- лауазымдардың тарифтік-біліктілік сипаттамасы. Мұнда тарифтік разрядқа байланысты біліктілік, жұмыс күрделілігі, орындаушылық нақтылығы мен жауапкершілігі деңгейлеріне қойылатын талаптар мазмұндалады: осының негізінде маманға тарифтік разряд және біліктілік санаты беріледі.

2. Құзыреттіліктің аспектілері:

мәндік аспект, неғұрлым жалпы мәдени негіздегі жағдайларды жете түсінуді көрсетеді. Оның аясына туындаған жағдайларды бағалау, оны ұғыну мен оған деген қарым-қатынас кіреді;

проблемалық-практикалық аспект, бұл – қандай да бір жағдайда туындаған мәселені айқындай білудің мақсат, міндет, нормаларды алға қою мен орындау тиімділігін сипаттайды;

коммуникативтік аспект, адамның туындаған жағдайға қатысын және өзара ықпал жасауға тиісті мәдени үлгі деңгейін қамтамасыз етеді.

Кәсіби құзыреттілікте жетекші орын (бірақ бірегей емес) проблемалық-практикалық аспектте беріледі. Солай бола тұра, барлық үш аспектінің қалыптасқандығы, жалпы мәдени құзыреттілікке ие адамның сипатын береді. Өйткені бұл адамға өз кәсібі аясынан тысқары жағдайда өз мүмкіндігін жүзеге асыруға жол ашады.

Құзыреттілікті оның жалпы мәдени және кәсіби көріністерін сипаттау үшін аспектілерге бөлу жасанды тәсіл. Әсіресе, бұл психологтер мен педагогтерге қатысты алғанда анық байқалады. Өйткені, олардың іс-әрекетінде ахуалдың мәнін жете ұғыну міндетті түрде практикалық әрекеттерден бұрын болып қана қоймайды, сонымен бірге осы әрекеттердің өзі коммуникативтік жағынан жеткілікті деңгейде жиі қамтамасыз етіліп отырады. Сондықтан құзыреттіліктің кәсіби көріністері айқындалған үш аспектімен бірдей кешенді түрде сипатталуы қажет.

Жеке тұлғаның еңбек нәтижесі мен барысындағы өзгерістерін қарастыра отырып, Э.А.Гришин бұл үдеріске нақты кәсіп ықпалының мынадай айрықша белгілерін айқындайды:

- еңбек жағдайлары;

- өндірістік ұжымдағы іскерлік және жеке тұлғалар қатынастарының саласы;

- жеке тұлғаға қойылатын өндірістік жалпы талаптар;
- жеке тұлғаға қойылатын жеке кәсіби этикалық талаптар.

Ол осы жолмен жеке тұлғаның әр кәсіпке қажетті өзіндік сапаларын айқындауға болады деп есептейді. Осылайша ол педагогтің кәсіби сапасының мынадай құрылымын ажыратады:

- жалпы мәдениет, зеректік (эрудиция) және өз пәнін білу;
- өзінің білімі мен іскерлігін ұдайы жетілдіріп отыру;
- балаларға деген сүйіспеншілік және педагогикалық кәсіпті сүйю;
- бағалауда әділ болу және талап қоя білу;
- бақылау және назар, әдеп.

А.П.Сейтешев педагог пен психолог кәсіптеріне ортақ нәрсе олардың "көмектесуге" арналатындығында екенін көрсетеді. Оның пікірінше, кәсіби іс-әрекет, маманның коммуникативтік іс-әрекетті орындауға қабілеті ретінде ұғынылатын әлеуметтік-психологиялық құзыреті қалыптасқанда ғана атқарылады.

Шындығында, кәсіби еңбек мәнін анықтаудың психолог кәсібімен дәстүрлі түрде байланысы, мұндай байланыс, отандық педагог кәсібі үшін жаңа болса да, соңғы онжылдықта әбден тұрақталды.

Алайда, педагог үшін басты іс-әрекет оқыту, тәрбиелеу және дамыту болып қалып отыр. Сондықтан аталмыш кәсіптегі мамандарды дайындауда психолог үшін басты, педагог үшін көмекші болып табылатын белгіге сүйеніп талдау әлі де дәлелдей түсуді қажет етеді.

Педагог мамандарды даярлауда ақпараттық құзеттілікті қалыптастырудың дидактикалық мүмкіндіктері. Зерттеушілердің бір тобы кәсіби құзыреттілік пен жеке тұлға құзыреттілігінің арақатынасын бөлшек пен бүтіннің арақатысы ретінде қарастырады. Мәселен, С.Б.Елканов, Э.Ф.Зеер, т.б. мұғалімнің жеке тұлғасы құрылымын К.К.Платонов әдісіне сүйеніп шығарады да, оның мынадай ішкі құрылымын анықтайды:

- әлеуметтік және кәсіби бағыттылық;
- кәсіби-арнайы даярлық және құзыреттілік;
- педагогикалық сапалар мен қабілеттілік құрамындағы психикалық қасиеттер;
- кәсіби-мәдениленген темперамент.

Кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуын олар кәсіби-арнайы даярлықтың және құзыреттіліктің ішкі құрылым аясында (тәжірибе жинап, игеру) кәсіби іскерлік пен дағдыларды, білімді меңгерудің барысы мен нәтижесі, сондай-ақ кәсіби шеберліктің деңгейі ретінде қарастырады. Мұндай әдісте кәсіби құзыреттілік ұғымын шегеру жолы (редукция) айқын байқалып тұр. Өйткені, мұндайда оның (кәсіби құзыреттіліктің) жеке тұлғаға арналған басқа ішкі құрылымдарды маңызды түрде өзгертуге ықпалы жеткілікті бағаланбайды.

Б.С.Гершунский және кейбір зерттеушілер кәсіби құзыреттілікті жеке тұлғаның онтогенетикалық дамуы контекстінде қарастырады. Олар әр адам өзінің жаңа білім деңгейіне біртіндеп көтерілу барысы мен нәтижесінде жеке тұлға ретінде қалыптасу жолына жететінін мақұлдайды. Білім деңгейлерінің, оның көрсетуінше, мынадай басқыштары бар:

қарапайым және функционалдық сауаттылық;
жалпы білім;
кәсіби құзыреттілік;
кең түрде мәдениетті игеру;
дара ділін қалыптастыру.

Б.С.Гершунский мен А.Г.Асмоловтың ұғындыруынша, мұның үшінші басқышы қоғам мен жеке тұлға үшін кәсіби маңызды сапалардың қалыптасуымен байланысты. Бұл сапалар еңбектің нақты бір түрінде адамға өз жолын толайым табуға мүмкіндік береді, еңбектің қоғамдық қажетті бөлінісіне және белгілі бір біліктілік пен профиль қызметкерінің неғұрлым өнімді және бәсекеге қабілетті түрде қызмет етуін ынталандырудың нарықтық механизміне сәйкес келеді.

Кәсіби құзыреттілік басқышына жеке тұлғаны кәсіби білім беру жүйесінде қалыптастыру жолымен жетеді. Мұның алдындағы басқыштарда кәсіби бағыттылық компоненттері айқындалған. Олар бастапқы еңбек дағдылары мен кәсіби бағдарды қалыптастырады. Ал кейінгі басқыштарда кәсіби құзыреттілік мәдениет пен ділдің кәсіби компоненттерінің қалыптасу мен даму тәсілі ретінде әрекет етеді. Демек, кәсіби құзыреттілікке үздіксіз білім берудің тұтас жүйесінің барлық басқыштарының сабақтасуы арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Жоғары білімді маманның құзыреттілігін біз жоғары оқу орны түлегінің кәсіби іс-әрекетті біліктілікпен атқаруға деген теориялық және практикалық дайындығы мен қабілетінің бірлігі деп санаймыз. Бұл ұғымның мәні кәсіби іскерліктердің жиынтығы арқылы ашылады. Іскерлікті іске асыру маманның кәсіби міндеттерді шешу барысындағы іс-әрекет нәтижелігінің тиісті деңгейде болуын қамтамасыз етеді.

Зерттеу әдіснамасы ғылыми әдістер жүйесіне негізделеді. Әдістерді іске асыру деген сөз - кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы барысы мен нәтижесінде болашақ маманның кәсіби іс-әрекетінің кәсіби құнды, жеке тұлғалық жаңа түзілімдер мен сипаттардың пайда болуының және қалыптасуының басты үрдістері мен білімдендіру шарттарын айқындап, зерттеуді қамтамасыз ету деген сөз. Мұны қолданудың бірнеше жолы бар:

аксиологиялық әдісте кәсіби құзыреттіліктің пайда болуы мен қалыптасу барысы маманның кәсіби іс-әрекеі пен оның субъектілеріне деген құндылық қатынастарының жүйесімен түсіндіріледі;

міндеттік әдіс бойынша кәсіби құзыреттілік кәсіби іс-әрекеттің міндеттік құрылымын меңгеру мен жеке тұлғаның өзін іске асыру тәсілімен өзін-өзі айқындау барысында қалыптасады;

жеке тұлғалық әдіс болашақ маманға кәсіпті меңгеретін және кәсіби құзыреттілігін өзі дамытатын өзіндік санасы бар субъект ретіндегі көзқарасты білдіреді;

іс-әрекеттілік әдіс кәсіби ойлау мен әрекет ету, жоғары кәсіби білімнің мемлекеттік стандарты белгілеген міндеттерді жетік шешу іскерлігін қалыптастыру үдерісіне студенттерді тарту қажеттілігін анықтайды;

мәдениеттанушылық әдіс оқу және кәсіби іс-әрекеттің мазмұнын кәсіби құзыреттілікті сырттан қалыптастыру мен іштей қалыптастырудың мақсатын, мазмұнын, құралдары мен нәтижелерін жеке тұлғаның өзі анықтай білу қабілетін дамытуға бағыттап отырады;

дара шығармашылық әдіс жоғары кәсіби білімді лектік қайталамалы деңгейден дара шығармашылық деңгейге көтерудің негізі болады;

акмеологиялық әдіс маманның кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу үдерісін сырттан басқарудан іштей өзіндік басқаруға көшіруге, табиғи және әлеуметтік-мәдени факторлардың ықпалын анықтауға мүмкіндік береді;

антропологиялық әдіс педагог пен психологтің гуманитарлық кәсіп маманы ретінде практикалық адамтануды игеруге дайындығы мен қабілетін зерттеуге жол салады.

Маманның кәсіби құзыреттілік мазмұны мен құрылымын қалыптастыру жолдары. Маманның кәсіби құзыреттілігін зерттеу бірін-бірі толықтырып, таразылап тұратын әдістер кешенін пайдалану арқылы жүзеге асады. Теориялық талдау амалдарының (салыстырмалы салғастырмалы, ретроспективті, моделдеу) екі жақты функциясы бар. Біріншіден, ғылыми дерек көздерін зерттеудің аспаптық (құрал-жабдық) негізін жасайды. Екіншіден, жиналған эмпирикалық (тәжірибелік) материалды жете ұғыну мен қорытындылау кезінде қолданылады.

Бұл - кәсіби іс-әрекетті атқара білетін және оған дайын мамандар шығарудың басты үрдістері мен шарттарын айқындайды. Болжамымызды тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру барысында зерттеу әдістерінің мынадай түрлері қолданылды:

жобалаушылық әдістер (өзін-өзі еркін сипаттау, пиктограмма, оның суретін сөзбен беру, кәсіби іс-әрекеттің үзіндісі немесе актісі, негізгі ойларын жазғызып оны (“қорғау”));

диагностикалық әдістер (тестілеу, ұсынылған жоспар бойынша оқу-танымдық және кәсіби-практикалық іс-әрекет ахуалдарын жазбаша түсіндіру, өзін-өзі бағалау және эксперименттік бағалау, тәуелсіз сипаттамаларды қорыту);

обсервациялық әдістер (тікелей, жанама және бақылау);

праксиметриялық әдістер (еңбек өніміне талдау жасау, кәсіби іс-әрекетті зерттеу мен қорыту).

Бұл әдістер тәжірибелік-эксперименттік зерттеудің пилоттық және ізденушілік-жасампаздық кезеңдері оқу-танымдық және кәсіби-практикалық тапсырмалар жүйесіне біріктірілді. Сондықтан мұны студенттер қосымша жасанды қиындық ретінде емес, кері байланыстың табиғи арнасы ретінде қабылдады. Бұл әдістер

зерттеу материалдарын жинаумен қатар, оқытушылар мен студенттерге оқу мен кәсіби үрдіс туралы ақпарат алып, оны өндеуге мүмкіндік ашты. Осы арқылы кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы мен дамуы үдерісін дер кезінде реттеу мен түзету мақсатында сыртқы және ішкі бақылауға жол ашылды.

Білім беру саласындағы қызметкерлерінің ақпараттық технологияны қолдану саласы бойынша біліктілігін көтеруді дамытудың негізгі жолдары. Біліктіліктің, құзыреттіліктің маңызды белгілері болып мынадай критерийлермен белгіленетін деңгей саналады:

- іскерлік пен білімді меңгеру деңгейі (іскерлік пен білім саласы);
- іскерлік пен білімнің кендігі және диапазоны;
- арнайы тапсырмаларды орындауға қабілеттілік;
- өз жұмысын ұтымды ұйымдастырып, жоспарлау қабілеті;
- тосын жағдайларда өз білімін қолдана білуге қабілеттілігі (техника, технология, еңбек ұйымдастыру мен оның шарттары өзгерген жағдайда, тез бейімделу).

"Құзыреттілік - "істі біліп" іс-әрекет атқаруға қабілеттілікті білдіретін жалпы бағалама ұғым. Әдетте, бұл ұғым белгілі бір әлеуметтік-кәсіби мәртебесі бар адамдарға қатысты қолданылады. оның орындайтын міндеттері мен шешетін күрделі проблемаларының нақты деңгейіне сай білім мен іскерлігінің сәйкесті мөлшерін анықтайды". Бұл анықтама біліктіліктің кәсіптік белгілерін де қамтиды, олар жеке тұлғаға байланысты жайттарды толықтырады.

"Біліктілік" пен "құзыреттілік" ұғымдарын салыстыра келіп, О.Б. Ховов екінші терминнің бірінші терминге қарағанда мағынасы кең екенін көрсетеді. Өйткені оған біліктілікті сипаттайтын таза кәсіби біліммен және іскерлікпен қоса топта жұмыс істеуге ынталылық, ынтымақтастық, қабілеттілік, коммуникативтік қабілет, оқу, бағалау, логикалық ойлау, ақпаратты алу мен пайдалану т.б. іскерліктер жатады".

Бұл пікірден байқайтынымыз, автор "құзыреттілік" терминін іс-әрекеттілік және әлеуметтік-коммуникативтік өзекті белгілердің негізінде маманның жеке тұлғасына сүйене отырып, кәсіпке дайындау деңгейінің қосымша сипатын беру үшін қолданады.

Құзыреттілік, жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесіне сай белгілі бір міндеттерді орындауға дайындығы және қабілеті. "Дайындық" ұғымы "бәрі орындалған, бір нәрсе үшін бәрі дайын" дейтіндей жағдай мағынасын анықтау үшін, ал қабілет-іскерлік, сондай-ақ белгілі бір әрекетті орындау мүмкіндігін білдіру үшін қолданылады.

Бұл мағыналар құзыреттіліктің мәні мен мазмұнын жеткізіп, ашып тұрады. Құзыреттілік теория мен практиканың бірлігі негізінде қалыптасады. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес, жеке тұлғаның танымға, ойлауға, қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген іскерлігінің белсенділігінен көрінеді.

Н.С.Розов құзыреттіліктің екі жағы болатынын анықтайды да, бірінші жағына танымдық және практикалық жаңалық енгізуді (инновация) ассимиляциялау мүмкіндігімен, екінші жақты - білім беру жүйелерінің әр түрі, тип, профилі сатыларына қойылатын білім талаптарын анықтау мүмкіндігімен байланыстырады.

Талдау көрсеткендей, құзыреттіліктің көрсетілген бірінші жағы құзыреттілікті стандартты емес (тосын) жағдайда жүзеге асыру деңгейін белгілеудің индикаторы ретінде іс-әрекет етсе, екінші жағы оның ең аз деген, қажетті деңгейіне қойылатын талаптарды белгілеудің қайнар көзі болып табылады. Демек, бұл екі жақ іс жүзінде құзыреттілік көріністерінің аралығын айқындайды.

Н.С. Розовтың пікірінше, құзыреттіліктің мынадай қырлары бар:

мәндік аспект, жағдайды жете түсінуді көрсетеді. Оның аясына жағдайды бағалау, оны ұғыну мен оған деген қарым-қатынас кіреді;

проблемалық-практикалық аспект, туындаған жағдайды айқындай білу, оның мақсаты, міндеті, нормаларды алға қою мен орындау тиімділігін сипаттайды;

коммуникативтік аспект, адамның туындаған жағдайға байланысты әрекетін және өзара ықпал жасауға тиісті мәдени үлгі деңгейін қамтамасыз етеді.

Кәсіби құзыреттілікте жетекші орын (бірақ бірегей емес) проблемалық-практикалық аспектте беріледі. Солай бола тұра, барлық үш аспектінің қалыптасқандығы, жалпы мәдени құзыреттілікке ие адамның сипатын береді. Өйткені бұл адамға өз кәсібі аясынан тысқары жағдайда өз мүмкіндігін жүзеге асыруға жол ашады.

Құзыреттілікті оның жалпы мәдени және кәсіби көріністерін сипаттау үшін бұлайша аспектілерге бөлу жасанды тәсіл екенін көруге болады. Әсіресе, бұл психологтар мен педагогтарға қатысты алғанда анық байқалады. Өйткені, олардың іс-әрекетінде туындаған жағдайдың мәнін жете ұғыну міндетті түрде практикалық әрекеттерден бұрын болып қоймайды, сонымен бірге осы әрекеттердің өзі коммуникативтік жағынан жеткілікті деңгейді жиі қамтамасыз етіліп отырады. Сондықтан құзыреттіліктің кәсіби көріністері айқындалған үш аспектімен бірдей кешенді түрде сипатталуы қажет.

Жеке тұлғаның еңбек нәтижесі мен барысындағы өзгерістерін қарастыра отырып, Э.А. Гришин бұл үдеріске нақты кәсіп ықпалының мынадай айрықша белгілерін айқындайды:

еңбек жағдайлары;

өндірістік ұжымдағы іскерлік және жеке тұлғалар қатынастарының саласы;

жеке тұлғаға қойылатын өндірістік жалпы талаптар;

жеке тұлғаға қойылатын жеке кәсіби этикалық талаптар.

Ол осы жолмен жеке тұлғаның әр кәсіпке қажетті өзіндік сапаларын айқындауға болады деп есептейді. Осылайша ол педагогтың кәсіби сапасының мынадай құрылымын ажыратады:

жалпы мәдениет, зеректік (эрудиция) және өз пәнін білу;

өзінің білімі мен іскерлігін ұдайы жетілдіріп отыру;

балаларға деген сүйіспеншілік және педагогикалық кәсіпті сүйю;
балаларға әділ болу және талап қоя білу;
бақылау және назар, әдеп.

Педагог мамандарды ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде дайындаудың негізгі қағидалары. Қазіргі кезде жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарттарын жасау мен енгізу тәжірибелері қайта қарастырылуда. Пән мұғалімдерін даярлау стандартында мынадай мәселелер қарастырылған:

а) жаратылыстану бағытындағы педагогикалық мамандықтарды әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы психология мамандығымен біріктіру (Бұл - дәстүрде жоқ жағдай);

ә) маманның негізгі кәсіби функцияларының мөлшерін ұлғайту (дәстүрлі оқыту, дамыту және тәрбиелеу іс-әрекеттеріне коммуникативтік, ұйымдастырушылық, басқару, бағдарлау және ақпарат беру функциялары қосылған);

б) қызмет түрлерін көбейту (оқытушылық, ғылыми әдістемелік және мәдени-ағартушылық қызметтерге тәрбиелеу, ұйымдастыру мен басқару қызметтерімен толықтырылған);

в) түлектің кәсіби іс-әрекетінің түпкі міндеттерін айқындау, ондай міндеттер орындалғанда:

мұғалім;

психолог;

мектептің әдістемелік бірлестігінің мүшесі;

кабинет меңгерушісі;

сынып жетекшісі;

емтихан және қабылдау комиссиясының мүшесі ретіндегі мамандар шығу керек.

г) екі нұсқадағы кәсіби бағдарлама мазмұнының міндетті минимумын стандартқа енгізу.

Мұның реті:

тараулар мен тақырыптар бойынша;

құрылымдық бөлшектердің тізбесі бойынша (ұғымдар, заңдар, ұстанымдар, техникалық қолданыстар, жабдықтар және т.с.с.) - жүргізіледі.

жоғары кәсіби білім сапасының мемлекеттік үлгісі ретінде білім беру стандарттарын енгізу үрдісін оң бағалай отырсақ та, мына жайттарды ескеру қажет: олардың мазмұнын едәуір жетілдіру қажет;

стандарт талаптарының орындалуын, бақылау механизмдерін жетілдіру қажет;

стандарт талаптарын формальды түрде ғана ұстанудан жоғары оқу орындарының оны сақтауға нақты мүдделі болуына жағдай жасағанда ғана арылуға болады.

Кәсіби іс-әрекет барысында маман біліктілігін білім беру мекемелері еңбекке ақы төлеудің жаңа шарттарын реттеу барысы 1992 жылдың 1 желтоқсанында енгізілген. Оны тұтас тарифтік жүйеге сүйеніп тарифтік-біліктілік сипаттамалары

бойынша анықтайды. Мұндай жоғары білімді педагогтер мен психологтер үшін разрядтар 18-ден 14-ке дейін, оның үстіне 12-14 разрядты мамандарды аттестациялау арқылы бірінші, екінші немесе жоғарғы біліктілік санаттарын беру көзделген.

Лауазымдардың тарифтік-біліктілік сипаттамаларында стандарттық үш көрсеткіш бар:

а) лауазымдық міндеттер. Бұл арқылы маманның өз кәсібіне жетіктігі анықталады. Кәсібіне жетіктігі деп біз "компетенцияны" айтып отырмыз; ол сөз латын тілінің *competere* - "жетемін, сай келемін" деген сөзінен алынған, қазіргі мағынасы - "заң рұқсат еткен өкілеттіктер көлемі";

ә) білімге қойылатын негізгі талаптар. Бұл - жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік стандартында түлек біліміне қойылатын қорытынды талаптары;

б) еңбекақы төлеу разрядтары бойынша біліктілікке қойылатын талаптар: бұл арқылы мыналар анықталады:

1) негізгі қосымша жоғары кәсіби білімнің нақты бір лауазымға қажетті деңгей;

2) білім беру мекемелері мен ұйымдарында істеген еңбек өтілі;

3) 12-14-разрядтар бойынша жұмыс істейтін мамандар үшін ғылыми-әдістемелік жетістікке қойылатын талаптар. Бұлар лауазымдық санаттарды тағайындауда ескеріледі.

Қазақстан Республикасының білім жүйесін 2025 жылға дейін дамыту тұжырымдамасында: «Орта білім берудің мақсаты- жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешім-дер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» -деп нақты көрсетілген.

Жалпыұлттық деңгейдегі 12 жылдық жалпы орта білім берудің басты мақсаты да тұжырымдамаға сәйкес төмендегідей: Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, бәсекеге қабілетті тұлғаны дайындау.

Оған ағылшын тілінен сапалы білім, оқушының өміріндегі оқуға және өз білімін көтеруге дайындығы негізгі алғы шарт болып табылады. Қазіргі кездегі білім беру сапасы оқушының әртүрлі әрекет саласында өз бетінше шешім қабылдауға мүмкіндікті қамтамасыз ететін қалыптасқан негізгі құзіреттілік түріндегі білім нәтижелерімен түсіндіріледі.

Сондықтан, бүгінгі таңда ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және тиімді әрекетке дайын, өзінің пікірін білдіруге және өзінің іс-әрекеті мен өмір сүріп отырған қоғам үшін жауапкершілігін түсінуге қабілетті, отбасындағы, қоғам-дағы, еңбек ұжымындағы әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру.

Жалпы құзіреттіліктің сипаты қандай екендігіне тоқталып өтсек, кейбір сөздіктерде құзіреттілікке белгілі бір зат, құбылыс жөнінде пайымдауға, салмақты да беделді пікір айтуға мүмкіндік беретін білімді игеру ретінде түсіндірме берілген. Ал, орыс тілінде құзіреттіліктің аудармасы компетентность. «Компетенция»

ешқандай білімге де, біліктілікке де келіп тірелмейді. Кең ауқымды білімге ие, бірақ, оны қажет болған кезде іске асыра алмайтын адамдарды кездестіруге болады. Компетентті болу деген оқымысты немесе ғалым болу деген сөз емес. Компетенция адамның білімі мен практикасындағы іс-әрекеттер арасында болатын қатынас ортасы болып қалады» деп жазады орыс ғалымы М.В. Рыжаков өз еңбегінде («Ключевые компетенции в стандарте», М., 1999).

Кейбір сөздіктерде құзіреттілік құзырлылық деп те қарастырылып, оған төмендегідей анықтама берілген. «Құзырлылықадамның стандарттан тыс жағдайда нәтижелі әрекет ету қабілеті. Құзырлылықтың пәндік дағдыдан айыр-машылығы, жаңа тапсырманы шешуде бұрын сабақта қалыптаспаған дағды пайда болады».

«Қазақстан Республикасы 12 жылдық орта жалпы білім берудің жалпыға міндетті стандарты» жобасында «Құзіреттілік -оқушылардың іс-әрекетінің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі, ал құзірет дегеніміз алға қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық; оқушының білім беру жүйесіне деген әлеуметтік тапсырысты құрайтын жеке және қоғам талаптарын қанағат-тандыру мақсатында табысты іс-әрекетке дайындығы» деп көрсетілген. Сонымен қатар, құзыреттілікті тәсілге де төмендегідей анықтама берілген: «Құзырет-тілікті тәсіл – оқу процесінің түпкілікті құзіреттерді қалыптастыруға бағдарлануы; күтілетін нәтижелерге қол жеткізу аясында білім сапасын қамтамасыз ететін білім беру мақсаттарын анықтаудың, білім мазмұнын іріктеудің, білім беру процесін ұйымдас-тыру мен білім нәтижелерін бағалаудың жалпы ұстанымдарының жиынтығы».

Тұлға құзыреттілігін дамыту үшін ұстаздың құзыреттілікті тәсілдерді меңгеруі, білім беру мазмұнын жетілдіруі қажет екендігін ескере отырып, біз, жаңа инновациялық әдіс – тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану жоғары нәтиже береді деген болжам жасап, өзіміз оқып, үйреніп, үш жылдан артық уақыт бойы тәжірибемізде пайдаланып келе жатқан американ ғалымдары Джинни Стилл, Куртис Мередит және Чарльз Темпл жасаған «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» жобасының оқушы құзыреттілігін дамытуда маңызы зор болар деген тұжырымға келдік. Сын тұрғысынан ойлау-сынау емес, шындалған ойлау. Бұл бағдарламаның құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым үш фазадан тұрады. Олар өздерінің қызметтеріне байланысты аталады:

- 1) қызығушылықты ояту;
- 2) мағынаны ажырату;
- 3) ой толғаныс.

Қызығушылықты ояту оқушылар үшін сабаққа қатысудағы алғашқы қадам. Бұрынғы білімдері мен сезімдеріне немесе әсерлеріне еніп, жаңа білімге мазмұн қалап, болашақта зерттеу жүргізулеріне күш алуларына және орындалуы керек тапсырмалар жөніндегі жеке және топтық түсініктерді қалыптастыруларына көмектеседі. Сонымен қатар оқушының жаңа идея мен мәліметтерді үйренуге және оны өзіндегі білім негізімен ұштастыруда іштей немесе сырттай белсенді болатын –

болмайтындықтарын шешуі де алғашқы кезеңде іске асады. Қызығушылықты ояту ұзақ, әрі мағыналы оқытудың қажетті психологиялық негізін салады.

Мағынаны тану кезеңі оқушылар жаңа мәліметпен, идеямен немесе жаңа мазмұнмен кез келіп қалғанда іске асады. Дәрісті басқаратын талқылау, кітап оқу, бейнетаспа, өнер қойылымдары немесе басқа да нұсқау әдістерінің қайсысы болмасын осы кезде іске асады. Оқушылар жаңа білімді бұрынғымен біріктіре отырып және ақпараттың жаңа мазмұнға қолданбалылығы мен қолайлылығын қарастыра отырып, белгісізден белгіліге қарай жүретін ақпарат пен идеяның маңыздылығы жөнінде шешім қабылдаулары қажет. Оқушылар жаңа идеяны қабылдайды, ескі мен жаңаны ұштас-тырады, ойлау қабілетін кеңейтіп, не түсінгенін анықтайды.

Ой толғанис – үйрену процесінің соңғы кезеңі болады да, бұл кезде оқушылар алған білімдерін сыртқа шығарып, түсінгендерін өз сөздерімен жеткізіп бере бастайды. Саналы талқылаулар мен білімді тәжірибеде қолдану, жаңа идеялар мен ұғымдарды жинақтаумен, мазмұн жөніндегі өздерінің ашық ұсыныстарымен немесе бір зерттеуді бастаумен айғақталады. Бұл процесс арқылы оқушылар өздерінің ойын нақтылайды, қатарластары мен мұғаліммен кері байланыса отырып мәліметтер жинағы мен құрылым мағынасын сынақтан өткізеді. Яғни, іштей ойлануға үйренеді, ой алмасады. Белсенді түрде өз білімін үйрену жолына қайта қарап, өзгерістер енгізеді. Бұл ең ұзақ та, маңызды кезең. Осы кезеңдер әртүрлі стратегиялар, яғни әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады.

Тұлғалық бағдарлы көзқарас тұрғысынан қарастыратын болса, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, түсіндіруден түсінуге, монологтан диа-логқа, әлеуметтік бақылаудан дамытуға, басқарудан өзін-өзі басқаруға көшу болып табылады. Мұғалімнің негізгі міндеті – оқушымен қарым-қатынас, оқушылардың өзара түсінуі, оларға шығармашылық үшін жағдай жасау, еркіндік беру.

Сыни ойлау философиясындағы басты мақсат: оқушы қандай да болмасын ақпаратты өздігінше игеріп, өз өміріне жарата алатын әмбебап тәсілдерді үйренуі керек. Білім алу оқушы тұрғысынан белсенді процесс болуы қажет, тек белсенді түрде жұмыс жасай отырып, ол қандай да болмасын білімді игереді. Сын тұрғысынан ойлау әрбір оқушыны терең ойланып, философиялық тұжырым жасауға бағыт-тайды. Өмірде ең керекті білік пен дағды – қоғамда қарым – қатынас құра білу, басқа адамдармен тіл табысу екендігін ескере отырып, әр сабақта оқушы оқытудың басқа да қатысушыларымен (оқушылар мен ұстаздар) араласып коммуникативтік қарым – қатынас процесінің белсенді мүшесіне айналады, әрі ұжымда, қоғамда, әлеуметте қалайша өзара байланыс құру мәселесі төңірегінде ойланады.

Теорияны зерттей келе, практикалық іс-әрекетті бастамас бұрын алдыма төмендегідей мақсат қойдым: мектеп психологының көмегімен және «Қазақстан Республикасының 12 жылдық жалпы орта білім берудің жалпыға бірдей міндетті стандарты» жобасына сүйене отырып, күзиреттіліктің критерийлерін анықтап,

сынып оқушыларының оқу жылының басындағы құзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің көрсеткіштерін белгілеп алу.

Ақпараттық құзіреттілігін тест және жеке тұлғаның ақпаратпен өздігінен жұмыс істеп, талдай алу қабілетін тексеру барысында анықтадық. Проблемаларды шешу құзіреттілігі байқау, бақылау, сауал-сұрақ әдістері, ата-анамен байланыс жұмыстары арқылы белгіленіп алынды. Коммуникативтік құзіреттілігін оқушылардың жазбаша жұмыстары мен құжаттарды тексеру, интервью әдісі арқылы жоғары, орта, төмен деңгейдегі оқушыларды анықтап алдық.

Оқушылардың құзіреттілік қалып-тасуы қорытындысын ескере отырып, құзіреттіліктерін дамыту мақсатында жұмыс жүргізу жоспарланды.

«Сыни тұрғыдан ойлау» жобасын сабақтарда және тәрбие үрдісінде жүйелі түрде қолданып, төмендегі шаралардың орындалуын ескердім:

Үш қатарда екі-екіден тізіліп отыратын өзгермейтін отыру қалпы мұнда жоқ:

- жұппен жұмыс;
- топпен жұмыс;
- 3,4 тен отыру;
- әркім өз көзқарасын қорғау үшін бұрыштарға бөлініп тұру;
- қабырғаға қарап тұру.

Сынып бөлмесіндегі өзгерістер:

- қағидалар
- идеялар тақтасы
- ең үздік сұрақтар тақтасы
- пікір бұрышы
- үздік шығармашылық жұмыстар тобы.

Мұғалім ретінде менің тұратын ор-нымның да мәні зор екенін түсінемін.

Топтың атынан шыққан оқушы сөйлегенде, мұғалімнің столының қасында тұрсам, маған қарап сөйлейді, сондықтан оқушылардың қасында боламын, ол бізге қарап сөйлейді. «Маған айт», «Мен солай дедім» сияқты тіркестерін қолданбауға тырысамын. «Бізге айт», «Ортаға сал» тіркесін пайдаланамын. Оқушының «Менің пікірім былай» деген тұжырымдамасын қолдаймын.

Еліміздегі дүбірлі өзгерістер, қайта жаңғырулар білім беру жүйесіне де айтулы реформалар мен мақсаттар әкелді. Білім стандартының жасалуы, мектептерді жаппай компьютерлендіру, инновациялық технологиядан іздену, білім мазмұнын байыту, әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатындағы жұмыстар сол өзгерістің куәсі. Білім парадигмасы өзгерді. Білімді жеке тұлғаға қарай бағыттау оқушының «мен» ментолитетін және белгілі бір құзіреттілікті қалыптастыру негізгі субъект болмақ. Құзырлылықтың (құзіреттілік) латын тілінен аудармасы «сомпетенс» белгілі сала бойынша жан - жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді - деп көрсетеді. Бұл жайлы Б.Тұрғанбаева «Өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар (құзіреттілік) деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н.Кузьминаның көзқарасы

бойынша, «Құзырлылық (құзіреттілік) дегеніміз - педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы».

Құзірет – дара тұлғаның бойындағы өзара байланысты сапалардың (білім, білік, дағды) жиынтығы. Ал сабақта оқушылардың өз бетінше жұмысын ұйымдастыру арқылы білім, білік, дағдының жоғары деңгейіне шығу, яғни, жеке тұлғаның құзіреттілігін жүзеге асыру тақырыптың өзектілігі болып отыр. Осы өзектілікті жүзеге асыру барысында «Құзіреттілікті қалыптастырудың негізгі субъектісі - оқушылардың өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыру» атты тақырып таңдалынып алынды.

Мақсаты: өз бетінше жұмысты тиімді ұйымдастыру арқылы өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаның құзіреттілігін қалыптастыру.

Міндеттері: жеке тұлғаның дамуында маңызды роль атқаратын

- оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу;
- сол арқылы білім, білік, дағдының жоғары деңгейіне шығу;
- оқушының түрлі дара қабілеттерін арттыру.

Нысаны: өз бетінше жұмысты ұйымдастыру арқылы жеке тұлғаны қалыптастыруда құзіреттіліктің маңызы.

Жаңашылдығы: құзіреттілікті қалыптастырудың негізгі субъектісі - оқушылардың өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыру – білім сапасын арттырудың негізгі жолы.

Болжамы: оқушылармен өзбетінше жұмысты тиімді ұйымдастыру – жеке, дара тұлғаның еркін қалыптасуына мүмкіндік береді.

Латын тіліндегі «компетенс» сөзін ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылықты (құзіреттілікті) білімін, біліктілігін, дағдысын, тұлға мінез - құлқын, ең бастысы тұлға мүмкіндігін бағалаудың критерийі мақсатында қарастыру құзырлылық (құзіреттілік) маңызын толық аша алады. Олай болса, құзырлылық, нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарды есепке алу қажет» деп жазса, Б.Тұрғанбаева «Құзырлылыққа (құзіреттілікке) бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молаяды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады. Өйткені, құзырлылыққа (құзіреттілікке) бағытталған үлгіде білім алушылардың өз бетімен жұмысын ұйымдастыру - басты мақсаты» - деп көрсетеді. Өз бетінше жұмыс қазіргі жеке тұлғаны қалыптастыруда оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыруды түбегейлі өзгертуде. Ал бұл өзгеріс бастауыш мектептен басталады.

Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен сапасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан да, бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да, қадірлі жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, ойын дұрыс айтуға, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйрету.

Бастауыш сынып оқушысының құзіреттілігін қалыптастыру өз бетінше жұмыс ұйымдастыру кезіндегі алған теориялық және практикалық біліктіліктерін меңгерудегі іс – әрекет.

Ал бұл құзіреттіліктер (мұғалімнің құзіреттілігі және мұғалім мен оқушының құзіреттілігі) өз бетімен жұмысты ұйымдастыруда анық байқалады. Оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу - сол арқылы білім, білік, дағдының жоғары деңгейіне шығу.

Американдық психологтардың анықтамасы бойынша өз бетімен жұмысты ұйымдастыру дегеніміз – бұл, өз бетімен тани білу, өз бетімен жаңа бір нәрсені анықтауға ұмтылу және өз тәжірибесін терең түйсіне білу қабілеті. Өз бетімен жұмысты ұйымдастыру психологиялық тұрғыдан алғанда, нәтижесінде жаңа материалдық рухани құнды дүние тудыратын әрекет. Ал педагогикалық тұрғыдан алсақ, өз бетімен жұмысты ұйымдастыру дегеніміз – адамның белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істеуінің жоғары түрі және ол әлеуметтік қажеттілігі мен өзінің ерекшелігімен бағаланады. Ең бастысы, жеке тұлғада өз бетімен жұмыс істеуге деген тұрақты қажеттілік, тұрақты сұраныс болып, өз ісіне қанағат табу сезімі болуы қажет[3].

Ағылшын тілі сабағында оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, ойлау қабілеттерін дамытуға болады. Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып жеке тұлға ретінде дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы.

«Өз бетімен жұмысты ұйымдастыру – белгілі бір іс-әрекетте, ең тәуір нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін адамның жеке-дара ерекшеліктері». Мектеп оқушыларымен жұмыс істеу – ерекше маңызды педагогикалық мәселе. Осыған байланысты өз бетімен жұмысты ұйымдастыру кезінде оқушылармен зерттеу жұмысының төмендегідей кезеңдерін анықтауға болады:

- Баланың жеке ерекшелігін зерттеу;
- Балалар өз бетінше жасаған өнімдерін жариялау;
- Игерілген нәтижелерді бақылау.

Кезеңдерді анықтап алғаннан соң, сол кезеңдерге байланысты жұмыс түрлері таңдалынып алынды

1-кесте. Өз бетімен жұмысты ұйымдастыру кезінде оқушылармен зерттеу жұмысының төмендегідей кезеңдері

№	Баланың жеке ерекшелігін зерттеу	Балалар өз бетінше жасаған өнімдерін жариялау	Игерілген нәтижелерді бақылау.
---	----------------------------------	---	--------------------------------

1.	Сауалнама жүргізу (пән бойынша қандай жұмыс түрлері ұнайтынын анықтау)	Баланың бейімі бойынша тапсырмалар беру, оны орындау мүмкіншілігін қадағалау	Жасаған өнімдерін сынып оқушылары алдында талдау, қорғау. Қажеттіліктерге байланысты байқауларға қатысу.
2.	Өздік жұмыс беру арқылы баланың қандай жұмыс түріне бейімділігін анықтау	Берілген тапсырмалар бойынша өнімдерін жинап алу, бағалау, жариялау	Марапаттау, ерекше тұлғаны таңдап алу, жұмыс істеу

Яғни осындай жұмыс істеу бағыттары арқылы бала белгілі бір шеберлікке жеткен соң, оның өз бетімен жұмыс істеу қабілеті дамиды, өзіндік идеясы туып, үлкен ізденіс пайда болады.

Зерттеу жұмысының нәтижесі

Кезеңдерге байланысты таңдалынып алынған жұмыс түрлері, оған оқушылардың қатыстырылуы

Нәтижесі: баланың жеке ерекшелігін зерттеу үшін, оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге күштарлығын ояту. Мұғалім сабақта әдіс - тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс - пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс – тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлануына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып оларды сөйлетуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі балалардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау.

Балалар өз бетінше жасаған өнімдерін жариялау арқылы білім, білік, дағдының жоғары деңгейіне шығу. Ол үшін мұғалімнің жан – жақты, білімі қажет.

Қазіргі мұғалім:

- Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;
- Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;
- Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;
- Білімді, іскер, шебер болу керек;

Игерілген нәтижелерді бақылау барысында оқушының түрлі дара қабілеттері артады. Бұл өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды

өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Қазіргі оқушы:

- Дүниетаным қабілеті жоғары;
- Дарынды, өнерпаз;
- Іздемпаз, талапты;
- Өз алдына мақсат қоя білу керек.

Қазіргі мұғалім мен Қазіргі оқушы жоғарғыдай болса ғана біз өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыра аламыз.

Ағылшын тілі пәнінен өз бетінше жұмысты тиімді ұйымдастыру арқылы өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғанының күзіреттілігін қалыптастыру мониторингісі. Баланың жеке ерекшелігін зерттеу арқылы өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыруға болатындығын анық көруге болады. Бұл жерден нақты байқалатыны 3 сынып оқушыларының өсу динамикасы. 1-2 сынып оқушыларының жас ерекшеліктері мен қабілеттері әр түрлі болғандықтан біраз ауытқулар бар.

Өз бетінше жұмысты ұйымдастыру арқылы жеке тұлғаны қалыптастыруда күзіреттіліктің маңызы:

- білім сапасын арттыруға негізгі жол салады;
- жеке, дара тұлғаның еркін қалыптасуына мүмкіндік береді.

Себебі, білім саясатындағы түбегейлі өзгерістер күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмаларды өз бетінше жұмыс түрін ұйымдастырудан бастау қажет екендігі айқын көрсетуде. Оқушылар оқытушы қауымнан өз бетінше жұмыстар арқылы білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтарымыз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы: ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты бағыт - бағдар беруші болып шығуы - бұл қазіргі заманның талабы.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл Фараби: «Ұстаз тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер–білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» – деген еді. Осы бір қасиетті мамандық иесінің ұрпақ тәрбиесіндегі алар орны ерекше. Демек, білім сапасын көтерудің негізгі тетігі – ұстаз, сондай-ақ оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі.

Жаңа қоғам кеңістігінде жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. ХХІ ғасыр ғылым мен білімнің қарыштап дамыған ғасыры деп аталатыны мәлім. Сондықтан қазіргі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәліметтер беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, қатаң бәсеке жағдайында өмір сүріп, жаңа дәуір жаңалықтарымен суарылып отыруға тиісті. Бұл істе нәтижеге қол жеткізу үшін, мұғалім – қоғамдағы болып жатқан тез өзгеріп тұратын әлеуметтік–экономикалық, педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш,

жаңаша ойлау жүйесін меңгерген, жан–жақты білімдарлығы, тұтас дүниетанымы болуы қажет. Өз пәнінің шеңберінде қалып қойған мұғалім балаға білім, тәрбие берудегі биік мақсаттарға жете алмайтыны анық. Қазақстанның бүгінгі мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде. Ал жас ұрпақты жан–жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыға білімді терең игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру, шығармашылыққа жетелеу. Бұл жағдайда мұғалімнің терең біліктілігі қажет. Қазіргі заман талабына сай ойшыл, ғылыми-әдістемелік біліммен терең қаруланған, педагогика мен психологияны жетік меңгерген шебер мұғалім қажет.

Білім – адамның сапаларының өзгеруін басқаратын үрдіс болғандықтан, біздің жағдайымызда, ол – педагогикалық мамандықтың кәсіби біліктілік қабілеттерін дамытуға бағытталады. Сол себепті біз «адамды» оның өмір сүру барысында өзгере алатын, оған өзінің әлеуеті жететін ашық жүйе ретінде қарастырамыз. Ал ол белгілі бір саладағы маман болғандықтан, «адамды» - маман тұрғысынан қарау «біліктілік» ұғымына шығарады. Біліктілік – бұл білімді меңгерудегі, тәжірибедегі білімділікті, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік.

Көне грек философы Платон өз кезінде танымды, білім алуды еске түсіру деп түсінген екен: білім әр адамның бойында, ол туа біткен қасиет, таным мақсаты тек сол білімді еске түсіруде. Бұл ұстаным ұстаздан шәкіртке білімді тасымалдаудың мүмкін еместігін аңғартады: әрбір адам өздігімен білімді игермесе, яғни есіне түсірмесе, ол ешнәрсеге де үйрене алмайды. Шындығында да өзінде бар білімді ұстаз шәкірттеріне дайын күйде беретін болса, оның бұл ісінен мардымды нәрсе шығар ма екен? Халқымыздың «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас» деген аталы ұғымы осындай жайтты меңземей ме?

Білім сапасы - мұғалімдер қызметінің сапасы. Оқушыларға нені үйрету керек екенін мемлекеттік стандарттар, бағдармалар белгілейді. Ал, «қалай оқыту керек?» деген сұраққа жауапты тек мұғалімнің кәсіби даярлығынан, өз ісін жоспарлай, өзінің нақты мақсаттарын болжап, көре алуынан, баланың әрекетін ұйымдастыра алатын шеберлігінен іздеу керек. Қазіргі заманда әлемдік оқу үрдісінің өзегі инновациялық технологиялар екені мәлім. Әлемнің бірнеше елінен сынақтан өткізілген жаңаша оқытудың модульдік, дамыта оқыту, сын тұрғысынан ойлау, деңгейлі саралап оқыту және т.б. технологиялардың стратегияларын мұғалім өз шығармашылығы, ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне орай іріктеп қолдануды талап етеді. Ақпараттық, оқытудың инновациялық технологиялары арқылы барлық балалар мен жастарға бірдей білім беруге және ол әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктерін, өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндіктерін береді.

Білім беру сапасының критерийлері:
мұғалімнің кәсіби шеберлігі;
мұғалімнің білімділігі;
мұғалімнің тәжірибиесі;
мұғалімнің бәсекеге қабілеттілігі;

білім беру сапалылығы;
еңбектің тиімділігі;
әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Нарық жағдайының қалыптасуына қарай әрбір мұғалім кәсіби шеберлігін жетілдіруде өзінің стратегиясын құра білуі қажет.

Нарық жағдайындағы мұғалімдерге қойылатын талаптар:

- мұғалімдердің бәсекеге қабілеттілігі
- білім беру жүйесінің сапалылығы
- мұғалімнің кәсіби шеберлігі

Мұғалімнің кәсіби шеберлігі - бұл оның кәсіби және жекелік сапаларының жоғары деңгейін көрсететін жалпылама сипаттама.

Оның құрамына:

- мұғалімнің мәдениет адамының өкілі ретіндегі жоғарғы жеке сапалары;
- кәсіби-педагогикалық құзырлылығы;
- педагогикалық ықпал етудің және қазіргі оқытудың технологияларын білуі;
- өзін-өзі шығармашылықпен дамыта, іске қоса алуы;

Педагогикалық әрекеттің шыңына апаратын баспалдақ – кәсібилік. Қоғамның жаңаруы мен дамуы барлық саладағы оның азаматтарының кәсібилілігіне байланысты. Осы мәселені терең зерттеген А.К. Маркова мұғалімнің кәсіби деңгейге көтерілуінің мына төмендегі психологиялық критерийлерін анықтаған:

1. Объективті критерийлерге: мұғалімнің өз мамандығына сәйкестігі, сан және сападағы жоғарғы еңбек көрсеткіші.

2. Субъективті критерийлерге: адамның мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес болуы.

3. Нәтижелі критерийлер: мұғалім өз ісінде қоғам талап етіп отырған нәтижелерге қол жеткізіп отыр ма деген мәселе тұрғысынан қарастырылады.

4. Шығармашылықтың критерийлеріне: мұғалімнің өз кәсібінің шекарасынан шыға алу, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегіне өзгерте алуы жатады.

Біліктілікті арттыру - өз қызметін нәтижелі атқару үшін және кәсібилік пен құзырлылық деңгейін көтеру мақсатында арнайы білімдік бағдармалар арқылы оқыту, кәсіби дамыту, іс-шараларына қатыстыру және оның өз білімін көтеруі болып табылады.

Мұғалімдік мамандықты биікке көтеретін күш – оның кәсіби құзырлылығы. «Құзырлылық» ұғымы соңғы жылдары педагогика саласында тұлға субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым.

«Құзырлылық» - белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қарастыра отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде үкім шығара алу дегенді білдіреді.

Мұғалімнің педагогикалық құзырлығы деп, педагогикалық қызметті жүзеге асырудағы теориялық және практикалық дайындықтың бірлігін айтады.

М.А. Чошанов құзырлылықты маманның төмендегі белгілерін ажыратып көрсетеді:

- тұлғаралық және еңбектегі байланыс мәдениеті;
- қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі;
- қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы;
- практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті;
- нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі;
- тиімді шешім қабылдау қабілеті.

Педагогика ғылымында профессионалдық құзырлылық еңбегінің жемістілігін анықтайтын білімі мен біліктілігінің жиынтығы, тапсырмасы орындаудағы дағды көлемі, білім кешені мен профессионалдық тұлғалық сапасы, теориялық, білімдік және профессионалдық дайындығының бірлігі, жоғары мәдениеттілікті талап ететін қызметтің күрделі түрлерін орындаудағы қабілеті деген мағынада ашылған.

Құзырлылықты, Джон Равен, танымдық, пәндік, практикалық, тұлғалық тәжірибенің күрделі пайымдамасы, синтезі деп пайымдайды.

Танымдық

пәндік → практикалық → тұлғалық → тәжірибенің күрделі пайымдамасы, синтезі.

Соңғы жылдары ғылыми–педагогикалық еңбектерде кәсіби құзырлылық дайындық сапасына қойылатын талап немесе кәсіби теориялық білімдері мен практикалық біліктілігі, тәжірибеден өткізілген кәсіби маңызды сапасы ретінде қарастырылады. Біздің ойымызша, құзырлықты білімін, біліктілігін, дағдысын, тұлға мінез–құлқын, ең бастысы - тұлға мүмкіндігін бағалаудың критерийі мақсатында қарастыру құзырлылық маңызын толық аша бастады. Олай болса, құзырлылық – нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарды қамтитын құндылықтарды есепке алуы қажет.

Құзырлылық тәсілдері:

- нақты болып жатқан құбылыстарды түсіндірудегі;
- танып білудегі, жаңа техника мен технологияларды меңгерудегі;
- адамдар арасындағы байланыста өз қылықтарын бағалау;
- өмірдегі отбасы мүшесі, қоғам мүшесі;
- құқықтық нормадағы және әкімшілік құрылымдағы жағдаяттарды шешудегі біліктілік.

Құзырлықтың негізгі қасиеттері: әлеуметтік көзқарасы тәжірбиесі, интеллектісі, тектілігі.

Құзырлықтың сапа белгілері: дүниетанымы, адамгершілігі, еңбекқорлығы, көлемі, жаңалылығы, қабылдауы, есте сақтауы, дарыны.

Белгілі ғалымдар С.Е.Шишов пен В.А. Кальнейдің өскелең ұрпақтың бойына білім мекемелері мынадай құзырлықты қалыптастыруы тиіс деп есептейді:

1. Саяси және әлеуметтік құзырлықтар. Олар адамның өзіне жауапкершілік ала алуында.

2. Көп мәдениетті қоғамда өмір сүре алуға байланысты құзырлықтар. Ұлтаралық келісім, басқа мәдениет, дін өкілдерін құрметтеу.

3. Жазбаша және ауызша қарым – қатынас жасай алу құзырлығы. Бұл әрбір адам үшін аса маңызды мәселе, бұған сонымен қатар бірнеше тілді білу де жатқызылады.

4. Ақпараттық қоғамда өмір сүре алуға байланысты құзырлықтар. Бұл жаңа технологияларды білу, ақпараттар ағынынан қажеттісін таба білу, оған сыни баға беру білу деген мағынаны береді.

5. Тұлғаның жеке және қоғамдық өмірінің негізі болып табылатын - өмір бойы білім алуға қабілеттілік.

Болашақ мұғалім:

- ол өзінің пәнін біліп қана қоймай, сонымен қатар педагогикалық процестегі әр қатысушының орнын көре біліп, оқушылар іс-әрекетін ұйымдастырып, оның нәтижелерін алдын ала байқап, мүмкін болатын жағдайда артта қалушылықты реттеу.

- оқушылардың негізгі құзырлығын қалыптастыруға дайындығы:

құндылық-бағдар, жалпы мәдениет, оқу-танымдық, ақпараттық, әлеуметтік-тұлғалық,

- білімге ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеуді жүзеге асыру.

XXI ғасыр – бәсеке ғасыры, олай болса, ұлттық тарихымызды, мәдениетімізді қастерлейтін, ертеңгі Қазақстанның тізгінін ұстайтын, өмірдің әр түрлі мәселелерінен хабардар, кез келген тапсырманы орындауға қабілетті, қолынан іс келетін құзырлы азаматтарды осы бастан тәрбиелеуіміз керек. Қазіргі өмір талабына сай педагогикалық жоғары оқу орындары білімді ғана емес, әрі тәрбиеші, әрі қоғамшыл, әрі зерттеуші, әрі ұйымдастырушы мұғалім даярлау керек екені бәрімізге белгілі. Әр қырлы оқытушы – тәрбиеші мұғалім даярлау күрделі үрдіс. Ал оған бағыт беруші, жол сілтеуші – білікті, шебер, парасатты ұстаздар.

Мұғалім – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Яғни, балаларды тәрбиелеуде тиімді жағдайлар жасау көбіне мұғалімге тікелей байланысты. Сондықтан жаңашыл мұғалім даярлауға қойылатын талаптар студенттерді – ертеңгі мұғалімдерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді. Қорыта келгенде, болашақ мұғалімдерді кәсіби әрекетке даярлау аса көкейкесті, кезек күттірмейтін өткір мәселе екендігін айғақтайды. Бүгінгі ағылшын тілінен білім беру сапасы – бұл біздің қоғамымыздың ертеңі. Сондықтан да «Неге оқыту керек? Қалай оқыту керек? Кімді оқыту керек?» деген бұрынғы шешілетін теориялық-практикалық міндеттер бірігіп кетті. Барлық әлемдік кеңістікте «бүкіл өмірінің білімінен» «өмір бойғы білімге» принципі бойынша білім беру идеологиясы өзгеруде. Жалпы педагогиканың «Кімді оқыту керек және неге оқыту керек?» деген проблемалық үш сұрағының бұл екеуі педагогикалық тұжырымдамалық жағдайына сәйкес келеді, ал үшіншісі – «Қалай оқыту керек?» деген сұрақ бойынша оқыту технологиясы жоғары мектептердегі кәсіптік білім

сапасын жетілдірудің мәселелерін шешуде инновациялық әдістерді анықтауды қажет етеді.

Кәсіптік білім сапасын жетілдірудің жаңа жүйесінде оқытушы тұлғаға өздігінен білім алудың түрлі әдістері мен жолдарын көрсете отырып, тұлғаның өз бетімен жасайтын танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы болып табылады.

Кәсіби шеберлік – бұл кәсіби іс-әрекеттегі субъекттің үнемі өсу үстінде болатын өзін-өзі дамыту үрдісі. Кәсіби шебер мұғалім еңбегінің ішкі үрдісіндегі басымдық рөлі оқытушының жеке тұлғасына, оның құндылықтарына, идеалдарына тәуелді, ал біліктілікті әдіс-тәсілдер үшін ең маңыздысы шеберлік арқылы жүзеге асырылып, толықтырылып отыратын кәсіби ұстанымдар мен психологиялық қасиеттер қажет болып табылады.

Білім философиясы, білім парадигмасы, білім стандарты үлкен өзгеріс үстінде. Білім философиясындағы негізгі құндылық – адам. Білім парадигмасындағы пәндік-білімдік көзқарас жеке-тұлғалық сипат алып отыр. Білім стандарты жаппай міндетті білім, білік, дағдының орнына күтілетін нәтиже ретінде тұлға құзырлылығын қойып отыр. Бұл орайда Джон Равен құзырлылық табиғаты индивидтің өздік дамуының, өзін-өзі ұйымдастыруының, қызметтік, тұлғалық тәжірибесін жинақтаудың салдары деген пайымдауына сүйене отырып, ең бастысы:

- білім беру аймақтарындағы құзырлылық деңгей белгілерін анықтау;
- қажетті және жеткілікті тапсырма-ситуациялар жинағын айқындау;
- қиын ситуациялардан шығудағы оқушы қызметін ұйымдастырудың

технологиясын ойластыру керек деген тұжырымға тоқталуға болады.

Бүгінгі қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет- тәуелсіз мемлекетіміздің уығы боп қадалатын қоғам мүшелерін, яғни жас ұрпақты үштілділікке үйрету, адамгершілік қасиетке тәрбиелеу, тиянақты білім беру. Адам бойында ешқандай құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай тереңі білім толтыра алмайды. Сондықтан тұлғаға айналдыру үшін құндылық- бағдарлы тәрбиенің маңызы зор.

Құндылық - тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар. Оларға шындық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, махаббат, шығармашылық жатады.

Құндылықтар – тек объективті , яғни шынайы бола алады.

Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны түсінуге болады. Осының нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, іс-әрекет етеді.

Білім берудегі құндылық бағдар –сезім мен ақыл-ойға тең дәрежеде сүйену керек. Осы тепе-теңдіктің болмауынан білім жүйесінде сыңар жақты педагогикалық көзқарастар орын алып келгелі белгілі. Сондықтан да мектептерде құндылық-бағдарлы тәрбие үлгісін ұстанып, оны өмірге ендіру көкейкесті мәселерлердің бірі болып саналады.

Құндылық-бағдарлы тәрбиеде басшылыққа алынатын негізгі бағыттар:
тәрбиеге жалпы адамзаттық мәдениет тұрғысынан педагогикалық көзқарас қалыптастыру

педагогикалық үрдіс барысында жалпыадамзаттық мәдениетке енуді педагогикалық түсінік негізінде игеру

тәрбие үрдісінің мазмұнын анықтауда адамдық өмірге лайықты құндылықтар жүйесін белгілеу, ал білім мен білікті – адамның дүниеге қатынасын анықтайтын деп құрал деп қарау.

Баланың бүкіл өмірін тәрбиелік үрдіске айналдыру ;

Баланың даму деңгейіне лайықты өмірлік мәселелерді сатылы түрде анықтап, баланы өз субъектісіне айналдыру.

Тәрбиедегі басты мәселе- балалардың тұлға аралық қатынасын дамыту, өз құрбы-құрдастарымен , отбасы мүшелерімен қарым –қатынасын жасай білу, ол үшін өзге адамдарды түсінуі , қабылдауы, өзінің көңіл-күйі, атқарған іс-әрекетінің есебін түсініп, істеген ісінің нәтижесіне өзіндік баға беруі тиіс.

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың интеллектуалдық қабілетін дамыту құндылығы.

Оқушылардың танымдылық түрткілерін дамытуда өздерінің артықшылығы мен кемшілігін көре білуге

және өздерінің жеке басының құндылығының , даралық сипатын саналы сезінуге тәрбиелеу көзделеді.

Бүгінгі бала тек мұғалім берген білімді игеріп қана қоймай, оны ары қарай өзінің белсенді , зерделі, дарындық іс-әрекетімен сабақтастыра білу қажет.

Оқушылардың интеллектуалдық , шығармашылық қабілеттерін дамыту барысында мынадай жұмыс түрлері жүргізіледі:

Психологиялық-педагогикалық жұмыстар

Күнделікті сабаққа қатысу.

Пән мұғалімдерімен байланыс жасау.

Зерттеушілік қабілетін дамыту.

Интеллектуалдық, танымдық қабілетін арттыратын іс-шаралар жүргізу.

Қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын білімді тұлғаны тәрбелеу мәселесін қойып отыр.

Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Осындай ұрпақ тәрбиелеуде ағылшын тілін оқытудың мақсаты:

- * Ағылшын тілінде сөйлей (ойын жеткізе) алатын тұлға – тілдік тұлға;
- * Ағылшын тілінде дітін орындата алатын тұлға – коммуникативтік тұлға;
- * Ағылшын тілін меңгерген тұлға – тілдік-мәдени тұлға тәрбиелеу.

Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. Бірақ бұл ББД-ның жаңаша жай ғана жиынтығы емес. Құзыреттілік оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол

оқушылардың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол, ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Сонымен, оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, мектептегі оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын мектептегі педагогикалық тәрибеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді.

Құзыреттілік тәсіл бірінші орынға оқушының хабардарлығын емес, нақты құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде; қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде; практикалық өмірде; мамандық таңдау кезінде өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда; еңбек нарығын бағдарлау қажет болғанда; өмірден өз орнын анықтауға; өмір салтын, кикілжіңдерді шешу тәсілдерін таңдауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шешу біліктілігін шығарады.

Б.Тұрғанбаева: «Құзырлыққа бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молаяды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады.»

К.Құдайбергенова: Тұлға құзырлығын қалыптастыру жолдары:

- білім беру жүйесіндегі жүйеге кіретін бала жүйеден шыққанда түлек болады;
- тұлғаның ұжымға енуі арқылы әлеуметтік-психологиялық сипаты көрінеді, - деп тұжырымдайды.

Құзыреттілік тәсіл білімдік парадигмадан біртіндеп мектеп бітірушінің қазіргі көпфакторлы әлеуметтік-саяси, нарықтық-экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық қаныққан кеңістік жағдайында тіршілік ету қабілетін көрсететін құзыреттер кешенін игеруге жағдай жасау дағдыларын қалыптастыруға қарай бет бұруды білдіреді.

Ғалымдар білім берудегі құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың төрт аспектісін ажыратады:

- * түйінді құзыреттер;
- * жалпыланған пәндік біліктіліктер;
- * қолданбалы пәндік біліктіліктер;
- * өмірлік дағдылар;

Бұл төрт бағыттың бәрі біздің мектептер үшін өте қажет. Бұлардың әрқайсысын орындау мектеп түлектерінің құзыреттіліктерін, олардың мектеп бітіргеннен кейін жұмысқа дайындығын арттыруға себептесетін болады.

«Құзырлық», «құзыр» ұғымдарының қолданыстағы білім, білік, дағдыдан айырмасы төмендегідей ажыратылады:

А) білімнен айырмасы – қызмет жөніндегі ақпараттық сипатта емес, өнімді қызмет формасы түрінде байқалады.

Ә) дағдыдан айырмасы – оқыған материалды топтастыра, құбылыстарды, заңдылықтарды шығармашылықпен пайдалана отырып өзгерте алатын саналы қызмет.

Б) біліктіліктен айырмасы – дағдыға автоматты түрде жету немесе алмастыру емес, керісінше бірнеше пән дағдыларын кіріктіру, жалпы қызмет негіздерін сезіну.

Қазіргі кездегі білім берудегі мұғалімнің мақсаты білім мазмұнын игеруге және оны өзінің жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы берілген мүмкіндіктерді қолдану болып саналады. Мына заманда біздің оқушылардың алдына қойылатын талаптар да күннен-күнге, жылдан-жылға өсуде. Заман талабы оқушылардың бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады.

Білім беру жүйесінде оқушының бойында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда ақпараттық-коммуникативтік технологияның рөлі ерекше. Бұл технологияны қолдану оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін және жұмыс істеу шеберлігі мен қабілеттіліктерін арттырады. Бағдарламаны жақсы меңгеруге, өз жұмысын жоспарлауға, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді. Оқушының қазіргі заман талабына сай білім алуына, білім сапасына тікелей әсер ететіндер – ақпараттық құралдар.

Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: « Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады.» Мұғалімнің ізденісі, жан-жақтылығы айтылып кеткен құзыреттілік арқылы айқындалады. Құзыреттіліктің мазмұны жеке кәсіптік, интегралдық сипаттама ретінде төмендегі қызметтерді жүзеге асырумен анықталады.

Болжау

Ұйымдастыру

Бақылау

Реттеу

Үйлестіру

Сәйкестендіру

Белсенділігін арттыру

Зерттеу

Оқыту формасында оқушының өз еркімен білім алуына, материалды ойлау қабілетіне бағыттауға, оқытуды жаттанды түрде емес, шығармашылықпен меңгертуге көңіл бөлу қажет. Оқушы қиялы жүйрік, жан дүниесі нәзік, өзін қызықтырған істе белсенді, ақыл-қабілеті дамыған, сондықтан шығармашылық оған шын ләззат, қуаныш сезімін әкелуі тиіс. Оқушылардың шығармашылығын дамыту жолдарын ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктер арқылы іске асыруға болады.

Ақпараттық құзыреттілік арқылы нақты объектілер көмегімен қажетті ақпаратты іздеу, талдап таңдап (іріктеп) алу, ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау және ақпаратты беру біліктері қалыптасады. Бұл құзыреттілік оқушының оқу

пәндеріндегі және білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етеді.

Коммуникативтік құзыреттілік – қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әр түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды. Оқушы хат жаза, анкета толтыра, арыз жаза, сұрақ қоя, пікір таластыра т.б. білуі тиіс. Бұл құзыреттілікті оқу үрдісінде игеру үшін коммуникациялардың нақты нысаналарының қажетті және жеткілікті саны және олармен жұмыс тәсілі белгіленуі тиіс.

Қазіргі кезеңдегі әдебиет пәнінің мұғалімінің міндеті – жас буынды сөз өнеріне баули отыра оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, сөйтіп баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашатын шығармашыл тұлға қалыптастыру. Ағылшын әдебиетін оқытуда нәтижеге бағытталған іс-әрекетті құзыреттілік тұрғыдан жүзеге асыру – негізгі міндет. Құзырлылық – оқушы іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі.

Оқушыларды шығармашылыққа бағыттау мынадай мәселелерді қарастыруы тиіс:

- бағдарламалық-мотивациялық;
- ізденушілік-зерттеушілік;
- тәжірибелік;
- рефлексиялық- бағалаушылық;

Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл, әрине, оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуда маңызды мәселе.

Ғылыми зерттеулерге сүйенер болсақ, оқушы шығармашылығын дамытуда «шығармашылық тапсырмалар» атауы педагогикада белгілі екі құрамдас бөліктен тұрады.

Шығармашылықты, біріншіден, оқушылар дербес, өз бетімен ойдан жаңаны құрастырады, екіншіден, жағдай тудырушы материалдар даярлап, шығармашылыққа икемдейтін ересек адамның қатысуы арқылы қарастырылады.

Педагогке жауапкершілік жүктеледі, жұмыс нәтижесі оның іскерлігіне байланысты.

Шығармашылыққа баулу шәкірт бойындағы талант көзін ашып, тілін байытып, қиялын ұштау мен өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізбек.

Оқушыларды келесі жұмыстар арқылы шығармашылыққа баулуға болады деп есептеймін:

- сюжетті сурет бойынша әңгіме жазу;
- жыл мезгілдерін, табиғат көріністерін көркем тілмен суреттеу;
- нақыл сөздердің мәнін ашу;

мақал-мәтелдер негізінде әңгіме жазу;
жұмбақ, жаңылтпаш, бейнесөз құрастыру;
өз сыныптастарының (т.б.) портретін суреттеу, мінездеме беру;
автордың идеясын өз идеясымен өрбітіп жазу;
өлең құрастыру;
жансыз нәрселерді жандандырып әңгіме, ертегі жазу;
еркін тақырыптарға шығарма, ойтолғау, эссе жазу;
ұжым болып ертегі құрастыру;
ұлы адамдар өміріне байланысты сұрақтар беріп, пікір айту;
ақын-жазушылар шығармалары бойынша пікір алмасу;
оқыған кітаптары бойынша ойтолғау жазу;
қоғамдағы әр түрлі өзгерістерге байланысты пікір айту;
баспасөз материалдары бойынша пікір айту;
өлеңді қара сөзге айналдырып мәтін құрау;
ақпарат құралдарын пайдалана отырып, реферат, баяндама жазу;
іс қағаздары үлгілерін жаздыру;
тақырыпқа сай диалог, монолог жаздыру;
оқиғаға қатысты өз ойларын айту;
автордың көзқарасы туралы айта білу;
көркем туындыны талдау, салыстыру, қорыту, шешім көрсету т.б.

Қазір ғалымдардың зерттеулерінде құзырлықты қалыптастыру білім беру мазмұны құралдары арқылы жүзеге асатыны, осыдан келіп оқушының қабілеттілігі дамитыны және күнделікті өмірдегі шынайы проблемаларды – тұрмыстық мәселелерден бастап, өндірістік және әлеуметтік мәселелерді шешу мүмкіндіктері пайда болатындығына баса назар аударылып отыр.

Әр күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында. Мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім және жақсы тәрбие алған шәкіртінде. Оқушы шығармашылығын дамыту ісі үздіксіз жүргізіле бермек. Бұл қоғам талабына сай туындайтын қажеттілік.

«Ұлт данышпандары арқылы ұлы мақсаттарға жетеді» деген сөзбен ойымды аяқтағым келеді.

“Құзыр”, “құзырлық” және “құзырлы” түсініктері бұрынырақта тұрмыста, әдебиеттерде кеңінен пайдаланылды, сөздіктерде түсіндірмелері берілді. Мысалы, “Шетел сөздерінің қысқаша сөздігінде” (М., 1952ж.) “құзырлы (лат. competens, competentis қабілетті) – анықталған аймақта жетекші, білуші; өз білімі деңгейінде бір нәрсені шешу немесе талқылау статусы бар” деп анықтама берілген.

Құзырлық құзырлары мәселесі бойынша жұмыстарды талдау Н.Хомский, Р.Уайт, Дж. Равен, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, В.Н.Куницина, Г.Э.Белицкая,

Л.И.Берестова, В.И.Байденко, А.В.Хуторский, Н.А.Гришанова, және т.б. еңбектерінде кездеседі.

Білім беру құзырлары түсінігін анықтап, оның иерархиясын айқындайық. Білім беру мазмұнының жалпы метапәндік (барлық пәндер үшін), пәнаралық (пәндер немесе білім беру аймақтары циклі үшін) және пәндік (әрбір оқу пәні үшін) болып бөлінуіне сәйкес үш деңгейлік иерархиясы белгілі:

1) негізгі құзырлар – білім берудің жалпы (метапәндік) мазмұнына қатысты;

2) жалпы пәндік құзырлар – оқу пәндері мен білім беру аймақтарының анықталған шеңберіне қатысты;

3) пәндік құзырлар – алдыңғы екі деңгейге қарағанда дербес, нақты сипаты мен оқу пәндері шеңберінде қалыптасу мүмкіндігі бар.

Осылайша, білім берудің негізгі құзырлары білім беру аймақтары мен оқытудың әрбір сатысындағы оқу пәндерінің деңгейінде нақтыланады.

Ресей ғалымы Н.В. Кузминаның көзқарасы бойынша «Құзырлық дегеніміз – педагогтың басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы деді».

Құзыр – өкілетті қызмет адамы, сол салада оның сәйкес білімі, танымы болуы қажет және жауапты шешімдерді қабылдауға құқылы.

Құзырлық – жұмыскердің өз білімі, біліктілігі және дағдылары негізінде нақты кәсіп аясында жоғары сапалы және мөлшерлік еңбек нәтижелеріне жету үшін нақты жұмыс түрлерін білікті атқара алу қабілеті.

Болашақ мұғалімнің тұлғасы, дәстүрлі пәндердің (философия, психология, тарих, мәдениеттану, шетел тілі) әсеріне байланысты қалыптасады. Соңғы уақыттарға дейін коммуникативтік құзырлықты қалыптастыруға жеткілікті көңіл бөлінбеді.

Қазіргі оқытушы, болашақ мұғалімдерді дұрыс ұйымдастыра отырып, бағыт-бағдар беру арқылы өздігінен жұмыс жасауға үйрету нәтижесінде, жаңа идеялар мен жаңалықтар, болжамдар мен нәтижелер әкелетіндей тұлға даярлап шығуды көздеуде. Оқытушы қауымнан болашақ мұғалімдер тек білімге ғана емес, өмірге де үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр.

Тіл – адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Тілмен сөйлесу адамзат баласы үшін тысқары бір дүние емес, ол ішкі құбылыс. Сөйлеу тек адамға ғана тән. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады. Тілді үйрету әдісі үнемі заман талабына, уақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп отырады.

Олардың ішінде проблемалық оқыту, интерактивтік оқыту, модульдік оқыту, ойындық технологиялық оқыту, коммуникативтік оқыту тағы басқа технологиялар шетел тілін үйренушілердің белсенділігін арттыруда қолайлы болып табылады. Оқыту технологиясы педагогика ғылымында «педагогикалық үрдістің жүзеге асу жолы» танылады. «Педагогикалық технология - оқушы мен оқытушыға қолайлы жағдайда оқу үрдісін жоспарлау, ұйымдастыру, өткізудің және оқушымен

оқытушының бірлескен педагогикалық әрекетінің әрбір жеке бөлшегіне дейін ойластырылған моделі».

Коммуникациялық бағыт адам өмірінің түрлі саласымен байланысатын сөйлеуді үйретуге бағындырылады. Сөйлеу мақсатына тиісті грамматикалық формалар мен синтаксистік құрылымдардың сөйлеуге қатысуы шарт және ол көбіне дайындықсыз сөйлеуге, бұрынғы меңгерген грамматикалық формаларды, лексикалық біліктерді автоматты түрде қолдануға жетуі керек. Оқушы өз ойын еркін жеткізе алу үшін оған қажетті лексикалық және грамматикалық минимум алдын-ала анықталып тапсырылады. Бұл тілді функционалдық тұрғыдан үйрету сипатына жатады.

Соңғы кездері, «қарым-қатынас» терминімен қатар, «коммуникация» термині кең тарап жүргенін айта кеткен жөн. Алғаш рет «коммуникация» термині (лат. communication, communicare – ортақтастыру, жеткізу, әңгімелесу) ХХ ғасырдың басында ғылыми әдебиеттерде пайда болып, екі негізгі жалпы теориялық құрылым ретінде шетел зерттеушілері арқылы қарастырылды: 1) бихевиоризм (коммуникацияның негізі жүйе ретінде тіл емес, тікелей кез-келген адамды тәрбиелеуге болатын сөйлеу сигналдары (дыбыстары); бұл әдістің өкілі Д.Уотсон); 2) тұлға ішкі метафизикалық қабілеті арқылы өз бойында басқа біреудің сезімдерін ашу болып табылатын коммуникация

символикалық интеракционализм (персонализм-дербестік) (Дж.Г.Мид).

Қазақстандық зерттеушілердің кейбіреулері, біздің пайымдауымызша, жоғарыда көрсетілген коммуникацияның екі әдісімен сәйкес келетін, тілдік коммуникация мен техникалық коммуникацияны бөліп айтады. Техникалық коммуникация – ақпараттарды қабылдауға және жіберіп отыратуға мүмкіндік туғызатын құралдардың жиынтығы. Бұл коммуникацияның компоненттері: 1) хабарлама жібергіш; 2) хабарлама жеткізгіш; 3) байланыс арнасы; 4) қабылдаушы; 5) хабарлама алушы. Тілдік коммуникацияға хабар жіберушіні, хабар алушыны, олардың әңгімелесу барысы және тілдің бөлігі ретінде хабарламаны енгізуге болады.

Коммуникативтік құзырлықты құрайтын компоненттер бірлігі, төменде көрсетілген бағыттармен қамтамасыздандырылады:

1. Коммуникативті шеберлікті дамытуды (тілдік білім мен машықтардың дамуымен қатар), атап айтсақ:

- жеңіл, әртүрлі жанрдағы текстерді оқу және түсіну қабілеті;
- қатынастың оқу-еңбек, тұрмыстық, мәдени салаларында диалогтық қатынасты ауызша іске асыра алу қабілеті;
- өзі, қоршаған орта туралы және оқыған материалды тікелей текстке сүйенбей қысқаша монолог ретінде айта білу қабілеті;
- жеңіл ақпаратты жазбаша жаза білу қабілеті, көбінесе, хат жазу.

2. Жалпы білім және арнайы білім қабілеттерін дамыту (кітаппен, оқу құралымен, анықтамалық әдебиеттермен жұмыс жасай білу, аудармаларды қолдану қабілеті).

3. Компенсаторлық қабілеттердің дамуы (тілдік құралдар жетіспей жатқан жағдайда, перифраза, синонимдес сөздерді қолдану арқылы қиындықтан шыға білу шеберлігі).

4. Оқушыларды мәдениет жетістіктеріне және сол мәдениетті танып-білу үдерісіне жеке көзқарастарын дамыту арқылы тәрбиелеу, оларда төмендегілерді қалыптастыруды ұйғарады:

моральдық құндылықтар жүйесі;

дүниеге эмоциональды, бағалау көзқараспен қарау;

шетел тіліне, сол елдің халқының мәдениетіне жағымды көзқарас, өзара түсіністік, толеранттылық;

шетел тілін оқудың және біздің еліміз дүниежүзілік қауымдастыққа ену талаптарында шетел тілін қатынас құралы ретінде қолдану маңыздылығын түсіну.

5. Білімгерлердің, шығармашылық, ізденушілік үдерісінде дамуы, кез-келген өзгерістерді өзінікіндей қабылдау:

тілдік жорамал механизмі және білім мен қабілеттерді жаңа ситуацияға ауыстыра білу шеберлігі;

тілдік, интеллектуалдық және танымдық қабілеттері;

сезім мен эмоцияның құнды бағдарлары;

шеттілдік ортаға түсуге дайындық пен қабілет, шетел тілінде әрі қарай өздігінен білімін көтеру қажеттіліктері.

6. Шетел тілі әдістері арқылы білім алу, төмендегілерді іске асырады:

- өз ойының ерекшеліктерін түсіну;

- шетел тілін өз тілімен салыстыру және әрқайсысының өз ерекшеліктерін тану;

- шетел тілі елінің мәдениеті, тарихы және салт-дәстүрі жайында білу;

- жалпыадамзаттық мәдениет дамуында (өз елінің және шет елінің) ұлттық мәдениетінің жетістіктері туралы, туған тілінің, мәдениетінің басқа халық мәдениетінің айнасындағы рөлі туралы болжау.

Білімнің мазмұнын, оның таңдауын және құрылымының негізін ашатын ең маңызды түсініктер «болашақ мұғалімнің моделі», «жоғары білімді маманның квалификациялы қасиеттері» сияқты түсініктер болып табылады. Сондықтан, квалификациялы қасиеттерді қалыптастырудың ғылыми негізі ретінде маманның моделін ашу, көптеген жерде оқу үдерісінің ұйымдастырылуы мен мазмұнын анықтайды.

Қай жағынан алсақта барлық модельдерде келесі параметрлер болуға тиіс:

А) Болашақ мұғалімнің жұмыс орны және өндірістік міндеттердің қасиеттеріне сәйкес маманға қойылатын талаптар;

Б) Икемділік үшін қажетті білім;

В) Іс-әрекеттің тиімділігін қамтамасыз ететін тұлғаның ерекше әлеуметтік және психологиялық қасиеттері .

Осылайша, маманның моделі, кең мағынада адамның нарықтық қатынас жағдайында қоғамдық және ғылыми-техникалық прогресстің талаптарына сай

нәтижеге қол жеткізе отырып еңбек ету қабілетін анықтайтын, кәсіби, әлеуметтік-психологиялық, шығармашылық (креативті) және тұлғалық қасиеттерімен түсіндіріледі (Сурет 1).

Құрылған модель кәсіби коммуникативтік құзырлықтың қалыптасу үдерісін жүйелей көрсетіп, болашақ мұғалімдерді оқыту үдерісінде коммуникативтік бағытты ұйымдастыру жолдарын анықтайтын теориялық қағидалар, әдістер, мазмұндар, принциптерді және мақсаттарды, сонымен қатар коммуникативтік құзырлықты қалыптастыру құралдары мен әдістерін, модельді іске ендіретін педагогикалық шарттарды қамтиды.

Білім беру жүйесінде кәсіби коммуникативтік құзырлықты қалыптастыруда бірнеше әдістер қолданылады. Бұл үшін оқытушы:

Сабақ мақсатын дәл қою;

Білімді тірек схемалар, кестелер арқылы дамыту;

Мәселелерді шешуде топтық, сыңарлы жұмыстарды ұйымдастыру (интерактивті жұмыс);

Бағалау, психологиялық дағдыны қоса отырып қалыптасқан құзырлықты бағалауы керек.

Сабақта тестерді қолдану мақсаты - тілдік құбылыстарды талдау болуы керек.

Ал болашақ мұғалім тарапынан:

Оқыту процесінде болашақ мұғалімнің белсенді қатысуы;

Нақты жағдайларда білімнің қолданбалы мүмкіндіктерін пайдалануы;

Концепциялар мен білімді әр түрлі формаларда қолдана білуі;

Оқуға жеке дара емес, топтық жағдайда ыңғайлануы;

Оқыту процесіне тек мәліметті есте ұстап қалмай барынша көңіл бөлуі қамтамасыз етілуі керек.

Компьютерлік технология - оқытудың арнайы жиынтығы мен әдістемесін, әдісін және тәрбие құралдарын анықтайтын технологиялық-педагогикалық процесті ұйымдастырудың ең тиімді жолы болып табылады.

Ең алдымен компьютер оқытушыға білімгерлердің өз бетінше жұмысын ұйымдастыруына жәрдем береді. Ол үшін мынандай жаттығулар мен әдістемелік тәсілдерді қолдану ұсынылады.

1. Сұрақ-жауап диалогы.

Білімгерлер сұраққа құрылған лексика-грамматикалық материалдар негізінде сұрақтарға жауап беруі керек.

2. Таңдамалы жауаптармен жүргізілетін тапсырма. Компьютерге жауап беру үшін білімгер ұсынылатын нұсқалардың бірін таңдауы қажет.

3. Еркін құрылған сөйлемдерді стильдік түзету.

4. Толықтыруды керек ететін жаттығулар.

Компьютер толықтыруды керек ететін сөйлем жиынтықтары мен мәтіндерді ұсынады. Сөздерді аудару үшін көмекші құрал ретінде беріледі, немесе компьютер ұсынған жауаптардың нұсқалары ішінен қажетті сөздер мен сөз тіркестермен толықтырылады.

5. Сөздік меңгерудегі өзін-өзі бағалауға арналған жаттығулар.

Бұл жаттығуларды орындау кезінде төмендегі нұсқалар пайдаланылады:

- сөздердің синонимдік пен антонимдік қатарын тауып алуға көмегін туғызады.

Қазіргі кезде белгілі болып отырған компьютер арқылы оқытатын арнаулы мынадай бағдарламалар бар: А) Уордсток (сөздікпен жұмыс жасау бағдарламасы); Ә) Мэтчмастер (сәйкестіктерді іріктей алуға дағдыландыруға арналған бағдарлама); Б) Чойсмастер (варианттарды іріктей алуға дағдыландыратын бағдарлама); В) Клоузмастер (бос орынды қажетті жауаппен толтыру дағдысын қалыптастыруға арналған бағдарлама); Г) Кроссвордмастер (кроссвордтарды толтыруға үйрететін бағдарлама); Д) Юнисаб (сөз немесе сөз тіркесін, дыбысты алмастыруға дағдыландыру бағдарламасы); Е) Юнилекс (Мәтін бойынша сөздікпен жұмыс жасау бағдарламасы); Ж) Гэпмастер (жіберілген бос орындарды толтыруға дағдыландыру бағдарламасы); З) Пинпойнт (іздену, шешу, табу дағдыларын қалыптастыруға арналған бағдарлама); И) Спидрид (білімгерді шапшаң оқуға дағдыландыратын бағдарлама); К) Сториборд (мәтінмен жұмыс жасауға арналған бағдарлама); Қ) Тестмастер (сұрақ-жауап формасындағы тест алуға арналған бағдарлама).

Ағылшын тілін оқыту үдерісінде оқушылардың коммуникативтік құзырлығын қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану деңгейін практикалық зерттеу келесі бағыттарда жүргізілді:

- мотивтік, эмоционалдық және ұйымдастырушылық факторларды ескере отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар орталарының құралдық және бағдарламалық құрылымын анықтау;

- оқыту әдістерін сұрыптау;

- бақылау және эксперименттік топтарда оқу және бақылау сабақтарының кешендерін дайындау және жобалау;

- оқушыларды ағылшын тіліне оқыту үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендіру технологиясын жасау;

- алынған нәтижелерді статистикалық және педагогикалық талдау.

Оқытудың түрлі параметрлерін болжау үшін келесі әдістер қолданылды: әңгімелесу, сауалнамалар, бақылау, тесттер, дербес және топтық бағалаулар, оқу және бақылау жұмыстарының орындалуын талдау.

Соңғы жылдары ғылыми-педагогикалық еңбектерде кәсіби құзыреттілік дайындық сапасына қойылатын талап немесе кәсіби теориялық білімдері мен практикалық біліктігі, тәжірибеден өткізілген кәсіби маңызды сапасы ретінде қарастырылады. Біздің ойымызша, құзырлықты білімін, біліктілігін, дағдысын, ең бастысы - тұлға мүмкіндігін бағалаудың критеріі мақсатында қарастыру құзырлықты маңызын толық аша бастады. Олай болса, құзырлық - нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық қасиеті ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарда қамтитын құндылықтарды есепке алу қажет.

Құзыреттіліктің негізгі қасиеттері: әлеуметтік көзқарасы, тәжірибесі, интеллектісі, тектілігі болып табылады.

Жаңа техника мен технологияларды меңгеру

Өмірдегі отбасы мүшесі, қоғамның мүшесі

Құқықтық нормадағы жағдайларды шешу

Адамдар арасындағы байланыста өзін-өзі тану, бағалау

Нақты болып жатқан құбылыстарды

құбылыстар

Құзыреттіліктің тәсілдері

Белгілі ғалымдар С. Шишов пен В. Кальнейдің өскелең ұрпақтың бойына білім мекемелері төмендегідей құзырлықты қалыптастыруы тиіс деп есептейді:

-Саяси және әлеуметтік құзырлықтар. Олар адамның өзіне жауапкершілік ала алуында.

-Көп мәдениетті қоғамда өмір сүре алуға байланысты құзырлықтар. Ұлтаралық келісім, басқа мәдениет, өзге ұлт өкілдерін құрметтеу.

-Жазбаша және ауызша қарым-қатынас жасай алу құзырлығы. Бұл әрбір адам үшін аса маңызды мәселе, бұған сонымен қатар бірнеше тілді білу де жатқызылады.

-Ақпараттық қоғамға өмір сүре алуға байланысты құзырлықтар. Бұл жаңа технологияларды меңгеру, ақпараттар ағынынан қажеттісін таба білу, оған сыни баға беру деген мағынаны береді.

-Тұлғаның жеке және қоғамдық өмірінің негізі болып табылады - өмір бойы білім алуға қабілеттілік.

Аталған деңгейлердің даму шыңына жеткен мұғалімді біз ақпараттық-коммуникациялық құзырлығы қалыптасқан тұлға деп атай аламыз. Осы құзыреттілік қасиеттерді жеке тұлға деп қарастырып отырған баланың бойына дарытуға педагог қауымның білім беру арнайы әлеуметтік құзыреттіліктерінің жан-жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана оқушы құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Білім сапасы білім, біліктілік, дағды, тұлғаның қасиеттері, қабілеттерімен бағаланса, тұлға педагогикалық объект ретінде меңгерілетін, қалыптасатын адам тәжірибесі ретінде қарастырылады. Өскелең жас ұрпақ ақпараттық мәдениетті, салауатты болу үшін - ақпаратты қажет кезін сезіну, оны тауып алуға, бағалауға және тиімді қолдануға қабілетті, ақпарат сақталатын дәстүрлі және автоматтандырылған құралдырын пайдалана білуі керек. Жалпы, ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда

факторлардың екі тобын болып көрсету қажет. Біріншісі - білім алушы оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру:

- дербес компьютердің болуы;
- интернет және электронды пошта;
- жалпы оқытылу пәндеріне деген қызығушылық;
- белгілі бір бағыттағы ақпараттық қажеттілік;
- оқушылардың ғылыми шығармашылықпен жұмыстануы;

Екінші тобына білім беру ұйымдарындағы мамандардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру жатады:

- білім беру ұйымдарында, оқу кабинеттерінде компьютерлік базаның болуы;
- педагогикалық қызметінде коммуникациялық технологияларды қолдануға деген қызығушылық;
- компьютерлік сауаттылық;
- біліктілік көтеру арнайы курстары;
- электрондық оқу - әдістемелік кешендердің болуы.

Ғалымдардың ақпараттық коммуникациялық құзырлықты қалыптастырудың базалық, жалпы және кәсіби кезеңдерін бөліп көрсетіп, ақпараттық технологияларды оқу қызметінде қолдану мен кәсіби міндеттерді шешуде қолданудың ара жігін ашып көрсетеді. Бүгінде білім беруді одан әрі ақпараттандырудың кезеңі мазмұндық тұрғыда болады және компьютерлік салауаттылықтан жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетінің іргелі операциялық негіздеріне ауысуды білдіреді, мұнда әрбір оқушы ақпаратқа, қазіргі ақпараттық технологияларға назар салып қана қоймай, оны тиімді қолдана білуі, интернет ғаламдық ақпарат желісін пайдалана алуы тиіс. Оқыту ісінің тиімділігі мен сапасы көбінесе өздігінен оқып үйрену процесін тиімді ұйымдастыру мен пайдаланатын материалдардың сапасына тәуелді болады.

Сабақ өткізу барысында оқушылардың қабілетіне, білім деңгейіне, ынтасына қарай топқа бөліп, өз бітімін еңбектенуге, ізденуге, шығармашылыққа баулып, сабаққа ынтасын арттырып, тапсырманы орындау барысында жіберілген қателер мен кемшіліктерді уақытында анықтап түзетуге мүмкіндік беру керек. Оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін қолданбалы программалар көмегімен бірнеше түрлі дұрыс сұрақ санын анықтайтын, автоматты түрде бағасын қоятын тест тапсырмаларын сабаққа үнемі қолданамын. Сондай-ақ тірек сызбалар, семантикалық карта толтыру, электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы отырып оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға болады.

Алынған тақырыпты басшылыққа ала отыра және істелінген жұмыстарды қорытындылай келе өзін-өзі бағалай білетін, шығармашылық деңгейі жоғары жан-

жақты тұлға қалыптастыра отыра, оқушының білім сапасын көтеріп, алған білімдерін өмірмен ұштастыруға бағыт беріп оқушы құзырлығын дамытуға болады.

XXI ғасыр - сандық технологиялар ғасыры. Қазіргі кезде компьютер адам өмірінің барлық саласына толық енгізілді. Сондықтан да ұстаздардың алдында тұрған ең негізгі ортақ міндет - өмірге икемделгіш, заман ағымына ілесе алатын жаңа тұлғаны тәрбиелеу. Соның бір бағыты - компьютер тілін үйрету болып табылады. Мұғалім - қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерге, мамандық шеберлігі қалыптасқан, бір уақытта педагог-психолог және оқу процесін ұйымдастырушы технолог бола білу керек.

Жаңа технологиялар педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолдануы керек. Қазіргі кезде әрбір бала дарынды, өзін-өзі дамытуға қабілетті. Оқытуда ақпараттық технологияны қолданудың түрлі әдістері бар, бірақ оның ішінде ең қарапайымы Microsoft PowerPoint бағдарламасы арқылы дайындалатын көрмелер. Бұл жерде компьютер әрі тақта, әрі оқулық, әрі дидактикалық материалдың рөлін атқарады. Жаңа технологиялар оқушыларды оқытуда инновациялық әдістер мен құралдарды пайдалану есебінен білім сапасын көтеруге, жұмылдыруға, адаптацияға, ойлау қабілетін негіздеуге септігін тигізеді. Сабақ кезінде слайдтарды (PowerPoint) пайдалану дәстүрлі әдістермен салыстырғанда сабақтың динамикасын, көрнекілігін, ақпараттың өте жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, математикаға деген қызығушылығын арттырады. Сабаққа дайындық барысында электрондық оқулықтар, Internet желісінің ақпараттар қолданамын.

Заман ағымына қарай күнделікті сабаққа интерактивті тақтаны мынандай кезеңдерге пайдаланымын:

Жаңа тақырыпты өту барысында дәлелдеулер, кейбір есептерді "кілт" ретінде шығару жолдарын, сызбаларды, графиктерді слайдқа жазып көрсету уақытты үнемдесе, әрі оқушының қызығушылығын арттырады:

Слайдты пайдалану сабақ процесінің төмендегідей кезеңдерінде маңызды:

- Үй тапсырмасын тексеру барысында;
- Өзіндік, бақылау жұмыстарын өткізу барысында;
- Тест арқылы тексеру барысында;
- Сергіту кезеңі - сөзжұмбақтар, ребустар шешу барысында;
- Ойын өткізу;
- Бекіту, пысықтау кезеңінде;

- Электрондық оқулықты пайдалану кезеңінде.

Ақпараттық технология құралдарын математика пәнінде пайдалану оқушының шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әсері мол. Сабақты түсіндіру барысында мұғалім тақтаның алдында тұрып жасырулы ақпаратты және объектілерді көрсете алады және өзгертеді. Тапсырманы орындау бойынша ауызша түсіндіру жүргізіледі, интерактивті тақтаны пайдалану арқылы теориялық материалдар қайталанады. Қажетті жағдайда мұғалім тақта арқылы есеп шығаруды, құрал саймандарды қолдануды көрсетіп, түсіндіреді. Сабақтың соңында қолданылған материалды есте сақтап, қажет жағдайда қайталап қолдана алады. Сонымен, интерактивті тақта оқушылардың ойын бір ортаға жинақтап, қажетті ақпаратты өңдеу арқылы жалпыланған біліктілікті қалыптастыратын тиімді құрал болып табылады.

Технологияны пайдаланудың төмендегідей артықшылығы бар: білім мазмұнын заман талабына сай болуы, болашақта қажетті білімді толығымен алу, білімді өздігімен меңгеру, өзін-өзі бағалай алуы, өз күшіне сенімділіктің болуы, өз жетістігін көре алуы, оқушыны ізденіске, шығармашылыққа бағыттайды. Елбасы атап көрсеткендей «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте-мөте қажет» - жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісіне оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Іс тәжірибемде ақпараттық технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық даралығын қалыптастыру үшін сабақта төмендегі іс-шараларды қолданудың маңызы зор екенін байқадым.

Біз жаңа технологиялық тасқынның куәгері болып отырмыз. Қазір ғылыми-техниканың, өркениеттің даму заманы, компьютерлендіру заманы. Компьютер мен интернет, жаңа байланыс құралдары, ғылыми жаңалықтар, осының бәрі оқушылардың ой-өрісіне әсерін тигізеді. Ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін қолдану оқушылардың қазіргі заман талабына сай білім алуына, білім сапасын көтеруге тікелей әсер етеді. Ал білім сапасын жоғарылату, құзыретті оқушы тәрбиелеу - барлық мұғалімдерді толғандыратын маңызды мәселе.

Қазіргі кездегі білім берудегі мұғалімнің мақсаты білім мазмұнын игеруге және оны өзінің жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы берілген мүмкіндіктерді қолдану болып саналады.

Енді білім берудегі құзырлылық тәсіл, мектеп түлегінің негізгі құзырлылығы мәселесі төңірегінде нақтырақ тоқталып кетсек, қазіргі кезде педагогика мен психология саласында “құзырлылық” ұғымының жалпы қабылданған түсіндірмесі әлі қалыптаспаған. Ғылыми еңбектерде “құзырлылық” пен “құзыреттілік” ұғымдарына түрліше мағына беріліп жүр. Шетелдік түсіндірме сөздіктерде

“құзырлылық” ұғымы құзыреттілікті меңгеруші ретінде қарастырылады. “Құзыретті” сөзі французша “заңға сай”, латынша “талап қою”, ағылшынша “қабілетті” мағынасын білдіреді. Шетелдік ғалымдар құзыреттілік ұғымына білім, біліктілік, білімді тәжірибеде қолдана алу, тереңдетілген білім, кәсіби біліктілік деген сияқты түсінік береді.

Сонымен құзырлылық ұғымына мынадай анықтама беруге болады: “құзыреттілік – оқудың және өздігінен білім алудың нәтижесінде қалыптасатын және адамның әлеуметтік мобилдігін анықтайтын, білім мен тәжірибеге, құндылықтар мен бейімділіктерге негізделген жалпы қабілеттіліктер”.

Бұл жайлы Б.Тұрғанбаева «... өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н.Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз - педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы ».

Құзырлылық оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір тәжірибелік және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеттілігін сипаттайды. Бұл ең әуелі, мектепте оқу үрдісі кезінде қалыптасады. Яғни оқытудағы құзырлылық тәсіл нәтижесі болып білім сапасының көрсеткіші бағаланады.

Өзінің және қоғамның мүддесіне өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру – құзыреттілік пен әрекеттілік тұрғыда жасалған іс-әрекет нәтижесінде жүзеге асады.

Бүгінгі күні мектеп түлегінің негізгі құзырлылығы төмендегідей анықталады:

1. Құндылықты – бағдарлы құзыреттілік – жасампаз қоғам өмірінде өз рөлін таба білу, азаматтық белсенділік көрсету, саяси жүйені түсініп, әлеуметтік жағдайларға баға беру.

2. Мәдениеттанымдық құзыреттілік – өз халқының және әлемдік мәдениетті түсініп, рухани келісім жүргізе алу.

3. Когнитивтік құзыреттілік – зерттеушілік дағдыларын игеруге мүмкіндік жасайтын өз әрекетіне талдау, қорытынды жасай алу.

4. Коммуникативтік құзыреттілік – байланыстың түрлі объектілерін қолдана отырып, түрлі әлеуметтік топта қарым-қатынас жасай алу, мемлекеттік және шет тілдерді меңгеру.

5. Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік – білім мен ақпаратты ақпараттық-технологиялар көмегімен жүзеге асыра білу.

6. Әлеуметтік қарым-қатынас құзыреттілігі – әлеуметтік-қоғамдық өмірде кәсіби бағдарын дұрыс таңдай алу.

7. Тұлғаның өзін-өзі дамыту құзыреттілігі – әлеуметтік-қоғамдық, өмірлік жағдайларда өз мүмкіндігін анықтап, өмірі мен ісіне жауапты қарауды, жеке және қоғам пайдасына сай шешім қабылдауды қарастырады.

Сонымен, оқу үрдісіндегі құзырлылық дегеніміз – оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешу үшін қолдана алу мүмкіндігі болып табылады.

Қазіргі кезде қоғам өмірінің ақпараттануы және компьютерлік техника құралдарының кеңінен таралуы білім берудің мазмұнына ғана үлкен әсерін тигізіп қоймайды, ол оқу-тәрбие үрдісінің нысандары мен әдістеріне де ықпал етіп отыр. Мұндай оқыту әдістері мен нысандары «білім берудегі АКТ» (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) деген атау алды.

Дәстүрлі оқытудың репродуктивті-иллюстративті технологиясы үш маңызды құраушыдан тұратыны белгілі. Олар: үйретуші, үйренуші және оқу материалы. Осы үш құраушының өзара іс-әрекеті педагогикалық үрдісті айқындайтын болса, оның негізіне осы жүйедегі үш құраушының арасындағы ақпаратпен алмасу алынады. Алайда мұндай оқытуда оқытушы оқу үрдісінің барысы туралы шағын ақпаратты ғана иеленеді де, оны жедел түрде басқара алмайды. Себебі мұндай педагогикалық жүйеде құраушылар арасындағы кері байланыс өте әлсіз немесе ол мүлдем болмайды.

АКТ мынадай өзара байланысты құраушылардан тұрады: үйретуші, тиісті бағдарламалармен қамтамасыз етілген компьютер, үйренуші және оқу материалы.

Мұндай жүйеде бірнеше құраушылардың өзара әрекеті (ақпаратпен алмасу) жүзеге асырылады.

Педагогтардың АКТ пайдалану қызметі дайындығынан мыналарды байқауға болады:

педагогтардың компьютерлік техниканы пайдалануға қызығушылықтарының артқандығы.

оқыту құралдары ретіндегі компьютерлік техниканы пайдаланудың ең маңызды психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін сақтау. Мұндай ерекшеліктерге мыналар жатады: а) осы оқыту құралын пайдаланудың педагогикалық тұрғыдан тиімділігі; б) үйренушілердің оқу-танымдық қызметін ұйымдастырудың тиімді тәсілдері (компьютерлік техниканың жеке-маңызды қызмет құрылымына кіруі, үйренуші мен компьютерлік техниканың ұтымды диалогын орнату, өзіндік қызметті дамыту арқылы оқу-танымдық қызметті жандандыру, оқу үрдісін өзбетімен бақылауды ұйымдастыру, компьютерлік техникамен өзара іс-қимыл барысында үйренушілердің шығармашылық дағдыларын қалыптастыру;)

педагогтарды жалпы мәдени, психологиялық-педагогикалық, пәндік және кәсіби-педагогикалық даярлау үрдісінде АКТ-ны кешенді пайдалану.

Ғалымдар мен зерттеушілер В.В.Семеновтың, Т.В.Васильеваның, В.В.Рубцовтың және тағы басқалардың түрлі пікірлерін зерттей келе, оқыту үрдісінде компьютер атқаратын функциялардың барлық жиынтығын екі топқа бөлуге болады:

Үйренушілердің оқу қызметіне байланысты функциялар;

Әлеуметтік маңызы бар функциялар.

Бірінші топқа мынадай негізгі функциялар жатады: коммуникативтік; танымдық, білімдік, құндылықты-бағдарлаушы, диагностикалық. Екінші топты мынадай маңызды функциялар құрайды: ізгіліктілік, басқарушылық, теңестірушілік, оңтайландырушылық, оңалтушылық, көңіл көтеруші-тыныштандырушылық.

Оқу үрдісіндегі компьютердің алатын орны үйретуші бағдарламаның типіне сәйкес айқындалады.

Бұл жағдайда оқыту жүйесіндегі негізгі байланыстарды ескерсек, оқу үрдісін ұйымдастыруда мынадай жоспарды басшылыққа алған жөн:

компьютерді пайдалану мақсаттарын айқындау;

бағдарламалық жасауды (әзірлемені) сәйкесінше таңдау;

әдістемелік көмек беретін материалдарды даярлау;

үйренушілер топтарын ұйымдастыру.

оқу кестесін құрастыру, компьютерді пайдалану уақытын бөлу;

компьютердегі бақылау жұмыстарын пайдаланып немесе компьютерден тыс бақылау жүргізе отырып, тұрақты үзіліс кезеңдерінде үйренушілерге тексерулер ұйымдастырып отыру;

енгізіліп отырған компьютерлік үйретуші бағдарламалардың табысты қолданылуын бағалап отыру;

курс бойынша қорытынды емтихан (бақылау, курстық және т.б. жұмыстар жүргізу) алу.

АКТ пайдалана отырып өткізілетін сабақты (мейлі ол қашықтықтан оқыту болсын) әдістемелік қамтамасыз етуге қойылатын негізгі шарттардың бірі оқу материалын алдын ала жоспарлау, оқу үрдісінің тиімділігін арттыру үшін бағдарламалық құралдарды пайдалану мүмкіндіктерін және оны пайдаланудың бағыттарын көрсету болып табылады.

Тәжірибе көрсеткендей, АКТ қолданудың бір шарты - сабақтарды педагогикалық бағдарламалық құралдарды пайдалану арқылы өткізу үшін онымен жұмыс жасау жөніндегі нұсқаулықтардың болуы. Үйретушінің уақыты жеткілікті және жұмысты орындауға деген тілегі болған жағдайда, ол үйретуші бағдарламаның мазмұнымен тереңірек танысып, мұндай нұсқаулықтарды өзі де құра алады:

- нұсқаулық қысқа және қарапайым болуы тиіс;

- нұсқаулықтың инварианттық және вариативтік бөлімдері болуы тиіс.

Инварианттық бөлім кез келген тапсырманы орындау үшін қажетті мәліметтерді қамтуы тиіс. Мысалы, талдамалы ұғымды енгізу үшін үйренуші берілген бағдарламалық құралға арналған математикалық ұғымдарды жазудың ерекшеліктерін білуі керек. Вариативтік бөлігі үйренушілерге нақты оқу жұмысы шеңберінде қажет болатын мәліметтерді ғана қамтуы тиіс.

Ғалымдар өз зерттеулерінде ақпараттық қоғам жағдайында педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығын қалыптастыру көрсеткіштерін төмендегідей анықтаған:

білім беру жүйесінің әлемдік ақпараттық кеңістікке саналы түрде енуін қамтамасыз ету;

ақпараттардың шексіз көлемі мен осы ақпараттарды аналитикалық түрде өңдеуді қамтамасыз етуге даярлау;

ақпараттық ортада жеке тұлғаның шығармашылық сапасын дамыту мен қалыптастыру және өзіндік ақпараттық ортаны құру дағдыларын қалыптастыру;

ақпараттық ортада коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру;

ақпараттық ортада өзара байланыс қызметтерін қалыптастыру;

ақпараттық ортада ақпаратты алу, таңдау, сақтау, қабылдау, түрлендіру, жіберу және бір-бірімен сабақтастыру мәдениеттерін қалыптастыру;

интерактивтік телекоммуникациялық технологияларды (Интернет, қашықтықтан оқыту және т.б.) қолдануға даярлау;

ақпараттық-білімдік ортаны модельдеу мен жобалау қабілетін қалыптастыру және осы дағдыны өзіндік кәсіби қызметтеріне қолдануға даярлау.

Смятских А.Л., Туркина Т.М. Формирование профессиональной компетентности студентов педколледжей. — М.: Издат. центр НОУ ИСОМ, 2003. — С.

Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. — М.: Высш. шк., — 119 с.

Прохорова М.В. Теоретические и методические основы формирования управленческой компетентности специалистов по физической культуре и спорту в условиях высшего физкультурного образования: Дис. ... д-ра пед. наук. — СПб., 1992. — 449 с.

Набиева Е.В. Формирование исследовательской компетентности студентов педагогического университета через систему спецкурсов по единой теме: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. — Иркутск, 2001. — 30 с.

Менлибекова Г.Ж. Социальная компетентность, сущность, структура, содержание // Высшая школа Казахстана. — 2001. — № 4–5.

Лукьянова М.И. Психолого-педагогическая компетентность учителя // Педагогика. — 2001. — №

Трофимова Г.А. Формирование коммуникативной компетентности у будущих учителей в условиях педагогической практики в университете: Дис. ... канд. пед. наук. — Л., 1990. — 182 с.

Панина С.А. Становление профессиональной компетентности у будущих учителей иностранных языков // Высшее образование сегодня. — 2001. — № 3. — С.

Беспалов П.В. Компьютерная компетентность в контексте личностно ориентированного обучения // Педагогика. — 2003. — № 4. — С. 41–45.

Пугачев В.П. Руководство персоналом организации. — М.: Асп. Пресс, 2000. — 54 с.

Симен-Северская О.В. Формирование педагогической компетентности специалиста социальной работы в процессе профессиональной подготовки в вузе: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. — Ставрополь, 2002. — 22 с.

Исаева Т.Е. Классификация профессионально-личностных компетенций вузовского преподавателя // Педагогика. — 2006. — №

Аганина К.Ж. Организованно-педагогические вопросы формирования ключевых компетентностей учащихся // В мире образования. — 2008. — № 1(1). — С. 7–10.

Кенжебеков Б.Т. Университет білім алушыларінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. — Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық ун-ті, 2001. — 275 б.

Қаңлыбаева Д.Т. Оқушыларға коммуникативтік құзыреттілік білім берудің негіздері // Білім әлемінде. — № 4(4). — 57–60-б.

Құдайбергенова К.С. Құзырлылық тұлға дамуының сапалық критерийі // Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі: Халықаралық ғыл. -практ. конф. материалдары. — Алматы: ББЖ КБАРИ, 2008. — 30–36-б.

17. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / Жалпы ред. басқ. А.Қ.Құсайынов. — Алматы: Мектеп, 2007. — 256 б.

18. *Ожегов С.И.* Словарь русского языка / Под ред. чл.-корр. АН СССР П.Ю.Шведовой. — 18-е изд., стереотип. — М.: Рус. яз., 1987. — 797 с.

19. *Болотов В.А., Сериков В.В.* Компетентностная модель: от идеи к образовательной программе // Педагогика. — № 10. — С. 16–21.

20. *Зимняя И.А.* Ключевые компетенции — новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. — 2003. — № 5. — С. 18–21. Электрондық оқулық. Мемлекеттік стандарт. Алматы, 2005.

22. Мектеп оқу бағдарламасы. Астана, 2018.

23. Қалым Г.М. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар // Педагогикалық альманах, 2020.

24. Қалым Г.М. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар // Педагогикалық альманах, 2011. — 1.

25. Образование и XXI век: Информационные и коммуникационные технологии. - М.: Наука, 1999. - 191 с., ил. - (Кибернетика: неограниченные возможности и возможные ограничения).

26. Педагогико-эргономические условия безопасного и эффективного использования средств вычислительной техники, информатизации и коммуникации в сфере общего среднего образования. / Разработано в Институте информатизации образования РАО под науч. рук. И.В. Роберт. // Информатика и образование, NN 4,5,7, 2000 г., 1, 2001.

27. Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы; перспективы использования. - М.: "Школа-Пресс", 1994. - 206 с.

28. Профессор Бүркіт Ә.Қ. Компьютер - оқу жүйесінде. Шымкент, 2018.

29. Профессор Бүркіт Ә.Қ. Білім беру жүйесінде мультимедиялық технологияны қолдану. Шымкент, 2019.

30. Профессор Бүркіт Ә.Қ. Оқу жүйесінде сандық технология құралдарын қолдану әдістемесі. Шымкент, 2021.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
Жалпы орта мектептегі заманауи білім беру жүйесі.....	5
Жалпы орта мектепте білім беруді ақпараттандыру.....	112
Білім беру жүйесінде цифрлық технология құралдары негізінде педагогтардың құзіреттілігін арттыру әдістемесі.....	175
Әдебиеттер.....	188

УДК: 373

ББК: 74.262.21

О:90

Авторлары:

Түркістан облысы, Сайрам ауданы, №37 жалпы орта мектебі бейіндік оқу ісі жөніндегі директор орынбасары Олжаев Ибрагимжан Ирисбекович;

Түркістан облысы, Сайрам ауданы, №67 «Көмешбұлақ» жалпы орта мектебі директорының бейіндік оқыту ісі жөніндегі орынбасары және ағылшын тілі пәні мұғалімі Созакбаева Алмаз Сейдахановна;

Түркістан облысы, Сайрам ауданы, №52 Мұстафа Өзтүрік мектебі директорының бейіндік оқыту ісі жөніндегі орынбасары және бастауыш сынып мұғалімі Молдабекова Меруерт Ергеновна.

ISBN 978 -601- 7982-36-3

«МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ» тақырыбындағы авторлық бағдарлама. *(Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, тарату және енгізу)*. Жалпы орта мектептің директорлары мен орынбасарларына арналған. Шымкент, «Жебе» баспасы. 2022 жыл. 172-бет.

Бұл авторлық бағдарламада мұғалімдердің цифрлық технологияны қолдану бойынша құзіреттіліктерін арттыру әдістемесі жайлы құнды еңбектер жазылған.

Пікір білдірушілер:

Қазақстан Педагогикалық Академиясының профессоры Бүркіт Ә.Қ.

М.Әуезов атындағы ОҚУ доценті, т.ғ.к., ҚПА мүшесі Наурызбаев Қ.К.

© Олжаев Ибрагимжан Ирисбекович
Созакбаева Алмаз Сейдахановна
Молдабекова Меруерт Ергеновна

«Жебе» баспасы, 2022 жыл

